DULATY UNIVERSITY
Taraz | since 1958

№ 1
2025

ISSN 2308-9865
e-ISSN 2959-7994

МЕХАНИКА және ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ғылыми журналы

Научный журнал

МЕХАНИКА и ТЕХНОЛОГИИ

Scientific Journal

MECHANICS & TECHNOLOGIES

«Механика және технологиялар» журналы:

Ұлыбританияның Инжиниринг және технологиялар институтының Physics, Electronics and Computing (INSPEC DIRECT) ақпараттық қызметінің рефераттық дерекқорына кіреді.

http://inspecdirect-service.theiet.org/private/home.aspx

РИНЦ ғылыми дәйексөз Ресей ұлттық библиографиялық дерекқорында тіркелген.

http://elibrary.ru/project_risc.asp

Жыл	*Импакт-фактор*
2016	*0,011*
2017	*0,032*
2018	*0,040*
2019	*0,028*
2020	*0,034*

Қазақстандық дәйексөз базасы бойынша импакт-факторы бар:

Жыл	*Импакт-фактор*
2015	*0,030*
2016	*0,011*
2017	*0,053*
2018	*0,054*
2019	*0,042*
2020	*0,088*

http://www.nauka.kz/page.php?page_id=794&lang=1#

ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК басылымдарының тізбесіне келесі ғылыми бағыттар бойынша енгізілген (12.07.2024 ж. №603 бұйрық):

- құрылыс технологиялары;
- жеңіл өнеркәсіп технологиялары;
- химиялық технологиялар;
- тамақ өнімдерінің технологиялары.

CrossRef – халықаралық DOI қорының Цифрлық нысандар идентификаторларын тіркеу ресми агенттігіне енгізілген.

https://www.crossref.org/

Журналдың жазылым индексі: 74714 («Қазпошта» АҚ-«Пошталық қызмет»)

Журнал «Механика и технологии»:

Входит в реферативную базу данных Information Service for Physics, Electronics and Computing (INSPEC DIRECT) Института Инжиниринга и Технологий Великобритании.

http://inspecdirect-service.theiet.org/private/home.aspx

Зарегистрирован в российской национальной библиографической базе данных научного цитирования РИНЦ

http://elibrary.ru/project_risc.asp

Год	*Импакт-фактор*
2016	*0,011*
2017	*0,032*
2018	*0,040*
2019	*0,028*
2020	*0,034*

АО "Национальный центр государственной научно-технической экспертизы"

Имеет импакт-фактор по Казахстанской базе цитирования:

Год	*Импакт-фактор*
2015	*0,030*
2016	*0,011*
2017	*0,053*
2018	*0,054*
2019	*0,042*
2020	*0,088*

http://www.nauka.kz/page.php?page_id=794&lang=1#

Комитет по обеспечению качества в сфере науки и высшего образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Включен в перечень изданий КОКСНВО МНВО РК по следующим научным направлениям (приказ №603 от 12.07.2024 г.):

- строительные технологии;
- технологии легкой промышленности;
- химические технологии;
- технологии в сфере продуктов питания.

Интегрирован в Crossref – официальное агентство регистрации Цифровых Идентификаторов Объекта международного DOI фонда.

https://www.crossref.org/

Подписной индекс журнала: 74714 (АО «Казпочта»-«Почтовый сервис»)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«М.Х. ДУЛАТИ атындағы
ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ»
КЕ АҚ

МЕХАНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ғылыми журнал

1994 жылдың қаңтарынан бастап шығады

Жылына төрт рет шығады

ISSN 2308-9865
e-ISSN 2959-7994

№ 1 (87)
Қаңтар-наурыз
2025 ж.

Бас редактор И.И. Бекбасаров

Редакция алқасы: Н.А. Абиев, Б. Абзалбекұлы, Н.С. Амирова, С. Әлтайұлы, И.И. Бекбасаров, И.С. Бровко, Ю.Л. Винников, Ж.К. Гафуров, А.С. Жакулин, А.Ж. Жусупбеков, М.Т. Кейкиманова, О. Крейчи, Э.М. Мамбетов, Ж.Н. Молдамуратов, М.М. Мукимов, Чен Йе Нг, А. Нурлыбаева, Г.Е. Омарова, С.А. Орынбаев, А.В. Пилягин, А.А. Сагындыков, Х.Р. Садиева, М.П. Саинов, Н.А. Смирнова, Б.Ж. Унайбаев, А.А. Чуркин, Я. Шульц

Корректор және компьютерлік беттеу Ж.К. Боркулакова

Редакция мекен-жайы:
080000, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 60.
Тел.: 8 7262 45-35-10, факс: 8 7262 43-24-02.
https://mit.dulaty.kz E-mail: mit@dulaty.kz

Тіркеу куәлігі №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013), №KZ93VPY00027164 (23.09.2020), №KZ79VPY00113746 (28.02.2025).

Басуға қол қойылған күн 30.03.2025. Форматы 70×180/16. Шартты баспа табағы 48,28. Тираж 300 дана. Тапсырыс 128.

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің «Dulaty University» баспасы. 080000, Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов көшесі, 11.

© М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, 2025

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

НАО
«ТАРАЗСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени М.Х. ДУЛАТИ»

МЕХАНИКА И ТЕХНОЛОГИИ

Научный журнал

Издается с января 1994 года

Выходит четыре раза в год

ISSN 2308-9865
e-ISSN 2959-7994

№ 1 (87)
Январь-март
2025 г.

Главный редактор И.И. Бекбасаров

Редакционная коллегия: Н.А. Абиев, Б. Абзалбекұлы, Н.С. Амирова, С. Әлтайұлы, И.И. Бекбасаров, И.С. Бровко, Ю.Л. Винников, Ж.К. Гафуров, А.С. Жакулин, А.Ж. Жусупбеков, М.Т. Кейкиманова, О. Крейчи, Э.М. Мамбетов, Ж.Н. Молдамуратов, М.М. Мукимов, Чен Йе Нг, А. Нурлыбаева, Г.Е. Омарова, С.А. Орынбаев, А.В. Пилягин, А.А. Сагындыков, Х.Р. Садиева, М.П. Саинов, Н.А. Смирнова, Б.Ж. Унайбаев, А.А. Чуркин, Я. Шульц

Корректор и компьютерная верстка Ж.К. Боркулакова

Адрес редакции:
080000, г. Тараз, ул. Толе би, 60.
Тел.: 8 7262 45-35-10, факс: 8 7262 43-24-02.
https://mit.dulaty.kz E-mail: mit@dulaty.kz

Свидетельство о регистрации №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013), №KZ93VPY00027164 (23.09.2020), №KZ79VPY00113746 (28.02.2025).

Подписано в печать 30.03.2025. Формат 70×180/16. Усл. печ. л. 48,28. Тираж 300 экз. Заявка 128.

Издательство «Dulaty University» Таразского университета им. М.Х. Дулати. 080000, г. Тараз, ул. Ы.Сулейменова, 11.

© Таразский университет имени М.Х. Дулати, 2025

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGH EDUCATION
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

M.Kh. DULATY
TARAZ UNIVERSITY

MECHANICS & TECHNOLOGIES

Scientific Journal

Published since January 1994

Published four times a year

ISSN 2308-9865
e-ISSN 2959-7994

No. 1 (87)
January-March
2025

Editor in chief I.I. Bekbasarov

Editorial board: N.A. Abiev, B. Abzalbekuly, N.S. Amirova, S. Altayuly, I.I. Bekbasarov, I.S. Brovko, Chen Ye Ng, A.A. Churkin, J.K. Gafurov, A.S. Zhakulin, A.J. Zhusupbekov, M.T. Keikimanova, O. Krejci, E.M. Mambetov, Zh.N. Moldamuratov, M.M. Mukimov, A. Nurlybayeva, G.E. Omarova, S.A. Orynbayev, A.V. Pilyagin, A.A. Sagyndykov, Kh.R. Sadieva, M.P. Sainov, J. Schulz, N.A. Smirnova, B.Zh. Unaibayev, Yu.L. Vinnikov

Press-corrector and computer page makeup Zh.K. Borkulakova

Editorial address:
080000, Taraz, Tole bi street, 60.
Tel.: 8 7262 45-35-10, fax: 8 7262 43-24-02.
https://mit.dulaty.kz E-mail: mit@dulaty.kz

Registration certificate №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013), №KZ93VPY00027164 (23.09.2020), №KZ79VPY00113746 (28.02.2025).

Signed in print 30.03.2025. Form 70×180/16. Cond. print. sh. 48.28. Edition 300 copies. Application 128.

Printing House «Dulaty University» of M.Kh. Dulaty Taraz University.
080000, Taraz, Suleimenov street, 11.

© M.Kh. Dulaty Taraz University, 2025

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ТЕХНОЛОГИИ ПРОДУКТОВ ПИТАНИЯ

FOOD TECHNOLOGIES

Нұрдәулет С., Уажанова Р.У., Ержигитов Е.С.
ИЛУ-10 электрондық үдеткішпен өңдеген құс етінің микробиологиялық көрсеткіштерін талдау 10

Әбіш А.М., Байысбаева М.П.
Зығыр тұқымы және борай ұнын ашытқысыз қара бидай-бидай нанының рецептурасына қосудың тиімділігі 17

Jumabekova G., Serikkyzy M., Serikbaeva A., Sengirbekova L., Tokanova Zh.
Goji berries as a functional additive in the production of semi-smoked sausages 25

Солтыбаева Б.Е., Шамбетова И.Б.
Бүтін дәнді бидай ұнын пайдаланып крекер технологиясын жасау 33

Ермекбаев С.Б., Әлтайұлы С.
Бидайдың өнген дәндерін ыстық ауамен және асқын жоғары жиіліктегі электромагниттік өрісте өңдеуді салыстырмалы бағалау 41

Саидов А.М., Калитка Д.А., Аманжол Б., Есеева Г.К., Балгужинова Ж.Е.
Матча шайының бисквит жартылай фабрикатының антиоксиданттық белсенділігіне әсері 49

Смағұл Ж.Е., Сыздыкова Л.С., Тлевлесова Д.А., Абдиева К.М., Сабит Р.
Бақша дақылдарынан алынған ұзақ сақталатын кондитерлік өнімдердің сапа көрсеткіштерін зерттеу 63

Маликтаева П.М., Саржанова К.Ш., Мынбаева А.Б., Умирбаева Ш.Д.
Ашымықтың қышқылдық санын анықтау 74

Саржанова К.Ш., Маликтаева П.М., Боранкулова А.С.
Дәннің бетін өңдеу технологиясын жетілдіру негізінде нанның микробиологиялық қауіпсіздігін арттыру 80

Боранкулова А.С., Умирбекова А.С., Садыбаев А.К., Алашбаева Л.Ж., Солтыбаева Б.Е., Ержанова М.Е.
Жамбыл облысында өсірілген отандық сұрыпты бидайлардың физика-химиялық құрамын және технологиялық қасиеттерін зерттеу 88

Каимбаева Л.А., Исембердиева Н.Б., Узаков Я.М., Кененбай Ш.Ы., Сулейменова Ж.М., Есенгазиева А.Н.
Исследование пищевой ценности и антиоксидантных свойств свекольной муки для производства рыбного корма 97

Оспанов А.Б., Загорска Е., Тлевлесова Д.А., Макеева Р.К., Мамбешова А.Т.
Разработка творожных изделий на основе овечьего молока с добавлением фруктов для детского питания 105

Аубакирова Г.Е., Еріш Н.А., Бекмухамбетова Ж.К., Төлеміс Т.С.
Қызылша шырынын қолданып жасалатын макарон өнімдерінің технологиясы 112

Мынбаева А.Б., Садибаев А.К., Маликтаева П.М., Умирбекова А.С.
«Талқан-Үлпек» ұлттық өнімінің рецептурасын оңтайландыру 121

Жалилова А.Б., Кудайбергенова А.К., Сариева Г.Е.
Содержание витаминов и кальция в плодах диких ягодных культур Иссык-Кульской области Кыргызстана 129

Хамитова Б.М., Тасполтаева А.Р., Сайдиганиева Н.И.
Мисцелладағы мақта майын аралас әдіспен тазарту арқылы алынған соапсток құрамы мен оны шаю суының ерекшеліктері 139

Аблаева А.А., Тлевлесова Д.А., Хамитова Б.М., Азимова С.Т., Есенгазиева А.Н.
Разработка функциональных батончиков на основе злаков и фруктового пюре: анализ характеристик 148

Тапалова А.Б., Тултабаева Т.Ч., Имангалиева Ж.К., Өмірзақ Е.Ғ.
Оценка биологической ценности йогурта из смеси растительного и коровьего молока 156

ҚҰРЫЛЫС ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

СТРОИТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

CONSTRUCTION TECHNOLOGIES

Evdokimov S.V.
Comparative analysis of power testing methods of hydroelectric power plant units 167

Sagyndykov A., Suleimenov Zh.T., Bayalieva G.M., Eskermesov Zh.E., Karabaev N.T., Iglikov A.A.
Modified sulfur concreteswith phosphoric slag filler 171

Артыкбаев Д.Ж., Бесбаев Г.А., Абдикерова У.Б., Икрамов И.Г., Қаршыға Г.О.
Анализ факторов сейсмической опасности для гидротехнических сооружений в Южном Казахстане 180

Калиева Ж.Е., Ерланұлы Е., Мәжит Д.Е., Орынбай Е.Р., Қожас А.К.
Керамикалық кірпіш өндірісінде купершлакты қолдану: қасиеттері мен құрылымын талдау 191

Omarov Zh., Tleulenova G., Makashev K., Zhukenova G., Abdrakhmanova K.
Energy-efficient technologies for the use of structures and composite materials of wood waste 200

Кожакулов Н.К., Копжасаров Б.Т., Моминова С.М., Дуйсенбаева С.Т., Копжасарова Г.Т.
Волластонит – ортофосфор қышқылы – гипс жүйесіндегі материалдың кеуекті құрылымын зерттеу 209

Байтемиров М.Н., Бекбасаров И.И., Егембердиева С.Ш., Кушкимбаева Б.Ж., Атенов Е.И., Шаншабаев Н.А.
Влияние жесткости подземной части здания на деформируемость основания на примере строящихся зданий школ в с. Аксу и г. Шымкент Туркестанской области 219

Бекбасаров И.И., Атенов Е.И., Шаншабаев Н.А.
Об обеспечении сейсмической безопасности г. Тараза 231

ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ХИМИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ

CHEMICAL TECHNOLOGIES

Azimov A., Bolysbek A.A., Iztleuov G.M., Shirinov Sh.D.
Study of chemical technology for the production of High-Swelling Polymer Hydrogels (HSPH) 241

Elyazov I.
Production of antiseptic boric acid 251

Тулеуов Р.М., Сырманова К.К., Арсланов Ш.С., Калдыбекова Ж.Б.
Модифицирленген битум эмульсиясының физика-механикалық қасиеттерін жақсарту 255

Акилов Т.К., Исабаев Н.Н., Ашанбаева Р.Р., Кадирбеков А.А., Имангалиев Т.А., Туракулов Б.Б.
Разработка водорастворимых полимеров на основе госсиполовой смолы 268

Kenzhebekov D.M., Khussanov A.E., Iristaev I., Zholshybek A., Janabayev D.
Generation and configurationof a heat exchanger model grid for CFD modeling in comsol multiphysics 279

Kudaibergenova R.M., Baibazarova E.A., Ismayl A.T., Botashev Ye.T., Bulekbayeva B.
The effect of polyelectrolytes obtained on the basis of allyl alcohol and acrylic acid derivatives on the stability of bentonite hydrodispersion 286

Khabashova A.U., Nurlybayeva A.N., Kanatbek U.G., Kuanyshbek A.A., Kurtebayeva A., Orynbayev S., Helder T.G., Kalmakhanova M.S.
Development of new materials based on agro-industrial waste for the storage of a permeable reactive barrier 295

Жарлыкапова Р.Б., Бейсекина Д.С., Губарева А.С., Нурлыбаева А.Н., Булекбаева К.Б., Боташев Е.Т.
Исследование стоматологических полимеров методом инфракрасной спектроскопии 305

Жумажанов А.Н., Азимбекова К.М., Мансуров З.А., Хамитова К.К., Казакбаев С.Т., Нуртазин С.Т., Досжанов Е.О.
Альтернативные источники целлюлозы: перспективы использования кукурузных отходов и волластонита в производстве картона 312

Seitzhapar Zh.K., Nurlybayeva A.N., Sadiyeva Kh.R., Seitbekova G.A., Bulekbayeva K.B., Botashev Ye.T.
Determination of the enthalpy of combustion of dimethyl sulfoxid 325

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ТЕХНОЛОГИИ ЛЕГКОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ

LIGHT INDUSTRY TECHNOLOGIES

Бегешова У.Н., Ешжанов А.А., Абзалбекулы Б.
Маркетинговое исследование по улучшению тканей и функциональных характеристик спецодежды для строителей на примере ТОО «МТС» компании ЛТД 332

Келесова У.С., Жаппарова А.К.
Балалар киімдерін эргономикалық жобалаудың өзекті міндеттерін зерттеу 342

Ешжанов А.А., Әбихан Ш.М., Мурзабаева Г.К., Ермеков С.Р.
Матаны көбіктелген кешенді аппреттермен аппреттеудің тиімділігін зерттеу 350

Jurinskaya I., Tashmukhanbetova I.
Investigation of pilling and stretchability of double-layer knitted structures produced from natural and chemical yarns 359

Абдикаева А.К., Смайлова У.У., Жарқымбекқызы Г.
Эргономическая оценка статического соответствия швейных изделий ... 371

Касымова Г.А., Баданов К.И., Тогатаев Т., Баданов И.К., Рахманова Ж.С., Баданова Р.Р.
Синтетикалық сополимерлердің су дисперсиясына негізделген пигменттермен тоқыма материалдарына басу технологиясының ерекшелігі 380

Баданов К.И., Тогатаев Т., Касымова Г.А., Баданов И.К., Рахманова Ж.С., Манапбаева У.Е., Баданова Р.Р.
Текстиль материалдарын пигментті басып шығарудағы баспа композицияларының реологиялық көрсеткіштері 393

Байдильдаева А.К., Тюркоглу Г.Д., Джиембетова И.С., Джумабекова Г.Б., Абзалбекұлы Б.
Табандарының патологиялық ауытқулары бар адамдардың аяқ киім материалдарының антимикробтық қасиеттерін зерттеу 401

Бейсен Б.А., Талғатбекова Ж.А., Омарбекова М.Т., Данадилова Е.Ж.
Бұйымдардың пішініне әсер ететін фактуралы материалдардың ерекшеліктерін зерттеу 408

Шәкір К.Е., Талгатбекова А.Ж., Данадилова Ж.Е.
Арнайы жасақ қызметкерлерінің далалық формасын талдау 418

Ризабекова Ә.Ж., Талгатбекова А.Ж., Шильдебаева Л.К.
Теміржол көлігінің әскерилендірілген күзетінің арнайы киімдерін жобалау 427

Рубаненко Е.А., Жилисбаева Р.О., Құрманғали А.Д., Шильдебаева Л.К.
Разработка новых пакетов материалов для боевой одежды пожарного 436

Джанпаизова В.М., Аширбекова Г.Ш., Тлеубаева Б., Бекмуратова З.Т., Туракулов Б.С.
Исследование свойств трикотажных перевязочных материалов, модифицированных оксидом цинка 446

Мэлс М.Д., Сарттарова Л.Т.
Балалар аяқтарының дамуына аяқ-киімнің әсерін және құрылымын зерттеу 457

Ulug‘muradov Kh.Yu., Muxametshina E.T., Altmishov B.S., Muradov R.M.
Conducting experiments by installing a different mesh surface on laboratory equipment that cleans from small impurities 470

МЕХАНИКА

MECHANICS

Бижигитов Т., Аманбаева А.Н.
1h мұз модификациясының жоғарғы қысым мен төменгі температуралардағы серпімділік және жылулық қасиеттерін зерттеу 477

Сағындықов Б.
Серпімді толқынның жылдамдығының ньютондық емес сұйықтың температурасына тәуелділігін зерттеу 485

Абдлахатова Н.Ш., Жүсіп Т.С., Әрпіш А.Ә.
Методы анализа и управления ламповых генераторов для электротермии 494

Myasnikov A.A.
Study of load distribution between rolling body 503

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

INFORMATION TECHNOLOGIES

Сұлтанбекұлы Д., Науменко В.В.
Жеке білім беру траекториясы АТ мамандарын оқытуда қолданылуы 512

Кудрявцев С.С., Емелин П.В., Козлов В.Н., Кожанов М.Г., Нургалиева А.Д., Рахимберлина А.А.
Современные тренды в разработке автоматизированных информационных систем по оценке риска аварий, производственного травматизма и профессиональных заболеваний 520

Войджик В.
Математическое моделирование распределения информационных ресурсов в IP- и MPLS-сетях 531

Krahmaleva Yu.R.
Computation of the best standard deviation by Lejandre polynomials in a computer mathematics system 541

ҒТАМР 65.59.17

С. Нұрдәулет[1] – *негізгі автор*, ©
Р.У. Уажанова[2], Е.С. Ержигитов[3]

[1]Докторант, [2]Техн. ғылым.д-ры, профессор,
[3]Ауыл шаруашылығы ғылым. канд., доцент

ORCID *[1]https://orcid.org/0000-0001-8707-2477 [2]https://orcid.org/0000-0002-5156-5322*
[3]https://orcid.org/0000-0003-2811-5910

[1,2,3]Алматы технологиялық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

@ *[1]Sunkar.nurdaulet@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/DDFB5762

ИЛУ-10 ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮДЕТКІШПЕН ӨҢДЕГЕН ҚҰС ЕТІНІҢ МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

Аңдатпа. Бұл зерттеуде құс етінің микробиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ИЛУ-10 электронды радиациялық үдеткішін қолдану тиімділігі зерттелді. 2 кГр, 4 кГр, 6 кГр, 8 кГр дозаларында сәулелендірудің *Escherichia coli, Salmonella spp., Listeria monocytogenes* сияқты патогенді микроорганизмдерге әсері талданды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сәулелендіру дозасы артқан сайын микробиологиялық ластану деңгейі айтарлықтай төмендеді, әсіресе 6-8 кГр дозаларында патогендердің толық жойылуына жақын нәтижелер байқалды. Сонымен қатар, радиациялық өңдеудің құс етінің сақтау мерзіміне оң әсері анықталды. Бұл зерттеу электронды сәулелендіру технологиясының құс өнімдерінің микробиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі тиімділігін көрсетеді және оны өнеркәсіптік қолдану мүмкіндіктерін айқындайды.

Тірек сөздер: құс еті, ИЛУ-10 электронды үдеткіш, микробиологиялық көрсеткіш, қауіпсіздік, сақтау.

Нұрдәулет, С. ИЛУ-10 электрондық үдеткішпен өңдеген құс етінің микробиологиялық көрсеткіштерін талдау [Мәтін] / С. Нұрдәулет, Р.У. Уажанова, Е.С. Ержигитов // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №1(87). – Б.10-16. https://doi.org/10.55956/DDFB5762

Кіріспе. Қазақстандағы құс шаруашылығы елдің ауыл шаруашылығы экономикасына айтарлықтай үлес қосып, қарқынды дамып келе жатқан сала болды. Бұл өсім құс еті мен жұмыртқасына ішкі сұраныстың артуы, ауыл шаруашылығы технологияларының жетілдірілуі және мемлекеттік қолдау саясаты есебінен болды [1].

Тамақ өнеркәсібінде құс етінің қауіпсіздігі мен сапасы патогендік микроорганизмдердің ықтимал болуына байланысты бірінші кезекте маңызды болып табылады. Термиялық пастерлеу сияқты ет қауіпсіздігін қамтамасыз етудің дәстүрлі әдістері кейде еттің тағамдық және сенсорлық қасиеттерін бұзуы мүмкін. Жаңадан пайда болған балама тағам өнімдерін залалсыздандырудың термиялық емес құралдарын ұсынатын электронды сәулелік (электрондық сәуле) сәулеленуді пайдалану болып табылады. ИЛУ-10 электронды үдеткіші осы саладағы перспективті технология болып

табылады. Бұл мақалада құс етін радиациялық өңдеуде ИЛУ-10 электронды үдеткішін қолдану зерттеледі және оның микробиологиялық көрсеткіштерге әсері зерттеледі [2,3].

ИЛУ-10 – радиациялық өңдеудегі қолданбаларға арналған өнеркәсіптік электронды үдеткіш. Ол тамақ өнімдеріне енетін, микроорганизмдердің ДНҚ-сын бұзатын және оларды белсенді емес ететін жоғары энергиялы электрондарды генерациялау арқылы жұмыс істейді. ИЛУ-10 негізгі ерекшеліктері мыналарды қамтиды:

– жоғары ену қуаты: тамақ өнімдерінің көп мөлшерін өңдеуге қабілетті;

– реттелетін қуат деңгейлері: тағамның әртүрлі түрлеріне және ластану деңгейлеріне тән арнайы өңдеулерге мүмкіндік береді;

– тиімділік: микробтардың тұрақты азаюын қамтамасыз ете отырып, жылдам және біркелкі сәулеленуді қамтамасыз етеді [4].

Құс етін радиациялық өңдеуде әсіресе *Salmonella, Campylobacter* және *Listeria* сияқты қоздырғыштармен инфекцияға сезімтал. Бұл бактериялар денсаулыққа айтарлықтай қауіп төндіреді және олардың құс өнімдерінде болуы тағамдық ауруларға әкелуі мүмкін. ИЛУ-10 электронды үдеткішін радиациялық өңдеуде қолдану бұл микробтық жүктемелерді жылуды қажет етпей-ақ айтарлықтай азайтады, осылайша ет сапасын сақтайды [5].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Сауда нарығынан 4 кг құс еті үлгілер алынды. Үлгілер полистирол қораптарында тасымалданады. Сәулелену процесі Алматы қаласында орналасқан Ядролық Физика Институтында орындалды, сәулеленуден кейін Тамақ қауіпсіздігі ғылыми зерттеу институтының зертханасына жеткізіліп, микробиологиялық талдаулар жүргізілді.

Илу-10 электрондық үздеткішпен сәулелену. Электронды үдеткішпен сәулелену Алматы қаласында орналасқан Ядролық Физика Институтында жүргізілді. Зерттеу барысында қалыңдығы 20-дан 45 микронға дейінгі полиэтилен қаптамалары қолданылып, барлығы бес топқа бөлінді. Әр топқа электронды үдеткіштің төрт түрлі сәулелену дозасы (2 кГр, 4 кГр, 6 кГр, 8 кГр) және бақылау тобына (0 кГр) сәулеленусіз әсер қолданылды.

Микробиологиялық талдауда Мезофильді аэробты және факультативті анаэробты микроорганизмдердің санын анықтау әдісі МЕМСТ 10444.15-94, Колиформды бактерияларды (колиформды бактериялар) анықтау және санын анықтау әдісі МЕМСТ 31747-2012, Ашытқылар мен зеңдердің санын анықтау және санау әдісі МЕМСТ 10444.12-2013, *Salmonella* тұқымдас бактерияларды анықтау әдісі МЕМСТ 31659-2012, Бактерияларды анықтау әдісі *Listeria monocytogenes* ГОСТ 32031-2012 бойынша анықталады [6,7].

Salmonella тұқымдас бактерияларды анықтау әдісі. Байытылған селективті үлгіні Раппапорт-Василиадис сорпасына және Тетратионат сорпасына енгізіп, сәйкесінше 42°С және 37°С температураларда 24 сағат бойы инкубациялаймыз. Инкубация аяқталғаннан кейін алынған үлгілерді ксилоза-лизин-дезоксихолат агарына және ашық жасыл агар пластиналарына себеміз. Үлгілерді 37°С температурада 24-48 сағат бойы қайта инкубациялаймыз. Инкубациядан кейін Сальмонеллалардың типтік колонияларын визуалды түрде анықтаймыз. Болжамды колонияларды биохимиялық сынақтар арқылы верификациялап, түпкілікті растау жүргізіледі.

Колиформды бактерияларды анықтау әдісі. *E. coli* жасушаларын қалпына келтіру үшін гомогенизацияланған үлгіні 37°С температурада 24

сағат бойы инкубациялаймыз. Алдын ала байытылған селективті үлгіні 10 мл *E. coli (EC)* сорпасына енгізіп, 44,5°С температурада 24 сағат бойы инкубациялаймыз. Инкубациядан кейін байытылған үлгінің бір бөлігін Эозин-Метилен Көк (EMB) агар пластиналарына себеміз және 37°С температурада 24 сағат бойы қайта инкубациялаймыз. Металдық жасыл түсті типтік *E. coli* колонияларын визуалды түрде анықтап, биохимиялық сынақтар арқылы болжамды *E. coli* колонияларын растаймыз.

Listeria monocytogenes анықтау әдісі. Гомогенизацияланған үлгіні 30°С температурада 24 сағат бойы инкубациялап, 10 мл Фрейзер сорпасына ауыстырамыз. Үлгіні 37°С температурада 24-48 сағат бойы қайта инкубациялаймыз. Байытылған үлгінің ілмегін Оксфорд агары мен PALCAM агар пластиналарына жағып, 37°С температурада 24-48 сағат бойы инкубациялаймыз. *Listeria monocytogenes*-ке тән типтік колонияларды визуалды түрде анықтап, биохимиялық сынақтар арқылы болжамды колонияларды растаймыз [8-11].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Зерттеу барысында ИЛУ-10 электронды үдеткішімен өңделген құс етінің микробиологиялық көрсеткіштері талданды. Радиоактивті сәулелену әртүрлі дозаларда (2 кГр, 4 кГр, 6 кГр, 8 кГр) жүргізіліп, бактериялар саны мен сақтау мерзіміне әсері зерттелді. 1-кестеде мезофильді аэробты және факультативті анаэробты бактериялар санының өзгерісі көрсетілген.

Кесте 1

Мезофильді аэробты және факультативті анаэробты бактериялар санының өзгерісі

Сақтау мерзімі (тәулік)	Гигиеналық норма	Бақылау (0 кГр)	2 кГр	4 кГр	6 кГр	8 кГр
1	$1,0\times10^4$ КОЕ/г артық емес	$3,4\text{-}3,9\times10^2$ КОЕ/г	$1,9\text{-}2,1\times10^2$ КОЕ/г	$1,8\text{-}1,9\times10^2$ КОЕ/г	$4,5\text{-}5,0\times10$ КОЕ/г	$3,5\text{-}4,5\times10$ КОЕ/г
5	$1,0\times10^4$ КОЕ/г артық емес	$7,2\text{-}8,1\times10^2$ КОЕ/г	$3,7\text{-}4,1\times10^2$ КОЕ/г	$3,4\text{-}4,5\times10^2$ КОЕ/г	$5,5\text{-}6,0\times10$ КОЕ/г	$5,1\text{-}5,5\times10$ КОЕ/г
14	$1,0\times10^4$ КОЕ/г артық емес	$1,15\text{-}2,5\times10^4$ КОЕ/г	$2,5\text{-}4,1\times10^3$ КОЕ/г	$4,8\text{-}5,2\times10^2$ КОЕ/г	$6,5\text{-}7,2\times10$ КОЕ/г	$6,3\text{-}6,0\times10$ КОЕ/г

Сәулеленбеген үлгілердің бактериялармен қатты ластанғаны байқалды, сойылғаннан кейінгі мезофильді аэробты және факультативті анаэробты мәні орта есеппен $3,4\text{-}3,9\times10^2$ КОЕ/г, ал 2кГр, 4кГр, 6кГр және 8кГр дозада сәулелендіру кезінде бұл көрсеткіш $1,9\text{-}2,1\times10^2$ КОЕ/г, $1,8\text{-}1,4\times10^2$ КОЕ/г, $4,5\text{-}5,0\times10$ КОЕ/г және $3,5\text{-}4,5\times10$ КОЕ/г дейін төмендеді.

5 тәуліктен кейін бақылау тобының етінде мезофильді аэробты және факультативті анаэробты индикаторы 2,1 есе өсті, ал 14 тәуліктен кейін орташа есеппен $1,15\text{-}2,5\times10^4$ ККБ/г құрады, бұл гигиеналық нормативтер мәнінен 2 есе асып түсті.

2кГр, 4кГр, 6кГр және 8кГр дозасы бар сәулеленген ет бақылау тобындағы етінен мезофильді аэробты және факультативті анаэробты мәні айтарлықтай төмен болды және бұл көрсеткіш 5 тәуліктен кейін 1.95, 2.1, 13 және 14,4 есе, ал 14 тәуліктен кейін тиісінше 4.6, 24, 177 және 182 есе аз болды.

Salmonella, E. coli, Listeria анықталу көрсеткіштері 2-кестеде берілген. *Salmonella, Listeria* тектес бактериялардың немесе колиформды бактериялардың (колиформды бактериялар) анықталған жоқ. Осылайша, зерттеулер көрсеткендей, 2кГр, 4кГр, 6кГр және 8кГр дозада радиациялық сәулеленумен зарарсыздандырылған құс еті салқындатылған күйде 14 тәулікке дейін сақталады. 2 кГр және одан жоғары дозаларда барлық патогендік бактериялар жойылған.

Кесте 2

Salmonella, E. coli, Listeria анықталу көрсеткіштері

Патогендік бактериялар	Гигиеналық норма	Бақылау (0 кГр)	2 кГр	4 кГр	6 кГр	8 кГр
Salmonella	25,0 г рұқсат етілмейді	Анық-талмады	Анық-талмады	Анық-талмады	Анық-талмады	Анық-талмады
E. coli	кіруге рұқсат етілмейді 0,1; 0,01 г	Анық-талмады	Анық-талмады	Анық-талмады	Анық-талмады	Анық-талмады
Listeria	25,0 г рұқсат етілмейді	Анық-талмады	Анық-талмады	Анық-талмады	Анық-талмады	Анық-талмады

Зең мөлшерінің өзгерісі 3-кестеде көрсетілген. Кестеде көрсетілгендей, бақылау сынамасында (0 кГр) бактериялардың саны сақтау мерзімі ұзарған сайын жоғарылайтыны байқалды, бірақ бұл мәндер гигиеналық нормаға сәйкес, яғни 10 КОЕ/г-тан аспады. Ал сәулелену дозасының артуы (2 кГр, 4 кГр, 6 кГр, 8 кГр) бактериялардың санын айтарлықтай төмендетуге ықпал етті. Бұл нәтижелер сәулеленудің бактерияларды жоюдағы тиімділігін растайды. Сақтау мерзімі мен сәулелену дозасының үйлесімі бактериялардың санын бақылауға және құс етінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Кесте 3

Зең мөлшерінің өзгерісі

Сақтау мерзімі (тәулік)	Гигиеналық норма	Бақылау (0 кГр)	2 кГр	4 кГр	6 кГр	8 кГр
1	≤10 КОЕ/г	≤10 КОЕ/г	<10 КОЕ/г	<10 КОЕ/г	<10 КОЕ/г	<10 КОЕ/г
5	≤10 КОЕ/г	≤10 КОЕ/г	<10 КОЕ/г	<10 КОЕ/г	<10 КОЕ/г	<10 КОЕ/г
14	≤10 КОЕ/г	≤10 КОЕ/г	<10 КОЕ/г	<10 КОЕ/г	<10 КОЕ/г	<10 КОЕ/г

Қорытынды. ИЛУ-10 электронды үдеткіші зиянды микроорганизмдерді тиімді азайтуға және жоюға қабілетті құс етін радиациялық өңдеуде қуатты құрал болып табылады. 2 кГр мен 8 кГр аралығындағы дозаларды қолдану арқылы микробтық қауіпсіздікті айтарлықтай жақсартуға қол жеткізуге болады, бұл оны тамақ өнеркәсібіндегі құнды технология етеді. Одан әрі зерттеулер мен оңтайландыру қауіпсіз және жоғары сапалы азық-түлік өнімдерін қамтамасыз ете отырып, бұл технологияны кеңірек қолданбаларға бейімдеуге көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Петров, В.В. Радиационная стойкость изоляционных материалов магнитных систем ускорителей [Текст] / В.В. Петров, Ю.А. Пупков // Журнал технической физики. – 2016. – № 7. – С. 65.
2. Kundu D, Gill A, Lui C, Goswami N, Holley R. Use of low dose e-beam irradiation to reduce E. coli O157: H7, non-O157 (VTEC) E. coli and Salmonella viability on meat surfaces // Meat science. – 2014. – No. 96(1). – P. 413-418.
3. Gurler Z, Pamuk S, Yildirim Y, Ertas N. The microbiological quality of ready-to-eat salads in Turkey: A focus on Salmonella spp. and Listeria monocytogenes // International Journal of Food Microbiology. – 2015. – No. 196. – P.79-83.
4. Hadjilouka A, Andritsos ND, Paramithiotis S, Mataragas M & Drosinos EH Listeria monocytogenes serotype prevalence and biodiversity in diverse food products // Journal of Food Protection. – 2014. – No. 77(12). – P. 2115-2120.
5. Чиж, Т.В. Радиационная обработка как технологический прием в целях повышения уровня продовольственной безопасности [Текст] / Т.В. Чиж, Г.В. Козьмин, Л.П. Полякова, Т.В. Мельникова // Вестник Российской академии естественных наук. – 2011. – № 4. – С. 44-49.
6. Shin M.H., Lee J.W., Yoon Y.M., Kim J.H., Moon B.G., Kim J.H., Song B.S. Comparison of quality of bologna sausage manufactured by electron beam or x-ray irradiated ground pork // Korean J. Food Sci. Anim. Resour. – 2014. – No. 34(4). – P. 464-471.
7. Вазиров, Р.А. Радиационная поверхностная дезинфекция пищевой продукции наносекундым электронным пучком [Текст] / Р.А. Вазиров, С.Ю. Соковнин, М.Е. Балезин // Международная молодежная конференция: Современные проблемы радиобиологии, радиоэкологии и агроэкологии. – Россия, 2019. – С. 257-259.
8. Sweetie R., Kanatt Chawla S.P., Sharma A. Effect of radiation processing on meat tenderization // Radiation Physics and Chemistry. – 2015. – No. 111. – P. 1-8.
9. ГОСТ 31467-2012. Межгосударственный стандарт. Мясо птицы, субпродукты и полуфабрикаты из мяса птицы. Методы отборапроб и подготовка их к испытаниям [Текст]. – Введ. 01.07.2013. – Москва: Стандартинформ, 2019. – 6 с.
10. ГОСТ 31931-2012. Межгосударственный стандарт. Мясо птицы. Методы гистологического и микроскопического анализа [Текст]. – Введ. 01.01.2014. – Москва: Стандартинформ, 2019. – 4 с.
11. Казиахмедов, А.С. Ветеринарно-санитарная оценка качества мяса после стерилизации ионизирующим излучением [Текст] / А.С. Казиахмедов, Т.Г. Андрианова // Журнал ветеринария и кормление «Веткорм». – 2012. – № 3. – С. 37-39.

Материал редакцияға 17.06.24 түсті, 14.03.25 қабылданды.

С. Нурдәулет[1], Р.У. Уажанова[1], Е.С. Ержигитов[1]

[1]Алматинский технологический университет, г. Алматы, Казахстан

АНАЛИЗ МИКРОБИОЛОГИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ МЯСА ПТИЦЫ, ОБРАБОТАННОГО НА ЭЛЕКТРОННОМ УСКОРИТЕЛЕ ИЛУ-10

Аннотация. В данном исследовании изучена эффективность применения электронного радиационного ускорителя ИЛУ-10 для обеспечения микробиологической безопасности мяса птицы. Рассмотрено влияние облучения в дозах 2 кГр, 4 кГр, 6 кГр, 8 кГр на патогенные микроорганизмы, такие как *Escherichia coli, Salmonella spp., Listeria monocytogenes*. Результаты исследования показали, что с увеличением дозы радиационной обработки уровень микробиологического

загрязнения значительно снижался. Особенно заметен эффект при дозах 6-8 кГр, где наблюдалось практически полное уничтожение патогенов. Кроме того, установлено положительное влияние радиационной обработки на срок хранения мяса птицы. Данное исследование демонстрирует эффективность технологии электронного облучения в обеспечении микробиологической безопасности продукции птицеводства и подчеркивает её перспективы для промышленного применения.

Ключевые слова: мясо птицы, электронный ускоритель ИЛУ-10, микробиологический показатель, безопасность, хранение.

S. Nurdaulet[1], R.U. Uazhanova[1], E.S. Erzhigitov[1]

[1]Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

ANALYSIS OF MICROBIOLOGICAL INDICATORS OF POULTRY MEAT PROCESSED WITH ILU-10 ELECTRONIC ACCELERATOR

Abstract. This study examines the effectiveness of using the ILU-10 electron radiation accelerator to ensure the microbiological safety of poultry meat. The impact of irradiation doses 2 kGy, 4 kGy, 6 kGy, and 8 kGy on pathogenic microorganisms such as *Escherichia coli, Salmonella spp.*, and *Listeria monocytogenes* was analyzed. The results demonstrated that increasing the radiation dose significantly reduced microbiological contamination levels. Notably, doses of 6-8 kGy showed near-complete elimination of pathogens. Additionally, the positive effect of radiation processing on the shelf life of poultry meat was identified. This study highlights the effectiveness of electron beam irradiation technology in ensuring the microbiological safety of poultry products and emphasizes its potential for industrial application.

Keywords: poultry meat, electronic accelerator ILU-10, microbiological index, safety, storage.

References

1. Petrov V.V., Pupkov YU.A. Radiatsionnaya stoykost' izolyatsionnykh materialov magnitnykh sistem uskoriteley [Radiation resistance of insulating materials of magnetic systems of accelerators] // Journal of Technical Physics. – 2016. – No. 7. – P. 65. [in Russian].
2. Kundu D, Gill A, Lui C, Goswami N, Holley R. Use of low dose e-beam irradiation to reduce E. coli O157: H7, non-O157 (VTEC) E. coli and Salmonella viability on meat surfaces // Meat science. – 2014. – No. 96(1). – P. 413-418.
3. Gurler Z, Pamuk S, Yildirim Y, Ertas N. The microbiological quality of ready-to-eat salads in Turkey: A focus on Salmonella spp. and Listeria monocytogenes // International Journal of Food Microbiology. – 2015. – No. 196. – P.79-83.
4. Hadjilouka A, Andritsos ND, Paramithiotis S, Mataragas M & Drosinos EH Listeria monocytogenes serotype prevalence and biodiversity in diverse food products // Journal of Food Protection. – 2014. – No. 77(12). – P. 2115-2120.
5. Chizh T.V., Kozmin G.V., Polyakova L.P., Melnikova T.V. Radiatsionnaya obrabotka kak tekhnologicheskiy priyem v tselyakh povysheniya urovnya prodovol'stvennoy bezopasnosti [Radiation treatment as a technological method for improving food security] // Bulletin of the Russian Academy of Natural Sciences. – 2011. – No. 4. – P. 44-49. [in Russian].
6. Shin M.H., Lee J.W., Yoon Y.M., Kim J.H., Moon B.G., Kim J.H., Song B.S. Comparison of quality of bologna sausage manufactured by electron beam or x-ray irradiated ground pork // Korean J. Food Sci. Anim. Resour. – 2014. – No. 34(4). – P. 464-471.
7. Vazirov R.A., Sokovnin S.YU., Balezin M.Ye. Radiatsionnaya poverkhnostnaya dezinfektsiya pishchevoy produktsii nanosekundym elektronnym puchkom

[Radiation surface disinfection of food products with a nanosecond electron beam] // International youth conference: Sovremennyye problemy radiobiologii, radioekologii i agroekologii [Modern problems of radiobiology, radioecology and agroecology]. – Russia, 2019. – P. 257-259. [in Russian].

8. Sweetie R., Kanatt Chawla S.P., Sharma A. Effect of radiation processing on meat tenderization // Radiation Physics and Chemistry. – 2015. – No. 111. – P. 1-8.
9. GOST 31467-2012. Myaso ptitsy, subprodukty i polufabrikaty iz myasa ptitsy. Metody otboraprob i podgotovka ikh k ispytaniyam [Poultry meat, by-products and semi-finished products from poultry meat. Methods of sampling and their preparation for testing]. – Introduced. 01.07.2013. – Moscow: Standartinform, 2019. – 6 p. [in Russian].
10. GOST 31931-2012. Myaso ptitsy. Metody gistologicheskogo i mikroskopicheskogo analiza [Poultry meat. Methods of histological and microscopic analysis]. – Introduced. 01.01.2014. – Moscow: Standartinform, 2019. – 4 p. [in Russian].
11. Kaziakhmedov A.C., Andrianova T.G. Veterinarno-sanitarnaya otsenka kachestva myasa posle sterilizatsii ioniziruyushchim izlucheniyem [Veterinary and sanitary assessment of meat quality after sterilization with ionizing radiation] // Journal of veterinary science and feeding "Vetkorm" – 2012. – No. 3. – P. 37-39. [in Russian].

ҒТАМР 65.33.29

А.М. Әбіш[1] – *негізгі автор,*
М.П. Байысбаева[2]

[1]*Магистр,* [2]*Техн. ғылым. канд., профессор*
[1]*https://orcid.org/0009-0005-8970-9159* [2]*https://orcid.org/0000-0002-1172-9281*
[1,2]*Алматы технологиялық университеті,*
Алматы қ., Қазақстан
[1]*ayazhan.abisheva1@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/SPFA5770

ЗЫҒЫР ТҰҚЫМЫ ЖӘНЕ БОРАЙ ҰНЫН АШЫТҚЫСЫЗ ҚАРА БИДАЙ-БИДАЙ НАНЫНЫҢ РЕЦЕПТУРАСЫНА ҚОСУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа. Бұл мақалада жақсы сіңімділікке және ас қорыту процесін жеңілдетуге арналған зығыр тұқымының тұнбасы және борай ұны қосылған ашытқысыз нанның артықшылықтарын қарастырады. Заманауи қоғамда салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануға көбірек көңіл бөлу сонымен қатар, пайдалы әсер ететін өнімдерді жасау міндетін алдыға қояды. Нан өнімдеріне арналған оңтайлы отандық рецептураны табу осы процестің ажырамас бөлігі. Ашытқысыз нан технологиясын дамыту ашытқыларды қолданбай нан өнімдерін жасауға бағытталған. Зерттеу нанның қолайлы дәмі мен құрылымын қамтамасыз ету үшін сүт қышқылды бактериялар немесе ашымалдарды таңдауды қамтиды. Жұмыс зығыр тұнбасымен байытылған қара бидай ашымалы негізінде дайындалған ашытқысыз нанының рецептурасын зерттеуге және әзірлеуге арналған. Бұл тәсіл жоғары тұтынушылық қасиеті жоғары, тағамдық құндылығы, ерекше дәм мен денсаулыққа оң әсер ету әлеуетін біріктіріп, өнімді функционалды тамақтану саласында бірегей және перспективалы етеді.

Тірек сөздер: ашытқысыз нан, қара бидай ашымалы, рецептура, зығыр тұнбасы, борай ұны.

Әбіш, А.М. Зығыр тұқымы және борай ұнын ашытқысыз қара бидай-бидай нанының рецептурасына қосудың тиімділігі [Мәтін] / А.М. Әбіш, М.П. Байысбаева //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №1(87). – Б.17-24. https://doi.org/10.55956/SPFA5770

Кіріспе. Бүгінгі таңда наубайхана кәсіпорындарының алдында биологиялық белсенді заттармен байытылған, тағамдық құндылығы жоғары өнімдердің ассортиментін кеңейту, сапасын жақсарту бойынша бірқатар міндеттер тұр. Астық өнімдерін, нанның жеке сорттарын, ұнды кондитер өнімдерін, табиғи астық түрлерін тұтынушылардың басым бөлігі көптеп пайдаланады. Бидай наны және ұнды кондитер өнімдерінің барлық түрлері бидай ұнының сұрыптарынан алынатындығы белгілі, сұрыпты бидай ұны таза эндосперм бөлігінен алынатындықтан, оның құрамында ағзаға қажетті ақуыз, минерал заттар, тағамдық талшықтарға тапшы келеді. Сол себептен, бидай ұнынан алынатын нан және ұнды өнімдердің түрлерін шығарғанда

оның құрамын тапшы келетін пайдалы тағамдық заттарға байыту, ағзаға сіңімді, толық құнды ұнды өнімдерді алудың шешімі болып табылады. Ашытқысыз нанның пайдасы оның жақсы сіңетіндігі және ас қорытуды жеңілдететіндігімен негізделген. Сонымен қатар, бидай ұнының құрамындағы тағамдық заттардың төмен екенін ескере келе, құрамында ақуызға, витаминдерге бай қоспа қосуды қолдану қазіргі кездегі шешімін табу керек негізгі мәселелердің бірі [1].

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі қоғамда әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты дұрыс емес тамақтану белең алып, халықтың денсаулық ахуалының күрт төмендеуі байқалады. Осыған байланысты тұтынушылардың тобына қарай өнімдердің жекелеген рөлі зерттеліп, әртүрлі аурулардың алдын алуда олардың функционалды мүмкіндіктері қарастырылуда. Соңғы кезде салауатты тамақтанудың рационын құратын ашытқысыз нан алу және тағамдық қоспаларға деген көбірек көңіл бөлінуде. Бидай наны және ұнды кондитер өнімдерінің барлық түрлері бидай ұнының сұрыптарынан алынатындығы белгілі, сұрыпты бидай ұны таза эндосперм бөлігінен алынатындықтан, оның құрамында ағзаға қажетті ақуыз, минерал заттар, тағамдық талшықтарға тапшы келеді [2]. Сол себептен, бидай ұнынан алынатын нан және ұнды өнімдердің түрлерін шығарғанда оның құрамын тапшы келетін пайдалы тағамдық заттарға байыту, ағзаға сіңімді, толық құнды ұнды өнімдерді алудың шешімі болып табылады. Ашытқысыз нанның пайдасы оның жақсы сіңетіндігі және ас қорытуды жеңілдететіндігімен негізделген. Сонымен қатар, бидай ұнының құрамындағы тағамдық заттардың төмен екенін ескере келе, құрамында ақуызға, витаминдерге бай қоспа қосуды қолдану қазіргі кездегі шешімін табу керек негізгі мәселелердің бірі.

Қара бидай ұнынан жасалған ашымалдың артықшылығы:

Қара бидай ашымалы ішектің денсаулығына ықпал ететін пробиотиктердің бай құрамына байланысты пайдалы. Қара бидай ашымалы құрамындағы пробиотиктер ас қорытуды жақсартады, қоректік заттардың сіңуіне көмектеседі және ағзадағы қабынуды азайтады. Ашымал пробиотикалық қасиеттеріне байланысты холестерин деңгейін реттеуге көмектеседі [3].

Кейбір жағдайларда қара бидай ашымалын тұтыну иммундық жүйеге пайдалы әсерінің арқасында аллергия қаупін азайтуы мүмкін. Ғалымдар сонымен қатар ашымалды үнемі тұтыну қант диабеті және семіздік сияқты кейбір аурулардың даму қаупін азайтуға көмектеседі деп санайды. Қара бидай ашымалы құрамында В дәрумені, кальций және магний сияқты дәрумендер мен минералдар бар, олар жалпы денсаулыққа ықпал етеді. Сонымен қатар, қара бидай ұны ас қорытуды және жалпы ішек денсаулығын жақсартуға көмектесетін талшыққа бай. Онымен дайындалған тағамдардың гликемиялық индексін төмендетуі мүмкін, бұл қандағы қант деңгейін бақылау үшін пайдалы [4].

Зығыр дәні өсімдік шикізаттарының ішіндегі бағалы ингредиенттер көзі болып табылады. Зығыр дәнінің диеталық тағам ретінде қолданылуының дәлелі, оның құрамында жоғары сіңірілген өсімдік ақуызының болуы. Ақуыз құрамы зығыр дәнінде 22%, лизин бидай ұнымен салыстырғанда 5-5,3 есеге, треонин 4,5-4,6 есеге жоғары, сондай-ақ көмірсулары екі есеге төмен. Ал, тағамдық талшықтары 30%-ға дейін жоғары, минерал заттарға бай болып келеді. Зығыр дәнінің артықшылығы – рак клеткаларының қалыптасуына

ықпал ететін гормондармен бәсекелесуге қарсы күресетін өсімдік антиоксиданттарының көп болуы.

Функционалды мақсаттағы әртүрлі тағамдық қоспалардың ассортиментін алу үшін дәстүрлі емес шикізаттың ең перспективалы түрлеріне борай ұны жатады. Борай – біздің дәуірімізге дейін жеп келе жатқан пайдалы дәнді дақыл. Өткен ғасырда ол негізсіз ұмытылды, бірақ бүгінде салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды насихаттаудың арқасында бұл дақыл қазіргі бидайдың атасы, оның жабайы атасы болып табылады. Оның дәмі аздап жаңғаққа ұқсас. Бүгінгі күні наннан, түрлі кондитерлік өнімдерден, тіпті йогурттардан ботқалар ғана дайындалады. Осы маңызды ұлттық экономикалық мәселені шешу үшін борай ұнын кешенді өңдеудің ғылыми-практикалық негіздерін әзірлеу қажет.

Ашытқысыз нанның технологиялық және тұтынушылық шешімдерін талдай отырып, сипаттамалық көрсеткіштеріне сәйкес сұранысқа ие болатын жаңа отандық өнімнің рецептурасын қалыптастыру зерттеу жұмыстың өзектілігін анықтайды [5].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Бұл жұмыста қара бидай ұны (МЕМСТ 52809-2007), борай ұны, зығыр дәні отандық аудандастырылған Карабалық сорты, жаңа ашымал зерттеу нысаны болып табылады.

Зерттеу барысында зерттеу субъектісіне мыналар жатады:

– Еленген қара бидай ұны(МЕМСТ 52809-2007);
– Бірінші сұрыпты бидай ұны(МЕМСТ 26574-85);
– Борай ұны(МЕМСТ 27558-87);
– Отандық аудандастырылған «Қарабалық» сортты зығыр дәні;
– Зығыр дәні тұнбасы;
– Қара бидай ұнынан дайындалған қою ашымал;
– Зығыр дәні тұндырмасы мен борай қосылған қара бидай қою ашымалы;
– Ас тұзы;
– Бал;
– Күнбағыс тұқымы;
– Қамырдың зертханалық үлгілері;
– Пісірілген өнімдердің зертханалық үлгілері.

Осы жұмыстың мақсатына сәйкес нанның тағамдық және биологиялық құндылығын жоғарлатып диеталық мақсатта жаңа түрін алу үшін жаңа ашымал түрін таңдау мақсатында: қара бидай ашымалы, борай ұны қосылған қара бидай ашымалы, зығыр дәні тұндырмасы қосылған қара бидай ашымалы, борай ұны мен зығыр дәні тұндырмасы қосылған қара бидай ашымалы.

Борай ұны қоспасының нанының сапасына әсер етуін зерттеу үшін тиімді мөлшерін анықтау мақсатында 30, 50, 70, 100% ұн массасына шаққанда қосылған үлгілер дайындалды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Зерттеу барысында төрт түрлі ашымалдың соңғы қышқылдылығы анықталып, тұндырма қосылған үлгілерде көрсеткіштің жоғарлағаны байқалды. Бұл тұндырма қосылған ашымалда қышқылдылықтың жиналғанын білдіреді. Бұл жетістік шырышты полисахаридтерге байланысты, олар қышқыл полисахаридтерге жатады және үш жоғары молекулалық полисахаридтер қоспасы болып табылады. Ашымалдың консистенциясы, сапасы, қышқылдығы борай ұнын еленген қара бидай ұнына 50%-ға қосқанда жақсы болып, тиімді нұсқа деп таңдалды.

Ашымалдың ашығыш микрофлораларына оң әсер ететін қабілеті бар көмірсутек компоненттерінің (минералды, азотты витаминдер) бір қатарының болуы ашымалдың құрамына зығыр дәні тұндырмасын қосу есебінен технологиялық үдерсті қарқындату әдісін ұсынуға болады. Сондықтан да нанның рецептурасындағы ұнның массасына шаққанда зығыр дәні қоспасы 30, 50, 70, 100% және дайын өнімнің сапа көрсеткіштері анықталды. 30% зығыр дәні қоспасы қосылған үлгіде қамыр қоңырқай түсті, иісі және дәмі өзіне тән болды. 50%-дан жоғары зығыр дәні қосылған нұсқада түсінде өзгешелік болып, зығыр ұны қосылғаны біліне бастады. Зығыр дәні дайын өнімнің органолептикалық көрсеткіштеріне, өнімнің түсі мен дәміне айтарлықтай әсерін тигізеді. Зығыр дәні мөлшерінің жоғарылауы нәтижесінде нан үгіндісі күңгірт, сұр болады [6]. Ол зығыр ұнының әлсіз дәмі мен мен иісіне тән. Дегенмен де тағамдық және биологиялық құндылығы жоғары нан алу үшін зығыр ұнының рецептураға қосылатын мөлшерін жоғарылату мақсатында сапасы жақсы деп таңдалған ашымалдан нан дайындалды. Престелген ашытқының орнына борай ұны мен зығыр дәніне тұндырмасы қосылған қара бидай ашымалын қосып дайындалған нанның сапа көрсеткіштері 1-кестеде жазылған. Ашымалмен дайындалған дайын өнімнің зығыр дәні мөлшерінің жоғарылаған сайын қатты нашарламайтынын көрсетті. Престелген ашытқымен дайындалған нұсқада зығыр дәнінің қосылатын мөлшері 30%, ал, ашымалмен дайындалған нұсқада 50%-ға дейін қосылған сапасы жақсы нан алынды. Сонымен нанның рецептурасына қосылатын борай ұнының тиімді мөлшері ұн масссасына шаққанда 50% болды. Зығыр дәні тұндырмасы қосылған қара бидай ашымалынан дайындалған нанның сапасы борай дәнінің қосылатын мөлшеріне сапалы ашымал қосылмаған нұсқамен салыстырғанда жақсарғандығын айтуға қолады. Бұл тұндырма қосу кезінде қамырдың су сіңірімділік қабілетінің жоғарылауы дайын өнімнің дұрыс пішін беруімен жақсаратындығымен түсіндіріледі. Пішінінің дұрыс болуы тұндырмадағы қосымша ақуыздардың қамырдың су сіңірімділік қабілетін жақсартумен түсіндіріледі [7,8]. Зығыр шырышы жақсы тұтқырлық және тұрақтандырушы қасиетке ие болғандықтан жақсы көрсеткіштегі: дұрыс көлем мен қопсыған нан алуға мүмкіндік береді.

Кесте 1

Зығып тұнбасы қосылған өнімінің сапа көрсеткіштері

Көрсеткіштердің атауы	Бақылау	Зығыр дәні қоспасы мөлшері, %			
		5	10	15	20
Пішіні	Төртбұрыш, дұрыс пішінді	Төртбұрыш, дұрыс пішінді			
Нан пішінінің дұрыстығы	Жасалған нанның пішініне сәйкес, қалыпты, пішіні дұрыс				
Түсі	Сарғыш	Ақшыл-сары	Ақшыл-сұрғыш	Сарғыш-қоңыр	Сұрлау
Дәмі және иісі	Нанның өніміне тән бөгде иіс пен дәмсіз	Зығыр иісі аздап сезіледі		Зығыр дәмі мен иісі анық сезіледі	
Ылғалдылығы, %	44,0	44,0	44,0	44,0	44,0
Қышқылдылығы, град	3,0	3,2	3,5	3,2	4,0
Кеуектілігі, %	68,0	70,0	70,0	69,0	72,0

Қорытынды. Борай ұны, зығыр дәнінің тұндырмасы қосылған қара бидай ашымалында сүт қышқылды бактериялардың биомассасының

қарқынды өскендігі байқалып, ашымалда қышқылдылықтың тез жинақталуынан қамырдағы биохимиялық үдерістердің жүру жылдамдығы артып, технологиялық циклдың қысқарғаны анықталды [9]. Ұнның наубайханалық қасиетін анықтау барысында бидай ұнына борай ұны қосылып жуылған шикі желімшенің серпімділік қасиетінің жақсаруы, борай ұнының құрамындағы полиқанықпаған май қышқылдарының, ақуыз желімшесінің түзілу үдерісіне байланысты су сіңірімділік қабілетінің жоғары болуынан ұн күшінінің жақсарғаны анықталды. Ұнның газ түзілу қабілетіне зығыр ұны құрамындағы қанттардың, аминқышқылдарының мөлшері, крахмал түйіршіктерінің ұсақ болуы оң әсер етіп ферменттермен байланысы тездетіліп, қамырдың өте қарқынды ашуынан бірінші сұрып бидай ұнымен салыстырғанда бөлінетін көмірқышқыл газының мөлшерінің 46%-ға жоғарылағаны анықталды. 2-кестеде жартылай фабрикаттың сапа көрсеткіштеріне борай ұнының әсер етуі келтірілген.

Кесте 2

Жартылай фабрикаттың сапа көрсеткіштеріне борай ұнының әсер етуі

Көрсеткіштер	Бақылау нұсқасы	Борай ұнының мөлшері, %			
		30	50	70	100
Көзмөлшерлік көрсеткіштері					
Түсі	Қою-қоңыр	Қою-қоңыр	Қоңыр	Ақшыл-қоңыр	Ақшыл-қоңыр
Иісі	Спиртті	Спиртті	Спиртті	Спиртті	Спиртті
Консистенциясы	Қою	Қою	Қою	Қою	Қою
Физикалық-химиялық көрсеткіштері					
Ылғалдығы, %	35,0	34,0	36,5	43,0	43,5
Қышқылдығы, град	8	8	10	6	6
Температурасы, ºС	27-28	27-28	27-28	27-28	27-28

Бидай ұнынан жасалған қамыр күрделі гетерогенді коллоидты дисперсті жүйеден тұрады. Қамырға әр түрлі қоспалар, жақсартқыштар қосқанда, оның реологиялық қасиеті жақсарады немесе нашарлайды. Қамырда оның құрылысы мен механикалық қасиетін өзгертетін физика-химиялық және биохимиялық процестер белсенді жүреді. Қазіргі кезде физикалық дененің, қамырдың деформациясын және коллоидты дисперсті жүйесін реологиялық әдіспен бақылайды. Бұл жұмыста қамырдың реологиялық қасиетін анықтау үшін арнайы қондырғы «Структурометр-СТ2» қолданылды. Осы қондырғыда қамырдың реологиялық қасиеті оның серпімді созылғыш деформациясының қатынасы арқылы режимін таңдау арқылы анықталды [10].

Бақылау үлгі ретінде қоспа қосылмаған бидай наны рецептурасы бойынша иленген қамыр сынамасы анықталды. Бақылау үлгіде қамырды илеп болған соң 148 мм созылғыштық шегіне жетіп серпілсе, ашып болған соң бұл көрсеткіш бойынша деформация қатынасы 217 мм көрсетті. 30% борай ұны қосылған қамырдың илеп болған соң және ашығаннан кейінгі деформация қатынасы 162 мм және 223 мм, 50% борай ұны қосылғанда бұл көрсеткіш сәйкесінше 190 мм мен 199 мм болды. Осы қисық сызықтан қамырдың серпімді созылғыштық деформациясы қатынасы қамырды илеп болған соң бірден анықтағанда борай ұнының қосылатын мөлшеріне қарай жоғары көрсеткіште болды, қамырдың созылғыштығы серпімділігімен салыстырғанда төмен, демек қамыр серпімді, деформациялануға көп күш

жұмсалатын көруге болады. Ал, ашып болған соң анықталған үлгілерде қамырдың созылғыштығы серпімділіктен жоғары, деформацияланға аз күш жұмсалғаны байқалды, бұл қамырдың ашуы кезінде бөлінетін екі молекула көмірқышқыл газ көпіршіктерінің бөлініп, үлкеюінен желімше қаңқасының құрылымын созып, қамырдың тығыздығының аздап төмендеуінен қамырдың құрылысының жұмсарғандығымен түсіндіріледі. Сонымен қатар қисық сызықтың динамикасының өзгеруі қамырды илеп болған соң коллиодты үдерістің толық жүріп аяқталмауынан да қосылған борай ұнының бірден әсер етпеуінен бақылау үлгімен салыстырғанда аз байқалады. Ал, қамыр 1-1,5 сағат ашу барысында барлық рецептуралық компоненттердің араласып, ақуыздардың толықтай ісініп, крахмалдың клейстерленуі аяқталып, коллоидты үдерістің ашу кезінде де жалғасуынан қосылатын зығыр ұнының әсері айқынырақ байқалады.

Қамырдың құрылыс-механикалық қасиеттерін анықтаудан алынған зерттеу нәтижелері бойынша бидай қамырын илеудің рецептурасына жалпы ұн массасына шаққанда 50% борай ұны қосып нан дайындау тиімді нұсқа деп таңдалып, осындай мөлшерде қосылған қоспалардан жақсы сапалы нан алынатындығының алғышартын анықтайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Нуралы, А.М. Эффективность применения сорбентов из растительного сырья [Текст] / А.М. Нуралы, С.Х. Акназаров, М.А. Бийсенбаев, О.Ю. Головченко, М.А. Нуралиев //Новости науки Казахстана. – 2019. – № 2 (140). – С. 174-184.
2. Motrena S.G., Carvalho M.J., Canada J. et.al. Characterization of gluten-free bread prepared from maize, rice and tapioca flours using the hydrocolloid seaweed agaragar //Recent Res. Sci. Technol. – 2011. – Vol. 3. – P. 64-68.
3. Cai L.M., Choi I., Park C.S., Baik B.K. Bran hydration and physical treatments improve the bread-baking quality of whole grain wheat flour //Cereal Chem. – 2015. – Vol. 92. – P. 557-564.
4. Moroniab Alice V., Belloab Fabio Dal, Arendta Elke K. Sourdough in gluten-free bread-making: An ancient technology to solve a novel issue? //Food Microbiology. – 2009. – Vol. 26 (7). – P. 676-684.
5. Назарова, О.М. Совершенствование технологии и товароведная оценка ржано-пшеничного хлеба на основе густой ржаной закваски и настоя из семени льна [Текст]: дис. ... канд. техн. наук / О.М. Назарова. – Владивосток, 2017. – 145 с.
6. Усембаева, Ж.К. Жалпы тамақ өндірісінің технологиясы пәніне арналған лабораториялық оқу құралы [Мәтін]: оқу құралы. / Ж.К. Усембаева. – Алматы: АТУ баспасы, 2017. – 161 б.
7. Пьяникова, Э.А. Разработка технологии цельнозернового хлеба с применением различных заквасок [Текст] / Э.А. Пьяникова, А.Е. Ковалева, Е.И. Быковская, И.А. Говядова, О.С. Тараторина // Технология пищевой и перерабатывающей промышленности АПК продукты здорового питания. – 2022. – № 4. – С. 23-30.
8. Цыганова, Т.Б. Перспективы глубокой переработки семян льна [Текст] / Т.Б. Цыганова [и др.] // Хлебопечение России. – 2016. – № 4. – С. 12-15.
9. Лабораторный практикум по общей технологии пищевых производств [Текст] / под ред. Л.П. Ковальской. – М.: Агропромиздат, 2011. – 336 с.
10. Байысбаева, М.П. Нан өнімдерінің сапасын бағалау әдістері [Мәтін]: оқу құралы / М.П. Байысбаева. – Алматы: «Darkhan», 2020. – 171 б.

Материал редакцияға 15.09.24 түсті, 18.02.25 қабылданды.

А.М. Абиш[1], М.П. Байысбаева[1]

[1]Алматинский технологический университет, г. Алматы, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ДОБАВЛЕНИЯ СЕМЯН ЛЬНА И ПОЛБЯНОЙ МУКИ В РЕЦЕПТ БЕЗДРОЖЖЕВОГО РЖАНО-ПШЕНИЧНОГО ХЛЕБА

Аннотация. В данной статье рассматривается польза бездрожжевого хлеба для лучшей усвояемости и облегчения пищеварения. В современном обществе все больше внимания уделяется здоровому образу жизни и правильному питанию, что также выдвигает задачу создания продуктов с полезным действием. Поиск оптимальной отечественной рецептуры хлебобулочных изделий является неотъемлемой частью этого процесса. Разработка технологии бездрожжевого хлеба направлена на изготовление хлебобулочных изделий без использования дрожжей. Исследования включают выбор молочнокислых бактерий или дрожжей для обеспечения подходящего вкуса и текстуры хлеба. Работа посвящена исследованию и разработке рецептуры бездрожжевого хлеба, приготовленного на основе ржаной закваски, обогащенной порошком амаранта с добавлением настоя семян льна. Такой подход сочетает в себе потенциал высокого потребления, высокую пищевую ценность, особый вкус и положительное влияние на здоровье, что делает продукт уникальным и перспективным в области функционального питания.

Ключевые слова: бездрожжевой хлеб, ржаная закваска, рецептура, настой льна, полбяная мука.

A.M. Abish[1], M.P. Bayysbaeva[1]

[1]Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

EFFICIENCY OF ADDING FLAX SEED AND SPELT FLOUR TO THE RECIPE OF YEAST-FREE WHEAT BREAD

Abstract. This article discusses the benefits of yeast-free bread for better digestibility and easier digestion. In modern society, more and more attention is paid to a healthy lifestyle and proper nutrition, which also raises the challenge of creating products with beneficial effects. The search for the optimal domestic recipe for bakery products is an integral part of this process. The development of yeast-free bread technology is aimed at producing bakery products without the use of yeast. Research involves selecting lactic acid bacteria or yeast to provide suitable flavorand texture to the bread. The work is devoted to the research and development of a recipe for yeast-free bread prepared on the basis of rye sourdough, enriched with amaranth powder with the addition of flax seed infusion. This approach combines high consumption potential, high nutritional value, distinctive taste and positive health effects, making the product unique and promising in the field of functional nutrition.

Keywords: yeast-free bread, rye sourdough, recipe, flax infusion, spelt flour.

References

1. Nuraly A.M., Aknazarov S.KH., Biysenbayev M.A., Golovchenko O.YU., Nuraliyev M.A. Effektivnost' primeneniya sorbentov iz rastitel'nogo syr'ya [Efficiency of using sorbents from plant raw materials] // Science News of Kazakhstan. – 2019. – No. 2 (140). – P. 174-184. [in Russian].
2. Motrena S.G., Carvalho M.J., Canada J. et.al. Characterization of gluten-free bread prepared from maize, rice and tapioca flours using the hydrocolloid seaweed agaragar //Recent Res. Sci. Technol. – 2011. – Vol. 3. – P. 64-68.

3. Cai L.M., Choi I., Park C.S., Baik B.K. Bran hydration and physical treatments improve the bread-baking quality of whole grain wheat flour //Cereal Chem. – 2015. – Vol. 92. – P. 557-564.
4. Moroniab Alice V., Belloab Fabio Dal, Arendta Elke K. Sourdough in gluten-free bread-making: An ancient technology to solve a novel issue? //Food Microbiology. – 2009. – Vol. 26 (7). – P. 676-684.
5. Nazarova, O.M. Sovershenstvovaniye tekhnologii i tovarovednaya otsenka rzhano-pshenichnogo khleba na osnove gustoy rzhanoy zakvaski i nastoya iz semeni l'na [Improvement of technology and commodity evaluation of rye-wheat bread based on thick rye sourdough and flaxseed infusion]: dis. ... Candidate of Technical Sciences. – Vladivostok, 2017. – 145 p. [in Russian].
6. Ucembaeva, ZH.K. ZHalpy tamak¸ öndípícíníň tekhnologiyacy pəníne apnalġan labopatopiyalyk¸ ok¸u k¸ūraly [Development of whole grain bread technology using various starters in a laboratory]: Study Guide. – Almaty: ATU bacpacy, 2017. – 161 b. [in Kazakh].
7. P'yanikova E.A., Kovaleva A.Ye., Bykovskaya Ye.I., Govyadova I.A., Taratorina O.S. Razrabotka tekhnologii tsel'nozernovogo khleba s primeneniyem razlichnykh zakvasok [Development of technology of whole grain bread using various starters] // Tekhnologiya pishchevoy i pererabatyvayushchey promyshlennosti APK produkty zdorovogo pitaniya [Technology of food and processing industry of the agro-industrial complex healthy food products]. – 2022. – No. 4. – P. 23-30. [in Russian].
8. Tsyganova T.B. et al. Perspektivy glubokoy pererabotki semyan l'na [Prospects for deep processing of flax seeds] // Bakery of Russia. – 2016. – No. 4. – P. 12-15. [in Russian].
9. Laboratornyy praktikum po obshchey tekhnologii pishchevykh proizvodstv [Laboratory workshop on general technology of food production] / ed. L.P. Kovalskaya. – Moscow: Agropromizdat, 2011. – 336 p. [in Russian].
10. Bayysbayeva, M.P. Nan önímderíníň sapasyn baġalau ədísterí [Methods for assessing the quality of bakery products]: Study Guide. – Almaty: «Darkhan», 2020. – 171 p. [in Kazakh].

IRSTI 65.59.31

G. Jumabekova[1] – *main author*,
M. Serikkyzy[2], A. Serikbaeva[3], L. Sengirbekova[4], Zh. Tokanova[5]

[1]PhD student, [2]Associate Professor, [3,4,5]Lecturer

ORCID *[1]https://orcid.org/0000-0001-8693-6894 [2]https://orcid.org/0000-0002-5110-9570*
[3]https://orcid.org/0000-0001-8252-1034 [4]https://orcid.org/0000-0002-0047-7381
[5]https://orcid.org/0000-0002-1974-6545

[1,2,3,4]Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan
[5]International Engineering Technological University, Almaty, Kazakhstan

@ *[1]gulzirashabaevna@gmail.com*

https://doi.org/10.55956/QTIK2882

GOJI BERRIES AS A FUNCTIONAL ADDITIVE IN THE PRODUCTION OF SEMI-SMOKED SAUSAGES

Abstract. In order to reduce sodium nitrite in the composition of sausages and ensure an increase in the functional properties of the product, as well as expand the range, a recipe for semi-smoked sausage with the addition of goji berries has been developed. A study was carried out on the organoleptic characteristics of semi-smoked sausage with the addition of goji berries. To taste a new type of semi-smoked sausage, several types of samples were prepared: Sample No. 1: 7 g of goji berries and 2 g of sodium nitrite were added to 10 kg of raw materials. Sample No. 2: 5 g of goji berries and 3 g of sodium nitrite were added to 10 kg of raw materials. Sample No. 3: 3 g of goji berries and 6 g of sodium nitrite were added to 10 kg of raw materials. As a result of the organoleptic evaluation, it was found that when goji berries are added to minced meat, the product acquires a pronounced taste of goji berries. For production, a recipe is recommended using goji berries in an amount of 5 g by weight of the main raw material. Semi-smoked sausage with goji berries has an original taste, thus, the production of sausage with goji berries expands the range of products. A study was also conducted to identify toxic elements. No toxic elements have been identified in the finished product, that is, the finished product is safe for consumption.

Keywords: fortified and functional food products, semi-smoked sausage, goji berries, quality, food safety.

Jumabekova G., Serikkyzy M., Serikbaeva A., Sengirbekova L., Tokanova Zh. Goji berries as a functional additive in the production of semi-smoked sausages //Mechanics and Technology / Scientific journal. – 2025. – No.1(87). – P.25-32. https://doi.org/10.55956/QTIK2882

Introduction. Quality nutrition is an important factor determining human health. An important task of the meat industry is to provide the population with products enriched not only with meat protein, but also with biologically active additives, such as dietary fiber, macro- and microelements, and vitamins. Thus, balancing these components makes it possible to create specialized or enriched functional foods that support the functioning of organs and systems, strengthen the human body, prevent disease and restore the body [1].

The Republic of Kazakhstan offers a fairly wide range of sausage products in a wide price range. In sausages prepared according to traditional recipes, sodium nitrite is added to improve color. Sodium nitrite is a salt of nitrous acid. It has antibacterial and antioxidant properties, therefore it is used in food production as a preservative and, incidentally, as a color fixative. Sodium nitrite is usually listed on labels as food additive E250. This dietary supplement helps prevent botulism. But there is an opinion that due to sodium nitrite, nitrosamines are formed in the body, which cause cancer. In a slightly acidic condition. - in the environment of the stomach - nitrosamines can be synthesized under the influence of sodium nitrite. Therefore, in order to reduce or partially replace this preservative, you can use vegetable raw materials. One such plant is the goji berry. The homeland of goji berries is Asia, namely the fertile lands of the mountain valleys of the Himalayas and Tibet [2].

Goji berries are rich in vitamins C (ascorbic acid) and group B, as well as micro and macro elements such as: zinc, phosphorus, iron, copper, selenium, germanium, calcium, beta-carotene, thiocyanates, antioxidants, amino acids, subsaccharides, glycosinolates, flavonoids and steroid saponins, thiamine, zeaxanthin, riboflavin. Goji berries are also used in the development of functional products [3].

In this regard, the manufacturer is faced with the task of releasing new assortment units made according to original recipes in order to ensure the safety of sausages and increase the functional properties of the product, as well as meet consumer demand [4].

The purpose of these scientific studies is to develop a recipe for semi-smoked sausage with the addition of goji berries, with the aim of reducing sodium nitrite in the composition of sausages and ensuring an increase in the functional properties of the product, as well as expanding the range in the domestic market aimed at a wide range of consumers.

To achieve this goal, the following tasks were set:

– develop a recipe for a new type of semi-smoked sausage with the addition of goji berries;

– to determine the organolemic characteristics of a new type of semi-smoked sausage with the addition of goji berries.

Materials and methods. The object of the study is semi-smoked sausage with goji berries.

Experimental studies were carried out in the conditions of the “Department of Safety and Quality of Food Products” of the Almaty Technological University, as well as in the accredited testing laboratory “Food Safety”. Sapa LLP produced a experimental batch of enriched semi-smoked sausage using goji berries for people of different age groups and teenagers.

To develop a new type of semi-smoked sausage with the addition of goji berries, was used the interstate standard State standard 31785-2012 “Semi-smoked sausages. Technical conditions”.

To determine the organoleptic indicator, was used the State standard 7269-79 standard. Meat. Sampling methods and organoleptic methods for determining freshness. The appearance of sausage products should be loaves with a clean, dry surface, without stains, slips, damage to the shell, minced meat sagging, elastic consistency, cross-sectional appearance of the minced meat evenly mixed, the color of the minced meat from red to dark red, without gray spots or voids. The smell and taste are characteristic of this type of product, with a pronounced aroma of spices, smoke and the smell of garlic, without any foreign taste or smell.

The content of heavy metals was determined according to State standard 26930-86 standard, which applies to food raw materials and products and establishes a colorimetric method for determining arsenic.

State standard 26931-86 standard applies to food raw materials and products and establishes polarographic and colorimetric methods for the determination of copper.

State standard 26932-86 standard applies to food raw materials and products and establishes a method for determining lead.

State standard 26933-86 standard applies to food raw materials and products and establishes a method for determining cadmium.

State standard 26934-86 standard applies to food raw materials and products and establishes a method for determining zinc [5].

Research results. Tasting of a new type of semi-smoked sausage with the addition of goji berries was carried out in laboratory conditions at the Almaty Technological University. To taste a new type of semi-smoked sausage, several types of samples were prepared:

Control sample: add table salt – 300 g, sodium nitrite – 7.5 g, granulated sugar – 14 g, garlic – 20 g to 10 kg of raw materials.

Sample No. 1 with goji berries 7g: per 10 kg of raw materials add table salt – 300 g, sodium nitrite – 2g, goji berries – 7g, granulated sugar – 14g, garlic – 20g.

Sample No. 2 with goji berries 5g: per 10 kg of raw materials add table salt – 300 g, sodium nitrite – 4g, goji berries – 5g, granulated sugar – 14g, garlic – 20g.

Sample No. 3 with goji berries 3g: per 10 kg of raw materials add table salt – 300 g, sodium nitrite – 6g, goji berries – 3g, granulated sugar – 14g, garlic – 20g.

Figure 1 shows the processes for preparing semi-smoked sausage with the addition of goji berries [5].

Raw materials: for salting uses beef, tail fat, chicken fillet in pieces. The salted raw materials are kept at a temperature of 3±1℃ for 18-24 hours.

Preparation of minced meat: salted raw materials in pieces are ground on a grinder with a grid hole diameter of 2-3mm.

The crushed raw materials are mixed in a mixer for 6-8 minutes with the addition of spices, garlic, sodium nitrite and goji berries. Then add the fat, chopped into pieces, in small portions and mix for another 2-3 minutes.

Mixing is carried out until a homogeneous minced meat is obtained and the tail fat is evenly distributed in it. The total mixing time is 6-8 minutes, the temperature of the minced meat should not exceed 12℃. The time interval from the end of preparing the minced meat to the start of filling the casings should not exceed 6 hours.

Filling shells with minced meat (injection): filling shells with minced meat is carried out using hydraulic P = 12-13 atm. (1.17-1.27 MPa), vacuum P = 10-13 atm. (0.98-1.27 MPa) and pneumatic P = 6-8 atm. (0.58-0.79 MPa) syringes. The shell is filled tightly, especially compacting the minced meat when tying the free end of the shell. The loaves are tied with twine. The loaves should not touch each other to avoid sticking.

Upsetting: The tied loaves are hung on sticks and frames and subjected to upsetting for 2-4 hours at 4-8℃ and then sent for heat treatment.



Fig. 1. Recipe for semi-smoked sausage with the addition of goji berries

Heat treatment: It is carried out in stationary frying, cooking and smoking chambers or continuous thermal units with automatic temperature and relative humidity control. After sedimentation, the loaves are fried for 60-90 minutes at 80-100°C. The end of the roasting process is determined by the drying of the shell and the reddening of the surface of the loaves. The fried loaves are steamed in steam chambers at 75-80°C, the sausage is cooked until the temperature in the center of the loaf rises to 68-72°C. Cooking duration is 40-80 minutes. After cooking, the sausage is cooled for 2-3 hours at a temperature not exceeding 20°C and then smoked in smoking or frying chambers at 35-50°C for 12-24 hours. Cool at a temperature of 0-15°C [6].

Drying: the sausage is dried at a temperature of 12°C and a relative air humidity of 75% for 1-2 days until it acquires an elastic consistency and reaches the standard mass fraction of moisture.

Packaging, storage and quality control of semi-smoked sausages. Consumer and transport packaging, packaging materials and fastening materials must comply with the requirements or regulations. Transport packaging must be clean, dry, free from mold and foreign odors. Semi-smoked sausages, including packaged ones, are placed in boxes made of corrugated cardboard in accordance with State standard 13511, State standard 13513. It is allowed to sell semi-smoked sausages packed in reusable polymer or aluminum boxes, in containers or in packaging equipment.

Reusable boxes intended for transportation of semi-smoked sausages that are not packaged under vacuum or modified atmosphere conditions must have a lid. In the absence of a lid, it is permissible for local sales to cover the boxes with parchment in accordance with State standard 1760. Reusable boxes, containers, container equipment are subject to sanitary treatment after each use for transporting food products. The net weight of semi-smoked sausages in corrugated cardboard boxes should be no more than 20 kg, in containers – no more than 250 kg; Gross weight of products in reusable boxes is no more than 30 kg [7].

The shelf life and storage conditions for semi-smoked sausages, which guarantee the safety, quality and safety of the product, are established by the manufacturer. Semi-smoked sausages are released for sale, transported and stored at temperature and relative humidity at any measurement point in accordance with the storage conditions established by the manufacturer. Semi-smoked sausages are stored in a suspended state at a temperature not exceeding 12℃ and a relative air humidity of 75-78% for no more than 10 days. In refrigerated rooms at no higher than 6℃ and a relative air humidity of 75-78%, semi-smoked sausages packed in boxes can be stored for no more than 15 days, and at a temperature of -7...-9℃ for up to 3 months. Semi-smoked sausages are transported under conditions that ensure their safety and quality, in vehicles in accordance with the rules for transporting food products in force for the corresponding type of transport [8].

The proposed method ensures an increase in organoleptic characteristics and the color preservation of sausages.

The use of berry powder allows to reduce the sodium nitrite content in the remains of the finished sausage product to 0.5%. Accordingly, this will reduce the content of by-products, including nitrosamines, which are formed during drying, smoking and heat treatment.

The invention is aimed at achieving stable color of sausages during storage and improving their environmental characteristics and food safety.

In order to improve the quality of semi-smoked sausages, non-traditional raw materials were added to the composition. Semi-smoked sausages with the addition of goji berries in quantities of 3g, 5g and 7g were taken as additional samples.

Discussion. Organoleptic indicators. All qualitative composition was assessed on a 5-point scale. Among the main components of quality, the following indicators were selected: appearance, color, taste, smell and consistency.

The assessment of the organoleptic characteristics of sausages on a 5-point scale is given in Table 1.

Table 1

Organoleptic characteristics of semi-smoked sausages

Indicators	Control	Sample No. 1	Sample No. 2	Sample No. 3
Appearance	5	4	5	5
Consistency	5	5	5	5
Color and cross-sectional appearance	5	3	5	5
Smell and taste	5	3	5	5
Shape and size	5	4	5	5

As a result of the organoleptic evaluation, it was found that when goji berries are added to minced meat, the product acquires a pronounced taste of goji berries. When adding goji berries in an amount of 7g. by weight of the total amount of raw materials, a brighter and a distinct bright taste is noted. The results obtained during

the study allow us to draw the following general conclusions: the possibility and feasibility of using goji berries as a flavoring additive, as well as an additive that increases the nutritional value of the finished product, in the production of semi-smoked sausage has been established. Semi-smoked sausage with goji berries has an original taste and contains more proteins and fats compared to the control sample. Draft technical documentation has been developed for the production of semi-smoked sausage with goji berries. For production, a recipe using goji berries in an amount of 5g is recommended. From the mass of the main raw materials. Thus, the production of sausage with goji berries expands the range of products. Thanks to its original taste, semi-smoked sausage with goji berries will be in demand on the market, and its production is economically profitable [9,10].

The results of our research of heavy metals in semi-smoked sausages are presented in Table 2.

Table 2

Heavy metals in semi-smoked sausages

Indicators	Control	Sample No. 1	Sample No. 2	Sample No. 3
Lead	Not identified	Not identified	Not identified	Not identified
Copper	Not identified	Not identified	Not identified	Not identified
Lead	Not identified	Not identified	Not identified	Not identified
Cadmium	Not identified	Not identified	Not identified	Not identified

As we can see in Table 2, toxic elements were not identified in the finished product. That is, the finished product is safe to use.

Conclusion. In order to improve the quality of semi-smoked sausages, non-traditional raw materials were added to the composition. The use of goji berry powder allows to reduce the sodium nitrite content in the remains of the finished sausage product by up to 50%. As a result of the organoleptic evaluation, it was found that when goji berries are added to minced meat, the product acquires a distinct bright colour and taste of goji berries. The concentration level of the main toxic elements in sausage products does not exceed the maximum limit.

References

1. Asilova G.M., Dzhumabekova G.Sh., Zharylkasynova Zh.A. Study of the quality indicators of beef meat products using vegetable composition // Scientific journal. Bulletin of Shakarim State University of Semey. – 2015. – No. 4 (72). – P. 3-7.
2. Serikkyzy M.S., Dzhumabekova G.Sh., Environmental safety of meat and meat products // Internauka. – 2018. – No. 10. – P. 36-38.
3. Serikkyzy M.S., Dzhumabekova G.Sh., Yerkigitov E.S., Chendagulova M.K., Mamaeva L.A., Zetbek G.S. Study of the quality of semi-smoked sausage products of enterprises producing meat and meat products with the introduction of the HACCP system // Journal of ATU Bulletin. – 2019. – No. 1. – P.16-20.
4. Dzhumabekova G.Sh., Serikkyzy M.S., Sailau A.M., Mamyrai Zh. International standards for the quality and safety of food products for Kazakhstani producers // Materials of the VII scientific and practical conference: Innovative management and technologies in the era of globalization. – London, UK, 2020. – P. 285-287.
5. Ma Z.F., Zhang H., Teh S.S., Wang C.W., Zhang Y., Hayford F., Zhu Y. Goji Berries as a Potential Natural Antioxidant Medicine: An Insight into Their Molecular Mechanisms of Action // Oxidative Medicine and Cellular Longevity. – 2019. – P. 1-9.
6. Bozhko N., Tischenko V., Pasichnyi V., Moroz O. Research of nutritional and biological value of semismoked meat-containing sausage // Food science and technology. – 2019. – No. 13 (4). – P. 96-103.

7. Galina G. et al. Biological value of semi-smoked sausages with cedar oil cake // Foods and Raw materials. – 2020. – Vol. 8. – No. 1. – P. 30-39.
8. Savinok O. et al. Sensory and functional parameters of sausages with reduced sodium nitrite content // Scientific Works of University of Food Technologies. – 2017. – Vol. 64. – No. 1. – P. 32-40.
9. Vidović B.B. et al. Health benefits and applications of goji berries in functional food products development: A review // Antioxidants. – 2022. – Vol. 11. – No. 2. – P. 248.
10. Ravichanthiran K. et al. Phytochemical profile of brown rice and its nutrigenomic implications // Antioxidants. – 2018. – Vol. 7. – No. 6. – P. 71.

Received: 30 September 2024
Accepted: 6 March 2025

Г.Ш. Джумабекова[1], М.С. Сериккызы[1],
А.Н. Серикбаева[1], Л.К. Сенгирбекова[1], Ж.К. Токанова[2]

[1]Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2]Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ЖАРТЫЛАЙ ЫСТАЛҒАН ШҰЖЫҚ ӨНДІРІСІНДЕ ГОДЖИ ЖИДЕКТЕРІ ФУНКЦИОНАЛДЫ ҚОСПА РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Шұжық өнімдерінің құрамындағы натрий нитритті азайту және өнімнің функционалдық қасиеттерін арттыруды қамтамасыз ету, сонымен қатар ассортиментін кеңейту мақсатында годжи жидектері қосылған жартылай ысталған шұжықтың рецептісі әзірленді. Годжи жидектері қосылған жартылай ысталған шұжықтың органолептикалық көрсеткіштеріне зерттеу жүргізілді. Жартылай ысталған шұжықтың жаңа түрін дегустациялау үшін сынамалардың бірнеше түрі дайындалды: №1 үлгі: 10 кг шикізатқа 7 г годжи жидектері және 2 г натрий нитриті қосылды. Үлгі №2: 10 кг шикізатқа 5 г годжи жидектері және 3 г натрий нитриті қосылды. Үлгі №3: 10 кг шикізатқа 3 г годжи жидектері және 6 г натрий нитриті қосылды. Органолептикалық бағалау нәтижесінде годжи жидектерді тартылған етке қосқанда, дайын өнім годжи жидектерінің айқын дәміне ие болатыны анықталды. Өндіріс үшін негізгі шикізаттың салмағы бойынша 5 г мөлшерінде годжи жидектерін пайдалану рецептісі ұсынылады. Годжи жидектері қосылған жартылай ысталған шұжықтың өзіндік дәмі бар, осылайша, годжи жидектері бар шұжық өндірісі өнім ассортиментін кеңейтеді. Сондай-ақ улы элементтерді анықтау үшін зерттеу жүргізілді. Дайын өнімде улы элементтер анықталмаған, яғни дайын өнім тұтынуға қауіпсіз болып табылады.

Тірек сөздер: байытылған және функционалды тағамдар, жартылай ысталған шұжықтар, годжи жидектері, сапа, тағам қауіпсіздігі.

Г.Ш. Джумабекова[1], М.С. Сериккызы[1], А.Н. Серикбаева[1], Л.К. Сенгирбекова[1], Ж.К. Токанова[2]

[1]Алматинский технологический университет, г. Алматы, Казахстан
[2]Международный инженерно-технологический университет, г. Алматы, Казахстан

ЯГОДЫ ГОДЖИ КАК ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ДОБАВКА ПРИ ПРОИЗВОДСТВЕ ПОЛУКОПЧЕНЫХ КОЛБАС

Аннотация. С целью снижения в составе колбасных изделий нитрита натрия и обеспечения повышения функциональных свойств продукта, а также расширения ассортимента разработана рецептура полукопченой колбасы с добавлением ягод годжи. Проведено исследование органолептических показателей полукопченой колбасы с добавлением ягод годжи. Для дегустации нового вида полукопченой колбасы приготовили несколько видов образцов: Образец №1 на 10 кг сырья было добавлено ягод годжи 7 г и нитрита натрия – 2 г. Образец №2 на 10 кг сырья было добавлено ягод годжи 5 г и нитрита натрия – 3 г. Образец №3 на 10 кг сырья было добавлено ягод годжи 3 г и нитрита натрия – 6 г. В результате органолептической оценки было установлено, что при добавлении ягод годжи в мясной фарш продукт приобретает ярко выраженный вкус ягоды годжи. Для производства рекомендуется рецептура с использованием ягоды годжи в количестве 5 г от массы основного сырья. Полукопченая колбаса с ягодами годжи обладает оригинальным вкусом, таким образом, производство колбасы с ягодами годжи расширяет ассортимент выпускаемой продукции. А также проведено исследование по опредлению токсичных элеменов. В готовом продукте не выявлены токсичные элементы, то есть готовый продукт является безопасным к употреблению.

Ключевые слова: обогащенные и функциональные пищевые продукты, полукопченая колбаса, ягоды годжи, качество, пищевая безопасность.

ҒТАМР 65.33.35

Б.Е. Солтыбаева[1] – *негізгі автор,*
И.Б. Шамбетова[2]

[1]*PhD қауымдас. профессор м.а.,* [2]*Магистр*
ORCID [1]*https://orcid.org/0000-0002-3260-4429* [2]*https://orcid.org/0009-0009-6970-5424*
[1,2]*М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті,*
Тараз қ., Қазақстан
@ [1]*soltibaeva@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/YVZS4266

БҮТІН ДӘНДІ БИДАЙ ҰНЫН ПАЙДАЛАНЫП КРЕКЕР ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАУ

Аңдатпа. Бұл мақалада дәстүрлі емес шикізатты ұнды кондитерлік өнімдер жасауға қолдану мүмкіндігі қарастырылды. Сонымен қатар, зерттеу аясында өнім түрлерін арттыру және тағамдық құндылығы жоғары өнім өндіру мәселелері зерттелді. Бүтін дәнді бидай ұны дәстүрлі емес шикізат ретінде қарастырылып, оның тағамдық және биологиялық құндылығын жоғарылату мақсатында қолдану негізделді. Бидай ұнының теңгерімсіз құрамына байланысты, басқа шикізат түрлерін пайдалану қажеттілігі туындап отыр. Осыған орай, дәстүрлі емес шикізат негізінде крекер дайындау технологиясы әзірленді. Фермент қосу арқылы қамырдың ашу уақытын оңтайландыру әдістері қарастырылып, дайын өнімнің сақталу барысында сапалық қасиеттерін бақылауға баса назар аударылды. Бұл бағытта тиімді технологиялар мен жаңа рецептураларды құру басты міндет ретінде белгіленді. Алда тұрған бірнеше міндеттерді функционалды бағыттағы шикізаттарды енгізе отырып, тиімді технологиялар мен рецептура жасау арқылы орындауға болады.

Тірек сөздер: ұнды кондитер өнімдер, бүтін дәнді бидай ұны, фермент, дәстүрлі емес шикізат, крекер.

Солтыбаева, Б.Е. Бүтін дәнді бидай ұнын пайдаланып крекер технологиясын жасау [Мәтін] / Б.Е. Солтыбаева, И.Б. Шамбетова // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №1(87). – Б.33-40. https://doi.org/10.55956/YVZS4266

Кіріспе. Кондитерлік өндірістің қазіргі даму кезеңінде өнімнің тағамдық және биологиялық құндылығын арттыру, шикізат шығынын азайту сияқты міндеттер өзекті болып табылады. Бұл мәселелерді шешу үшін шикізаттың технологиялық сипаттамаларын жетілдіру және дайын өнімнің сапасын қамтамасыз ететін процестерді жақсарту қажет. Сонымен қатар, қамыр илеу жабдықтарынан бастап пісіру пештеріне дейінгі жабдықтардың тиімді жұмысын ұйымдастыру маңызды.

Кондитерлік кәсіпорындар арасындағы бәсекелестік және нарық талаптарының артуы өндірушілерді өнім сапасын арттыруға мәжбүрлейді. Сапаны жақсарту үшін өнімнің сыртқы келбетін, органолептикалық сипаттамаларын және сақтау мерзімін ұлғайту міндеттері шешілуі қажет. Мұндай міндеттерді дәстүрлі емес шикізат түрлерін қолдану арқылы жүзеге асыруға болады [1].

Кондитерлік өнімдердің ішінде крекерлердің нарықтағы үлесі шамамен 20%-ды құрайды. Қазіргі технологиялар арқылы ірімшік, розмарин, қуырылған пияз, прованс шөптері, түрлі дәмдеуіштер және өсімдік тұқымдары қосылған крекерлер өндірісі жүзеге асырылуда. Крекерлердің сапасы көбінесе олардың сыртқы түріне, дәмдік үйлесімділігіне және құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты анықталады. Сонымен бірге, калориялық деңгейін төмендету де негізгі талаптардың бірі болып табылады.

Өнімнің сапасы оны жасау үшін қолданылған шикізаттарға тікелей байланысты. Көнтеген өндіріс орындары өнім құнын төмендету мақсатында сапасыз әрі арзан шикізатты пайдаланады. Кейбір ұнды кондитер өнімдерге каллориясын азайту үшін алмастырғыштар қосуды қажет етеді. Өнім сапасын бағалауда екі талапты ескеру қажет: тұтынушылық қасиеттер мен гигиеналық талаптар. МЕМСТ талаптарына сай келген өнім ғана тұтынушыға ұсынылады.

Қазіргі таңда витаминдік қоспалары бар крекерлер кеңінен қолданысқа ие, бірақ дәстүрлі емес шикізатты іздеу әлі де өзекті болып қала бермек. Оның көмегімен өнімнің құрамындағы макро және микроэлементтердің, адам денсаулығында маңызды рөл атқаратын дәрумендердің маңыздылығын арттыруға болады [2,3].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Кондитер өнімін дайындау бірнеше технологиялық кезеңдерден өтеді және оның ең күрделісі қамыр дайындау процессі. Қамыр илеу алдында жүргізілетін бірінші процес – опара жасау әдісі. Қамыр ашыту ұзақтығы бірнеше факторларға, яғни онда пайда болатын тіршілік әрекетіне байланысты болады. Қамырды қайта илеу кезінде көмірқышқыл газы қайта жиналуының нәтижесінде глютенді ақуыздардың қысылуынан қамырда жаңа құрылым пайда болады. Опара негізінде жасалған өнімнің сапасы опарасыз жасалған өніммен салыстырғанда жоғары, бұл оның ашу уақытының ұзақтығы мен дәмдік қасиеттерінің сақталуынан болады.

Опараның жетілу қарқындылығын жоғарылату үшін бірнеше технологиялық тәсілдер, оның ішінде ұнның ақуыздық заттарына химиялық, биохимиялық ықпалы, ашытқы мөлшерін арттыру, амилолитикалық фермент пен бүтін дәнді бидай ұнын қолдану ұсынылған.

Зерттеу объектілеріне – бүтін дәнді бидай ұн мен жоғары сұрыпты бидай ұны, сары май, ас тұзы, престелген ашытқы, «РусЭнзим Печенье Классик» ферменті қолданылды.

Зерттеу әдістері: ТР ТС 021/2011 «Азық-түлік қауіпсіздігі туралы» кеден одағының техникалық регламентіне сай орындалды.

Енгізілген композициялық қоспаның жартылай фабрикаттар мен дайын өнімдердегі процесстерге әсер ету дәрежесін мемлекеттік стандарттар арқылы анықталады.

ҚР СТ 26574-85 – Бидай ұны. Жалпы техникалық шарттар.

МЕМСТ 27558-87 Ұнның органолептикалық сапа көрсеткіштері түрі, түсі, дәмі бойынша анықтау.

МЕМСТ 13830-97 ас тұзы. Жалпы техникалық шарттар.

МЕМСТ 9404-88 СЭШ-3М кептіру шкафында ұнның ылғалдылығы анықтау;

Шайқау арқылы қышқылдығын МЕМСТ 27493-87 және Глютаматик 2200 құрылғысында МЕМСТ 27839-2013 талабына сай шикі желімтектіктің сапасын анықтау.

МЕМСТ 27493-87 Ұн және кебек. Бұлғау арқылы қышқылдықты анықтау әдісі.

МЕМСТ 5904-82 Ұнды кондитер өнімдерін қабылдау, сынама алу.

МЕМСТ 5897-90 ұнды кондитер өнімдерінің органолептикалық көрсеткіштерін анықтау;

МЕМСТ 5898-87 сілтілікті анықтау әдістері мен су сіңіргіштік қасиетін МЕМСТ 10114-80 анықтау;

МЕМСТ 5900-73 ұнды кондитер өнімдерінің ылғалдылығын анықтау.

МЕМСТ 5670-96 Нан-тоқаш өнімдері. Қышқылдықты анықтау әдісі

МЕМСТ 14033-2015 Крекер. Жалпы техникалық шарттар.

МЕМСТ 28499-2014 шәрбат. Жалпы техникалық шарттар.

Зерттеу процесінде «Столовая» атты крекер рецептурасына сәйкес жоғары сапалы бидай ұнынан бақылау үлгісі дайындап алынды. Мұнда крекер өнімін опара әдіспен дайындаудың негізгі кемшілігі – қамырдың ашу уақытының ұзақтығы, нақты 8-18 сағат. Мұны дәрумендер мен минералды заттардың, көмірсулар мен азотты қосылыстардың жеткіліксіз болуымен байланыстыруға болады.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Опара мен қамыр дайындау уақытын қысқартып, дайын өнімдердің сапа көрсеткіштерін арттыру мақсатында «РусЭнзим Печенье Классик» маркалы ферменті қолданылды. Аталған фермент опарадағы қышқыл түзу процесін қарқынды етеді. Сондай-ақ, ол опара мен қамырдың көтерілуіне, газ түзу қабілетінің артуына және өнімнің сапалық көрсеткіштерінің жақсаруына оң әсерін тигізеді.

Ғылыми зерттеу жұмысына бидай ұнымен алмастырылатын бүтін дәнді бидай ұнының келесі мөлшері 10, 20, 30, 40% бидай ұнының массасына қосылып, опара ашуының қарқындылығына әсері зерттелді.

Бақылау опарасы 30-32°С температурада жетілу ұзақтығы 8-18 сағат аралығында жүргізілді. Опараның қышқылдығы 7-9 град. Шикізаттың қасиеттері қышқылдық деңгейі мен газ түзу қабілеті арқылы бағаланды.

Фермент мөлшері нұсқаулық бойынша өлшеніп, опараға қосылды. Оған әр түрлі пайызда бүтін дәнді бидай ұны қосып, араластырылып қоспа дайындалды. Қоспаға су қосып, опара дайындалды.

Бақылау үлгісінде газтүзу қабілетінің жылдамдығы 8 сағат ашудан кейін жетсе, ал фермент және бүтін дәнді бидай ұн мөлшерінің қоспадағы мөлшеріне қарай – 10% қоспада 7-8 сағатта, 20% қоспада 5,5-6 сағат ішінде, 30% қоспада 4,5-5 сағат ішінде, 40% қоспада 4-4,5 сағатта қажетті мөлшеріне жетті. Бұл көрсеткіштер бүтін дәнді бидай ұны мен фермент құрамындағы қалпына келтіруші қанттар, ферменттер, антиоксиданттар тағы да басқа қосылыстарға байланысты болады.

Алынған мәліметтерде (1-сурет) бүтін дәнді бидай ұны мен ферменті қосылған үлгілерінің газ ұстау және газтүзу қабілеті қарқынды жүрді. Ал, бақылау үлгісінде ашытқылар ашу қабілетін әлсіз, бұл ашытқы клеткаларының жаңа тіршілік жағдайларына ұзақ бейімделуіне байланысты.

Газтүзу және газұстау үрдісі Реоферментометр F3 құрылғысында анықталды. Газ түзу қабілеті крекер өнімінің көлеміне, пішіннің ұлғаюына, органолептикалық сапа көрсеткіштеріне едәуір әсер етеді. Қамырдың газ түзу қабілетіне белгілі бір уақыт аралығында бөлініп шыққан көміртек диоксидінің миллиметрлік мөлшеріне байланысты сипатталады.

Өнімдерді органолептикалық бағалау келесі көрсеткіштер: пішіні, түсі, сыртқы түрі, дәмі, иісі, құрылымы және консистенциясы бойынша жүргізілді. Органолептикалық көрсеткіштерді талдау бүтін дәнді бидай ұнының 20%-ға дейін қолдану негізінен крекердің құрылымы мен консистенциясын

жақсартатынын көрсетеді. Бүтін дәнді бидай ұнының одан жоғары дозасы органолептикалық көрсеткіштерді нашарлатады. Үлгілерді органолептикалық бағалау жоғары сұрыпты бидай ұнын бүтін дәнді бидай ұнымен жартылай алмастыру сапаның органолептикалық көрсеткішін төмендетпей, керісінше, дайын өнімнің барлық көрсеткіштеріне, әсіресе кеуектілікке, иіс пен дәмге жағымды әсер еткенін көрсетті.



Сурет 1. Бүтін дәнді бидай ұн қоспасы мен ферменті бар қамырдың газ түзу қабілетіне әсері

Зерттеу барысында бүтін дәнді бидай ұнының қосылатын пайыздық мөлшерінің артуымен дайын өнімдердің ылғалдылық үлесі төмендейтіндігі анықталды. Зерттеудің барлық үлгілерінде сілтілік көрсеткіші бақылау үлгісінен айтарлықтай айырмашылығы болған жоқ және айырмашылық тәжірибе қателігінің рұқсат етілетін шегінде ғана болды.

Крекердің су сіңіргіштігі бүтін дәнді бидай ұны қоспасының артуымен жоғарылай түсті. Алынған нәтижелерді есепке ала отырып, органолептикалық және физико-химиялық көрсеткіштер кешенінен жағымды иісі мен дәмі, тартымды сыртқы түрі мен жақсы сапа көрсеткіштерге ие болған 20% бүтін дәнді бидай ұн сынама түрі болды. Бірақ, таңдалған үлгіде, бақылау үлгісімен салыстырғанда өнім бетінде аздап жарықтар мен кішігірім қатпарланулар байқалды. Бұл үрдіс қамырдың нашар созылымдылығына және қамырдағы желімтек ақуыздарының аз болуына байланысты болуы мүмкін.

Бүтін дәнді бидай ұнының 20% қосылған крекер дәмі мен иісі жақсы піскен крекерге тән, бөтен иіс пен бөтен дәмсіз, өз пішінін сақтаған, түсі сары, беті аздап жарылған, арасы қатпарлы, тегіс кеуекті, ісінусіз, иленбеу іздерінсіз бақылау үлгісінен қалыспайтын, үгілмелі өнімдер алынды.

Дайын өнімге дегустациялық бағалау нәтижесі бойынша өнімдердің органолептикалық сапа көрсеткіштері бойынша 20% бүтін дәнді бидай ұн қоспасы бар өнім озық үлгі ретінде белгіленді. 20% бүтін дәнді бидай ұны қосылған крекер өнімдерінің физика-химиялық сапа көрсеткіштері (1-кесте) төменде келтірілген.

Кесте 1

20% бүтін дәнді бидай ұны қосылған крекер өнімдерінің физика-химиялық сапа көрсеткіштері

Физико-химиялық сапа көрсеткіштері	НҚ бойынша сынақ әдістерінің аталуы	Көрсеткіштер мәндері	
		НҚ бойынша үлгі	Нақты алынған нәтижелер
Ылғалдылығы, % артық емес	МЕМСТ 5900-2014	7,0	2,6
Құрғақ затқа есептегенде қанттың массалық үлесі, % артық емес	МЕМСТ 5903-89	10,0	1,2
Құрғақ затқа есептегенде майдың массалық үлесі, % артық емес	МЕМСТ 31902-2012	10,0	10,1
pH	МЕМСТ 5898-87	7,0+/-1,4	5,2
10% тұз қышқылының ерітіндісінде ерітілмеген күлдің массалық үлесі, % артық емес	МЕМСТ 5901-2014	0,1	0,01
Күкірт қышқылының жалпы массалық үлесі, % артық емес	МЕМСТ 26811-2014	0,01	0
Су сіңіргіштігі, % артық емес	МЕМСТ 10114-80	140,0	145,0

Бүтін дәнді бидай ұнының 20%-ын қосқанда крекердің сапасы жақсарып, өз пішінін сақтайтын, түсі қоңыр-сары, дәмі мен хош иісі тәбет ашатын, бақылау үлгісінен қалыспайтын, үгілмелі өнім алынды. Өнім қауіпсіздігі оның сақтау мерзімі мен шарттары және микробиологиялық сапасымен анықталады. Кез келген өндіруші қаптамада радионуклидтерге, улы компоненттерге, пестицидтерге және микробиологиялық тексеру нәтижелері жайлы ақпарат көрсетуі шарт. Зерттеу барысында бүтін дәнді бидай ұнының пайыздық мөлшері артқан сайын дайын өнімдегі ылғалдың массалық үлесі артатындығы анықталды. Алынған нәтижелер (2-кесте) төменде келтірілген.

Кесте 2

20% бүтін дәнді бидай ұн қоспасы бар крекердің микробиологиялық сапа көрсеткіштері

Микробиологиялық сапа көрсеткіштер	НҚ бойынша сынақ әдістерінің аталуы	Көрсеткіштер мәндері	
		НҚ бойынша	Нақты алынған нәтижелер
1	2	3	4
КМАФФнМ, КОЕ/г артық емес	МЕМСТ 10444.15-94	$1*10^3$	табылмады
БГКП (колиформалар) 0,01 г/см^3 өнімде	МЕМСТ 31747-12	1,0	табылмады
ашытқылар, КОЕ/см^3 (г), артық емес	МЕМСТ 10444.12-2013	50	табылмады
зеңдер, КОЕ/см^3 (г), артық емес	МЕМСТ10444.12-2013	100	табылмады
Токсинді элем.р, мг/кг көп емес Қорғасын	МЕМСТ 30178-96	0,5	табылмады
Мырыш	МЕМСТ 31266-2004	0,3	табылмады
Кадмий	МЕМСТ 30178-96	0,1	табылмады

2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Сынап	МЕМСТ33412-2015	0,02	табылмады
Микотоксиндер, мг/кг көп емес			
Афлатоксин B_1	МЕМСТ 30711-2001	0,005	табылмады
Дезоксиниваленол	СТ РК 1988-2010	0,7	табылмады
Пестицид қалдықтары, мг/кг, артық емес			
ГХЦК (α, β, γ - изомерлері)	СТ РК 2011-2010	0,2	табылмады
ДДТ және оның метоболиттері	СТ РК 2011-2010	0,02	табылмады

2 кестедегі 20% бүтін дәнді бидай ұн қспасы бар крекер өнімдерінің тағамдық қауіпсіздігі бойынша микробиологиялық талдау нәтижелерінің қорытындысы бойынша бұл өнімнің қауіпсіздігі және НҚ берілген нормаларға сай келетіндігі анықталды. Өнімде токсинді элементтер, микотоксиндер мен пестицид қалдықтары кездескен жоқ. Алынған зерттеу нәтижелері аса қауіпті ауыр улы металдар крекер үлгілерінде рұқсат етілетін шамадан аспайтынын көрсетті. Сондықтан, негізгі қауіпсіздік стандарты бойынша, бүтін дәнді бидай ұны қосылған жаңа өнім түрі белгіленген талаптарға толығымен сай.

Дайын крекер өнімдерінің ішінен 20% бүтін дәнді бидай ұн қоспасы бар үлгісі таңдалып алынды және кешенді сапа көрсеткіштері зерттелді. Дайын өнімнің органолептикалық сапа көрсеткіштері анықталды. Крекер дәмі мен иісі жақсы піскен крекерге тән, бөтен иіс пен бөтен дәмсіз, өз пішінін сақтаған, түсі сары, беті аздап жарылған, арасы қатпарлы, тегіс кеуекті, ісінусіз, бақылау үлгісінен қалыспайтын, үгілмелі өнім алынды.

Барлық үлгілердің арасынан бүтін дәнді бидай ұны қосылып дайындалған өнімдердің органолептикалық сапа көрсеткіштері бойынша 20% бүтін дәнді бидай ұн қоспасы бар крекер өнімі озық үлгі ретінде белгіленді. Нәижелер (3-кесте) төменде келтірлген.

Кесте 3

20% бүтін дәнді бидай ұны қосылған крекер өнімдерінің органолептикалық сапа көрсеткіштері

Органолептикалық сапа көрсеткіштері	НҚ бойынша сынақ әдістерінің атаулуы	НҚ бойынша үлгі
Пішіні	МЕМСТ 14033-2015	Өнім пішіні әр түрлі, бұрыштар мен жиектерге зақыл келтірілмеген
Беті	МЕМСТ 14033-2015	Тесілген тесіктердің болуы, ісінудің болуына жол беріледі
Дәмі мен иісі	МЕМСТ5897-90	Крекер рецептурасындағы компоненттердің пісіру кезіндегі дәм мен иіске тән, бөтен дәм мен иіссіз
Сындырғандағы түрі	МЕМСТ5897-90	Рецепт құрамына сай тесікшелері бар нәзік қатпарлы
Түсі	МЕМСТ5897-90	Ақшыл-сарғыш, күйіп кетпеген, өңі біркелкі
Қалыңдығы, мм көп емес	МЕМСТ 14033-2015	0,9

20% бүтін дәнді бидай ұн қоспасы бар крекер өнімдерінің органолептикалық сапа көрсеткіштері бойынша өнімдердің сыртқы пішіні,

беткі түрі, иісі мен дәмі, сындырығандағы көрінісі, түсі және қалыңдығы бағаланды. Дайын өнімнің сапа көрсеткіштері МЕМСТ 14033-2015 стандарттық талаптарға сай келеді.

Өнімнің биологиялық құндылығы биологиялық белсенді заттар мөлшері мен аминқышқылдар, дәрумендер, полиқанықпаған май қышқылдар мөлшерімен (4-кесте) анықталды.

Кесте 4

Дайын крекер өнімінің химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы

Көрсеткіштер, 100 г өнімге қосылған шикізат	Ж.с бидай ұны	Б.д.б. ұны	Маргарин	Ашытқы	Сірне	Тұз	Химиялық құрамы
20% бүтін дәнді бидай ұны	76,56	19,14	14	1,6	2,1	0,8	
Ақуыз	7,89	2,5	0,03	0,2	-	0	10,62
Май	0,8	0,48	11,22	0,04	-	0	12,54
Көмірсу	52,8	13,8	0,11	0,14	1,64	0	68,49
Энергетикалық құрамы	ЭҚ =10,62×4+12,54×9+68,49×4,1=42,48+112,86+280,81=436,15						

Зерттеу нәтижелері бүтін дәнді бидай ұнының опара қамырының газ түзу, газ ұстау және қышқыл түзу үрдістерін қарқындататыны байқалды. Дәстүрлі емес шикізаттан жасалған крекер өнімдерінің тағамдық құндылығы жоғарылап, диеталық және профилактикалық бағыттағы ассортиметін жасау теориялық және тәжірибелік тұрғыда ғылыми негізделді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде бүтін дәнді бидай ұны қосылған крекерді сақтау барысында оның ылғалдылығы артып, су сіңіргіштігі төмендейтіні анықталды.

Бүтін дәнді бидай ұнын 20% қосқанда крекердің сапасы жақсарып, өз пішінін сақтайтын, түсі қоңыр-сары, дәмі мен хош иісі тәбет ашатын, бақылау үлгісінен қалыспайтын, үгілмелі өнім алынды. Зерттеу барысында бүтін дәнді бидай ұнының пайыздық мөлшері артқан сайын дайын өнімдегі ылғалдың массалық үлесі артатындығы анықталды.

Зерттеу нәтижелері бүтін дәнді бидай ұны мен фермент қоспасы бар опара қамырының газ түзілу және қышқыл түзілу үрдістерінің қарқындылығын, дайын өнімнің органолептикалық көрсеткішіне жағымды әсер ететіндігі байқалды. Зерттеу соңында алынған крекер өнімдерінің тағамдық құндылығы жоғары, диеталық және профилактикалық бағыттағы ассортиметін жасау теориялық және тәжірибелік тұрғыда ғылыми негізделді.

Әдебиеттер тізімі

1. Темникова, О.Е. Нетраддиционное сырье в технологии мучных кондитерских изделий [Текст] / О.Е. Темникова // Молодой учёный. – 2021. – № 23 (365). – С. 44.
2. ГОСТ 14033-2015. Крекер, Общие технические условия [Текст]. – Введ. 01.01.2017. – Москва: Стандартинформ, 2019. – 6 с.
3. Рензяева, Т.В Экспертиза мучных кондитерских изделий. Качество и безопасность [Текст] / Т.В. Рензяева, И.Ю. Резниченко, Т.В. Савенкова, В.М. Позняковский. – Инфра-М, 2021. – 268 с.

Материал редакцияға 04.11.24 түсті, 24.03.25 қабылданды.

Б.Е. Солтыбаева[1], И.Б. Шамбетова[1]

[1]Таразский университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

РАЗРАБОТКА ТЕХНОЛОГИИ КРЕКЕРОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЦЕЛЬНОЗЕРНОВОЙ ПШЕНИЧНОЙ МУКИ

Аннотация. Статья посвящена вопросу применения нетрадиционных продуктов в кондитерском производстве муки, расширению ассортимента продукции. Рассмотрены причины, приводящие к необходимости создания кондитерских изделий с высокой пищевой и биологической ценностью и качеством с использованием цельнозерновой пшеничной муки в качестве нетрадиционного продукта. В последние годы из-за неуравновешенности ряда полезных веществ в составе пшеничной муки возникает необходимость искать другие источники сырья. В исследовательской работе разработаны рецептуры мучных кондитерских изделий, крекеров на основе нетрадиционного сырья, рассмотрены пути оптимизации длительности вскрытия опары и теста путем введения фермента, достижения продуктов, в процессе хранения которых качественные свойства готовой продукции не сильно отличаются от контрольных. Несколько задач, стоящих перед нами, могут быть выполнены путем разработки эффективных технологий и рецептур с внедрением функционально ориентированного сырья.

Ключевые слова: мучные кондитерские изделия, цельнозерновая пшеничная мука, фермент, нетрадиционное сырье, крекер.

B.E. Soltybayeva[1], I.B. Shambetova[1]

[1]M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF CRACKER TECHNOLOGY USING WHOLE WHEAT FLOUR

[4]Kostanay Higher Polytechnic College, Kostanay, Kazakhstan

THE INFLUENCE OF MATCHA TEA ON THE ANTIOXIDANT ACTIVITY OF SPONGE CAKE SEMI-FINISHED PRODUCT

Abstract. The article is devoted to the study of the antioxidant properties of a sponge cake semi-finished product enriched with matcha tea, which is important in the context of the growing interest in healthy eating. The aim of the research is to develop an optimal recipe using matcha and to analyze its antioxidant properties. The main areas of the study include determining the optimal proportions of tea and its impact on quality indicators. This work expands knowledge on the use of natural antioxidants in the confectionery industry and offers a new product with high antioxidant activity and good organoleptic characteristics. The methodology includes potentiometric and spectrophotometric analysis, experiments on ingredient proportion selection, and antioxidant activity assessment. The developed recipe has practical significance, meeting the demand for functional and beneficial products in the field of healthy eating and offering recommendations for producing similar items.

Keywords: antioxidant activity, sponge cake semi-finished product, matcha tea, functional products, natural antioxidants.

References

1. Lensky N. et al. Study of industrial enzyme improvers of the rheological properties of baking flour and the quality of finished products // BIO Web of Conferences. – EDP Sciences. – 2024. – Vol. 82. – P. 02018.
2. Jakubczyk K, Kochman J, Kwiatkowska A, Kałduńska J, Dec K, Kawczuga D, Janda K. Antioxidant Properties and Nutritional Composition of Matcha Green Tea // Foods. – 2020. – Vol. 9(4). – P. 483.
3. Rusak G, Šola I, Vujčić Bok V. Matcha and Sencha green tea extracts with regard to their phenolics pattern and antioxidant and antidiabetic activity during in vitro digestion // J Food Sci Technol. – 2021. – Vol. 58(9). – P. 3568-3578.
4. Kontareva V.YU., Belik S.N., Kryuchkova V.V. Aktual'nost' primeneniya zelenogo chaya matcha v kachestve funktsional'nogo komponenta v pishchevykh produktakh [Relevance of the use of matcha green tea as a functional component in food products] // Proceedings of the international scientific and practical conference: Innovatsionnoye razvitiye agrarno-pishchevykh tekhnologiy [Innovative development of agrarian and food technologies]. – Volgograd: SFERA LLC, 2021. – P. 249-254. [in Russian].
5. Krokhalev V.A., Khudyakova T.S. Obosnovaniye tselesoobraznosti primeneniya netraditsionnogo rastitel'nogo syr'ya v tekhnologii sladkikh blyud [Justification of the feasibility of using non-traditional plant materials in the technology of sweet dishes] // Bulletin of KrasSAU. – 2023. – No. 10(199). – P. 243-252. [in Russian].
6. Molchanova Ye.N., Toshcheva K.YU., Barsanov S.S. Vliyaniye zelenogo chaya matcha na kachestvo bulochnykh izdeliy [The effect of matcha green tea on the quality of bakery products] // Collection of scientific papers of the All-Russian forum and competition of scientific papers: Aktual'nyye voprosy kachestva i bezopasnosti prodovol'stvennogo syr'ya, kulinarnoy produktsii, khlebopekarnykh i konditerskikh proizvodstv [Current issues of quality and safety of food raw

materials, culinary products, bakery and confectionery industries]. – Moscow: Rusayns LLC, 2023. – P. 131-136. [in Russian].

7. Klochkova I.S., Maslennikova Ye.V. Ispol'zovaniye zelenogo chaya matcha pri razrabotke retseptury keksa [Using matcha green tea in developing a cake recipe] // Food industry. – 2022. – No. 12. – P. 104-106. [in Russian].
8. OFS.1.5.3.0006.15. Opredeleniye soderzhaniya ekstraktivnykh veshchestv v lekarstvennom rastitel'nom syr'ye i lekarstvennykh rastitel'nykh preparatakh [Determination of the content of extractive substances in medicinal plant materials and medicinal herbal preparations]. – Introduced. 01.09.2023. – State Pharmacopoeia of the Russian Federation, XV edition, 2023. [in Russian].
9. Moiseyev YA.P., Kurdyukov Ye.Ye., Mitishev A.V. Spektrofotometricheskoye opredeleniye summy saponinov v plodakh derezy kitayskoy Lycium chinense mill [Spectrophotometric determination of the sum of saponins in the fruits of Chinese wolfberry Lycium chinense mill] // Chemistry of plant raw materials. – 2021. – Np. 2. – P. 123-128. [in Russian].
10. Musial C, Kuban-Jankowska A, Gorska-Ponikowska M. Beneficial Properties of Green Tea Catechins // International Journal of Molecular Sciences. – 2020. – Vol. 21(5). – P.1744.
11. Bonuccelli G., Sotgia F., Lisanti M.P. Matcha green tea (MGT) inhibits the propagation of cancer stem cells (CSCs), by targeting mitochondrial metabolism, glycolysis and multiple cell signalling pathways // School of Environment and Life Sciences. – 2018. – Vol. 10 (8). – P. 1867-1883.
12. GOST 5904-82. Izdeliya konditerskiye. Pravila priyemki, metody otbora i podgotovki prob [Confectionery products. Acceptance rules, methods of sampling and sample preparation]. – Introduced. 01.01.24. – Moscow: Publishing house of standards, 2010. – 8 p. [in Russian].
13. Ye Y., Ai Z., Li R. Quality analysis and antioxidant activity of different types of tea powder // Food Prod Process and Nutr. – 2024. – Vol. 6. – No. 1. – P. 36.
14. Moskvicheva A.A., Vasil'yeva A.N., Baranova Z.A. Zavisimost' antioksidantnoy aktivnosti chaya ot soderzhaniya fenol'nykh soyedineniy [Dependence of antioxidant activity of tea on the content of phenolic compounds] // Proceedings of the X International scientific and practical online conference: Pishchevaya biotekhnologiya i prodovol'stvennaya bezopasnost' [Food biotechnology and food security]. – Tyumen: Tyumen Industrial University, 2022. – P. 109-114. [in Russian].
15. State Pharmacopoeia of the Republic of Kazakhstan. Issue 2: Obshchiye metody analiza [General methods of analysis] / [?]. – M.: Medicine, 1991. – 387 p. [in Russian].
16. Kuznetsova, L.S., Sidanova, M.YU. Tekhnologiya proizvodstva muchnykh konditerskikh izdeliy : uchebnik dlya stud. uchrezhdeniy sred. prof. obrazovaniya [Technology of production of flour confectionery products: a textbook for students of secondary vocational education institutions]. — Moscow: Publishing center “Akademiya”, 2013. – 400 p. [in Russian].

ҒТАМР 65.53.33

Ж.Е. Смағұл[1] – *негізгі автор*,
Л.С. Сыздыкова[2], Д.А. Тлевлесова[3], К.М. Абдиева[4], Р. Сабит[5]

[1,5]Магистрант, [2]Техн. ғылым. канд., доцент, [3]PhD, қауымдас., профессор, [4]Биол. ғылым. канд., ассистент-профессор

ORCID *[1]https://orcid.org/0009-0005-6574-032X [2]https://orcid.org/0000-0002-8953-6332 [3]https://orcid.org/0000-0002-5084-6587 [4]https://orcid.org/0000-0003-0111-6737 [5]https://orcid.org/0009-0006-2935-1092*

[1,2,3,4,5]Алматы Технологиялық Университеті,

Алматы қ., Қазақстан

@ *[1]zhans020623@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/QRKL8110

БАҚША ДАҚЫЛДАРЫНАН АЛЫНҒАН ҰЗАҚ САҚТАЛАТЫН КОНДИТЕРЛІК ӨНІМДЕРДІҢ САПА КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Бұл зерттеуде патенттелген рецептура бойынша дайындалған, бақша дақылдарынан алынған ұзақ сақталатын кондитерлік өнімдердің сапа көрсеткіштері зерттелді. Қазақтың ұлттық тағамы қауынқұрт және инновациялық қарбызқұрт өнімдердің физика-химиялық, микробиологиялық қасиеттері мен тағамдық құндылығы анықталды. Зерттеу барысында алынған өнімдердің құрғақ зат мөлшері 13,39-14,62%, ақуыз үлесі 4,38-4,64%, көмірсулар 43,67-44,32%, май 0,25-0,49%, энергетикалық құндылығы 174,39-177,84 ккал (729,71-743,99 кДж) құрады. Микробиологиялық зерттеулер зеңнің болмауын және ашытқылардың рұқсат етілген деңгейде екенін көрсетті. «Қауын құрт» өнімінде В3 дәрумені мен кремнийдің мөлшері жоғары анықталды, бұл сүйек, буын және тері денсаулығына оң әсер етеді. «Қарбыз құрт» құрамында А дәрумені көп, бұл оның антиоксиданттық қасиеттерін күшейтеді. Өндірілген өнімдер әртүрлі сақтау шарттарында 1 жыл тексерілді. Пластик контейнерде және шыны банкада сақталған өнімдерде ылғалдың жоғалуы байқалып, құрылымы қатайған. Вакуумдық қаптамада сақталған үлгілер сапасын сақтап, ылғал жоғалтпады. Жалпы, бұл зерттеу ауыл шаруашылығы өнімдерін тиімді қайта өңдеуге, тағам өнеркәсібіне инновациялық және пайдалы өнімдерді енгізуге, сондай-ақ халықтың дұрыс тамақтануын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Тірек сөздер: бақша дақылдары, қарбыз, қауын, ұзақ уақыт сақталатын өнімдер, рецептуралар, технологиялар, тағамдық құндылық.

Смағұл, Ж.Е. Бақша дақылдарынан алынған ұзақ сақталатын кондитерлік өнімдердің сапа көрсеткіштерін зерттеу [Мәтін] / Ж.Е. Смағұл, Л.С. Сыздыкова, Д.А. Тлевлесова, К.М. Абдиева, Р. Сабит //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №1(87). – Б.63-73. https://doi.org/10.55956/QRKL8110

Кіріспе. Қазіргі тағам өнеркәсібінде экологиялық таза, ұзақ сақталатын және табиғи өнімдерге сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Зерттеудің негізгі гипотезасы – кептіру технологиясын оңтайлы таңдау арқылы бақша дақылдарының табиғи қасиеттерін сақтай отырып, ұзақ сақталатын жоғары тағамдық құндылыққа ие өнімдер жасау. Халықтың денсаулыққа пайдалы әрі

дәмді өнімдерге деген қызығушылығы тағам өндірісін жаңа бағыттарға бейімдеуді қажет етеді [1]. Осы тұрғыдан алғанда, бақша дақылдарынан ұзақ мерзімге сақталатын кондитерлік өнімдер өндіру – ауыл шаруашылығының өнімдерін өңдіру саласын дамытуға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді. Бұл дақылдар құрамында табиғи дәрумендер, минералдар, антиоксиданттардың мол болуымен ерекшеленеді.

Қарбыз, қауын, асқабақ және басқа да дақылдар жыл сайын көп мөлшерде өсіріледі, алайда толық игерілмей көп шығынға ұшырайды. Бұл дақылдарды тиімді пайдалану, оларды қайта өңдеу технологияларын жетілдіру – ауыл шаруашылығы мен тағам өнеркәсібі үшін стратегиялық міндеттердің бірі [2]. Бақша дақылдарын негізге ала отырып, ұзақ сақталатын кондитерлік өнімдердің рецептураларын әзірлеу – экологиялық таза және жоғары сапалы өнімдерге деген сұранысты қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Қарбыз бен қауын – жаз маусымында кеңінен тұтынылатын өнімдер. Алайда олардың табиғи түрінде сақтау мерзімі шектеулі болғандықтан, оларды кептіру арқылы ұзақ мерзімді сақтауға және жарамды өнімдерге айналдыру тиімді шешім болып табылады. Кептіру процесі бұл өнімдердің табиғи дәмі мен пайдалы қасиеттерін сақтауға мүмкіндік беріп, жаңа нарықтық сегменттерді қамтуға жол ашады [3]. Сонымен қатар, кептірілген қарбыз бен қауыннан алынған өнімдер экологиялық таза, денсаулыққа зиянсыз, ал өндіріс тұрғысынан шығындарды азайтатын инновациялық тәсілдердің бірі болып табылады.

Ұзақ сақталатын кондитерлік өнімдер халық арасында күнделікті тұтынуға қолайлы, дәмді әрі пайдалы тағам ретінде танымал бола алады. Мұндай өнімдер сақтау шарттарына байланысты ұзақ мерзімге жарамды, тасымалдауға ыңғайлы және әртүрлі климаттық жағдайларда сақталуға бейімделген [4]. Бақша дақылдарының табиғи қасиеттерін сақтау, олардың дәмдік және қоректік ерекшеліктерін кондитерлік өнімдерде қолдану – бұл тек тағамдардың ассортиментін кеңейтіп қана қоймай, сонымен бірге бақша дақылдарының шығынын азайтуға мүмкіндік береді [5].

Кептірілген өнімдер – бұл ұзақ сақтау мерзімі мен пайдалы қасиеттерін сақтауға мүмкіндік беретін өнімдер. Кептіру процесі өнімдердегі ылғалдың буланып кетуін қамтамасыз етіп, микроорганизмдердің өсуін тежейді, сол арқылы өнімнің бұзылуын алдын алады [6]. Кептірілген өнімдердің бірнеше маңызды артықшылықтары бар: біріншіден олар ұзақ уақыт бойы сақталады. Екіншіден, кептірілген өнімдер тасымалдауға ыңғайлы және жеңіл болады. Ылғал көлемі азайғандықтан өнімдер көлемі мен салмағы жағынан айтарлықтай жеңілдейді, бұл оны сақтау мен тасымалдауды жеңілдетеді. Үшіншіден, кептірілген өнімдер қоректік заттардың көп бөлігін сақтап қалады [7,8]. Витаминдер, минералдар мен басқа да пайдалы элементтер кептіру процесінде жоғалмайды, сондықтан бұл өнімдер әлі де денсаулыққа пайдалы болып қала береді [9].

Бұл зерттеу бақша дақылдарынан алынған ұзақ сақталатын кондитерлік өнімдердің сапа көрсеткіштерін зерттеуге бағытталған. Ғылыми жұмыс барысында бақша дақылдарынан ұзақ сақталатын кондитерлік өнімдердің рецептуралары мен технологиялары әзірленді. Жаңа рецептуралар мен технологиялар халықты сапалы және табиғи тағам өнімдерімен қамтамасыз етуге ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығы мен тағам өндірісінің жаңа бағыттарын дамытуға үлес қосады. Ұсынылатын технологиялар қарбыз

бен қауынның ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дәмдік және тағамдық қасиеттерін максималды түрде сақтауға бағытталған. Бұл жұмыстың нәтижелері кондитерлік өнеркәсіпке инновациялық серпін беріп, ұзақ сақталатын табиғи өнімдерге деген сұранысты қанағаттандыруға ықпал етеді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Қарбыз және қауыннан алынған кондитер өнімдері рецептурасы бойынша негізгі шикізатқа қосымша құрам бөліктер қосылып, қайнатылып және формаға келтіріліп (дөңгелек), кептіру процестері арқылы алынғандықтан оларға «құрт» деген атау берілді.

Алынған жаңа өнім үлгілерінің микробиологиялық, физика-химиялық және тағамдық құндылығын зерттеу «АТУ» АҚ, «Тамақ қауіпсіздігі ғылыми-зерттеу институтында» жүргізілді. Кептіру процесінің негізгі параметрлері: температура 55-65°С, кептіру уақыты 10-12 сағат, соңғы ылғалдылық деңгейі 10-12%. Зерттеу барысында қарбыз және қауын негізіндегі жаңа рецептуралармен дайындалған өнімдер қарастырылды: «Қарбыз құрт» және «Қауын құрт».

Үлгілерді зерттеу кезінде алынған физикалық-химиялық көрсеткіштер (МЕМСТ 5900-2014, МЕМСТ 34551-2019, МЕМСТ 5903-89, МЕМСТ 31902-2012), микробиологиялық көрсеткіштер бойынша зерттеулер (МЕМСТ Р 54635-2011 М-04-41-2005), дәрумендер (соның ішінде А, B_1, B_2, B_3, B_5, B_6 дәрумендері – МЕМСТ 24556-89), минералды заттар, соның ішінде кремний – спектрофотометриялық әдіс бойынша жүргізілді [10-12].

Зерттеу нәтижелері. Қарбыз бен қауыннан әзірленген кептірілген кондитерлік өнімдер – сақтау мерзімінің ұзақтығы, тасымалдауға қолайлылығы және дәмдік қасиеттерінің тұрақтылығымен ерекшеленетін жаңа тағам түрлері әзірленді (1-кесте) Рецептура патентпен қорғалған [13].

Кесте 1

«Қауын құрт» және «Қарбыз құрт» өнімдерінің рецептурасы

№	Шикізат атауы	№1 үлгі	№2 үлгі	№3 үлгі	№4 үлгі
1	қауын	90%	-	85%	-
2	қарбыз	-	90%	-	85%
3	ұн	5%	5%	10%	10%
4	қант	5%	5%	5%	5%

1-ші кестеде көрсетілген рецептура арқылы алынған өнім «Қауын құрт» және «Қарбыз құрт» деп аталды. Келесі рецептуралар бойынша кондитер өнімдері әзірленіп, №3 және №4 үлгілерден өте жақсы сападағы өнімдер алынды.

Жаңа рецептура бойынша әзірленген ұзақ сақталатын кондитерлік өнім үлгілерінің сапа көрсеткіштерін зерттеу барысында, бірнеше ай сақталғаннан кейінгі олардағы өнімнің бұзылуына алып келетін және адам ағзасына зиянды микроорганизмдер анықталды, зерттеу нәтижесі келесі кестеде көрсетілген (2-кесте).

Кесте 2

«Қауын құрт» және «Қарбыз құрт» өнімдерінің микробиологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш	«Қарбыз құрт»	«Қауын құрт»	Рұқсат етілген норма
Зең (КОЕ/г)	Табылмады	Табылмады	<10
Ашытқылар (КОЕ/г)	6	3	≤50

«Қарбыз құрт» және «Қауын құрт» өнімдерінде де зеңнің болмауы өнімдердің жоғары санитарлық талаптарға сай дайындалғанын көрсетеді. Ашытқылар деңгейі өнімнің органолептикалық қасиеттерін төмендетпейді және адам ағзасына зиянсыз рұқсат етілген нормалар аясында болды.

Қарбыз бен қауыннан алынған жаңа өнім үлгілерінің физика-химиялық көрсеткіштері бойынша олардағы құрғақ зат мөлшері және тағамдық құндылығы, яғни, ақуыз, көмірсу, май мөлшері анықталды (3-кесте).

Кесте 3

«Қауын құрт» және «Қарбыз құрт» өнімдерінің физика-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш	«Қарбыз құрт»	«Қауын құрт»
Құрғақ заттар, %	13,39	14,62
Ақуыз, %	4,64	4,38
Көмірсулар, %	43,67	44,32
Май, %	0,25	0,49
Энергетикалық құндылығы, ккал (кДж)	174,39 (729,71)	177,84 (743,99)

«Қарбыз құрт» және «Қауын құрт» өнімдерінің тағамдық құндылығы бойынша салыстырмалы түрде, ақуыз мөлшері екі өнімде де ұқсас деңгейде, ал көмірсулардың мөлшері «Қауын құрт» өнімінде жоғары. Майдың мөлшері екі өнімде де айтарлықтай көп емес. Жалпы, екі өнім де қоректік заттардың теңгерімді құрамымен ерекшеленеді, бірақ «Қауын құрт» өнімінде көмірсулар мен майдың мөлшері «Қарбыз құрт» өнімімен салыстырымалы түрде жоғары.

Қарбыз бен қауыннан алынған жаңа өнім үлгілерінің энергетикалық құндылығы анықталды. Зерттеу нәтижелері бойынша, «Қарбыз құрт» өнімінің энергетикалық құндылығы – 174,39 ккал (729,71 кДж), ал «Қауын құрт» өнімінің энергетикалық құндылығы – 177,84 ккал (743,99 кДж). Қауын құрттың энергетикалық құндылығы қарбыз құртқа қарағанда аздап жоғары деңгейде екені көрінеді. Қауын құрт құрамы тәттілігі мен калориясының жоғары болуымен ерекшеленеді. Ол денсаулыққа пайдалы және энергия көзі ретінде жақсы қызмет атқара алады.

Қауын мен қарбыз дақылдарынан алынған ұзақ сақталатын кондитер өнімдерінің құрамындағы А витамині мен В тобындағы витаминдер мөлшері зерттелді. Зерттеу нәтижесі диаграмма түрінде көрсетілді. «Қауын құрт» өнімінің құрамындағы дәрумендердің мөлшері әртүрлі деңгейде кездесетіні келесі диаграммадан көрінеді (1-сурет).



Сурет 1. «Қауын құрт» өнімінің құрамындағы дәрумендер мөлшері

Диаграммадан «Қауын құрт» өнімінің құрамындағы дәрумендерден ең көп мөлшерде кездесетін дәрумен – B_3 (ниацин) екені көрінеді. Яғни, бұл дәрумен қауынның табиғи құрамында молынан кездесетінін және өңдеу кезінде жақсы сақталатынын көрсетеді. Ал басқа дәрумендердің орташа деңгейдегі мөлшері өңдеу кезінде жоғалуымен байланысты болуы мүмкін. «Қауын құрт» өнімінің құрамындағы дәрумендердің жалпы деңгейі оның пайдалы қасиеттерін көрсетеді, әсіресе B_3 дәруменінің жоғары болуы өнімнің тағамдық құндылығын арттырады. «Қауын құрт» құрамында B_3 дәрумені жоғары, бұл оның энергетикалық алмасуды жақсартуға көмектесетінін көрсетеді. Ал «Қарбыз құрт» өнімінде А дәрумені көп мөлшерде сақталған, бұл оның антиоксиданттық қасиеттерін арттырады.

«Қарбыз құрт» өнімінің құрамындағы дәрумендердің мөлшері әртүрлі деңгейде кездесетіні келесі диаграммадан көрінеді (2-сурет).



Сурет 2. «Қарбыз құрт» өнімінің құрамындағы дәрумендер мөлшері

Диаграммадан бұл өнімде А дәрумені ең көп мөлшерде болатыны байқалады, ал В дәрумендері (B_1, B_2, B_3, B_5, B_6) салыстырмалы түрде аз мөлшерде кездеседі, алайда сол аз мөлшердің өзі адам ағзасына қуат беріп, иммунитеттің қалыптасуына әсер ететінін ескерсек, қарбыз құрттың өте пайдалы, дәрумендердің маңызды көзі болатын және адамның денсаулығына оң әсер ететін өнім екенін көрсетеді.

Кремний – адам ағзасы үшін қажетті маңызды микроэлементтердің бірі [14]. Ол тағам өнімдерінде табиғи түрде кездеседі және денсаулықты сақтау мен жақсарту үшін ерекше рөл атқарады [15]. Кремний адам ағзасында маңызды функцияларды орындайды, және де ол микроэлемент болғандықтан аз мөлшерде қажет. Кремний ағзада ас қорыту жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне көмектеседі, сондай-ақ жүрек-қан тамырлары жүйесіне де пайдалы әсер етеді [16].

Минералды заттардан қауыннан және қарбыздан жасалған өнімдердің құрамындағы кремний мөлшері салыстырылып, диаграмма түрінде берілген (3-сурет).

Қауын құртта кремнийдің мөлшері қарбыз құртына қарағанда айтарлықтай жоғары, бұл оның ағзадағы коллаген өндірісін арттырып, терінің серпімділігі мен жастығын сақтауға көмектеседі[15]. Бұдан бөлек, бұл элемент қандағы холестерин деңгейін төмендетуге, жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алуға әсер ететіндігінің арқасында пайдалы екенін көрсетеді[17].



Сурет 3. «Қауын құрт» және «Қарбыз құрт» өнімдерінің құрамындағы кремнийдің мөлшері»

Өнімдердің сақтау мерзімі мен сапасының өзгеру динамикасын зерттеу барысында әртүрлі қаптама түрлерінің тиімділігі бағаланды. Әрбір қаптама материалы өнімнің ылғалдылығына, құрылымына және органолептикалық көрсеткіштеріне әртүрлі әсер етеді. Осыған байланысты, өнімнің сапасын сақтау мерзімін болжап, ең тиімді сақтау шарттарын анықтау үшін сақтау уақыты мен сапаның өзгеруін сипаттайтын кинетикалық модельдер жасалды.

4-сурет өнімдердің әртүрлі сақтау жағдайларында органолептикалық бағалау шкаласы бойынша сапасының өзгеру динамикасын көрсетеді. Графиктен вакуумдық қаптаманың өнім сапасын сақтаудағы тиімділігі айқын көрінеді, ал полиэтилен қаптамада сақтау өнімнің құрылымына жылдам кері әсер етеді. Бұл нәтижелер сақтау әдісін дұрыс таңдаудың маңыздылығын көрсетеді және ұзақ сақталатын өнімдерді өндіру технологияларын оңтайландыруға негіз болады.



Сурет 4. Әртүрлі сақтау жағдайларындағы өнім сапасын өзгеруі

Бұл графикте әртүрлі сақтау жағдайларында өнім сапасының өзгеру динамикасы көрсетілген. Горизонталь ось (X) сақтау уақыты (ай), ал вертикаль ось (Y) органолептикалық бағалау шкаласы (1-5 балл). Әрбір сызық белгілі бір сақтау түрін білдіреді:

Вакуумдық қаптама – сапасын толықтай сақтайды, ешқандай өзгеріс байқалмайды.

Пластикалық контейнер (тоңазытқыш) – сапасы аздап төмендегенімен, ұзақ уақыт сақтауға жарамды.

Шыны банка (бөлме температурасы) – 9-12 айдан кейін өнім құрылымы өзгеріп, сапасы төмендейді.

Полиэтилен қаптама – тез ылғал жоғалтады, 6 айдан кейін сапасы күрт нашарлайды. График Python тілінде Matplotlib кітапханасы арқылы жасалған.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. 1-кестеде «Қауын құрт» және «Қарбыз құрт» өнімдерінің рецептуралары көрсетілген. Кестедегі рецептуралар бойынша әр түрлі үлгілер дайындалды. №1 және №2 үлгілерде 90% қауын және қарбыз пайдаланылса, №3 және №4 үлгілерде 85% қауын мен қарбыз және ұн мен қант мөлшері бірдей болды. Зерттеу нәтижесінде №3 және №4 үлгілерінен жоғары сападағы өнімдер алынды.

2-кестеде өнімдердің микробиологиялық қауіпсіздігі туралы мәліметтер ұсынылған. Нәтижелер көрсеткендей: Зең (КОЕ/г) екі өнімде де анықталмаған, бұл олардың өндірісінің санитарлық нормаларға сай екенін дәлелдейді. Ашытқылар деңгейі «Қарбыз құрт» өнімінде (6 КОЕ/г) «Қауын құрт» өніміндегі мәнінен (3 КОЕ/г) жоғары, бұл оның ылғалдылық деңгейі мен сақтау шарттарына байланысты болуы мүмкін. Дегенмен, ашытқы деңгейлері рұқсат етілген нормалар шегінде.

Бұл өнімдердің сақтау мерзімі ұзақ және микробиологиялық қауіпсіздігі жоғары екенін көрсетеді. Бұл нәтижелер зерттеулерімен сәйкес келеді, онда табиғи кептіру әдістері өнім қауіпсіздігін қамтамасыз ететіні көрсетілген.

3-кестеде «Қарбыз құрт» және «Қауын құрт» өнімдерінің физика-химиялық көрсеткіштері сипатталған. Нәтижелер көрсеткендей: Қауын құрт құрамында көмірсулар (44,32%) және май (0,49%) мөлшері жоғары, бұл оның энергетикалық құндылығын (177,84 ккал) арттырады. Бұл қауын құрамындағы табиғи қанттардың көп болуымен түсіндіріледі. Қарбыз құрт құрамындағы ақуыз мөлшері (4,64%) сәл жоғары, бұл оның аминқышқылдық құрамының ерекшеліктерімен байланысты.

Осылайша, «Қауын құрт» өнімінің энергетикалық құндылығы жоғары болса, «Қарбыз құрт» өнімінің құрамында ақуыз көп, бұл оны қоректік тұрғыдан маңызды етеді.

1-сурет және 2-сурет өнімдердің дәрумендік құрамын сипаттайды. «Қауын құрт» өнімінде B_3 (ниацин) дәрумені көп мөлшерде (1-сурет). Бұл дәрумен ағзадағы метаболизм процестерін реттеуге көмектеседі және жасушалардың энергия өндіруіне әсер етеді. «Қарбыз құрт» өнімінде А дәрумені жоғары деңгейде анықталды (2-сурет). Бұл оның антиоксиданттық қасиеттерін күшейтіп, көздің көру қабілеті мен иммундық жүйенің қызметін жақсартады.

Осы нәтижелер көрсеткендей, «Қауын құрт» энергия көзі ретінде тиімді, ал «Қарбыз құрт» антиоксиданттық қасиеттері бар пайдалы өнім болып табылады. Нәтижелер зерттеуіндегі бақша дақылдарының дәрумендік құрамымен сәйкес келеді.

3-суретте берілген өнімдердің минералдық құрамындағы айырмашылықтарды сипаттайды. «Қауын құрт» құрамында кремний мөлшері жоғары, бұл тері серпімділігін жақсартады, сүйек және буын жүйесінің саулығын сақтауға көмектеседі. «Қарбыз құрт» құрамында калий көп, бұл жүрек-қан тамырлары жүйесіне оң әсер етеді және бұлшықет қызметін жақсартады. Бұл мәліметтер зерттелген өнімдердің функционалдық тағам ретінде маңыздылығын дәлелдейді.

Сақтау шарттары зерттелген өнімдердің тұрақтылығына әсер ететін негізгі факторлардың бірі болды. Нәтижелер көрсеткендей, вакуумдық

қаптамада сақталған өнімдер сапасын толықтай сақтады және ылғал жоғалтпады. Пластикалық контейнерде тоңазытқышта сақталған үлгілер, сондай-ақ шыны банкада бөлме температурасында сақталған өнімдер 1 жыл бойы сапасын жоғалтпаған, алайда пластикалық және шыны қаптамаларда ылғалдың біршама жоғалуы байқалды. Полиэтилен қаптамада сақталған үлгілерде 6 айдан кейін құрылымдық өзгерістер байқалып, өнім қатайып кеткен.

Жалпы, өнімдердің ұзақ мерзімді сақталуын қамтамасыз ететін ең тиімді әдіс вакуумдық қаптама болып табылады, ал тоңазытқышта пластикалық контейнерде сақтау да сапаны ұзақ мерзімде ұстап тұруға мүмкіндік береді. Осы мәліметтер сақтау әдісін дұрыс таңдаудың маңыздылығын көрсетеді және ұзақ сақталатын өнімдерді өндіру технологияларын оңтайландыруға негіз болады

Қорытынды. Қарбыз және қауыннан жаңа кондитер өнімдерін әзірлеу үшін бақша дақылдарының табиғи қасиеттерін сақтап, олардың ұзақ мерзім бойы сақталуына мүмкіндік беретін тиімді кептіру әдісі ұсынылады. Жаңа рецептура бойынша әзірленген қарбыз бен қауын жасалған кондитер өнімдерінің физика-химиялық, микробиологиялық көрсеткіштеріне зерттеулер жүргізілді.

Бұл зерттеуде бақша дақылдарынан алынған ұзақ сақталатын кондитерлік өнімдердің сапа көрсеткіштері зерттелді. Алынған нәтижелер келесі негізгі тұжырымдарды жасауға мүмкіндік береді:

Микробиологиялық тұрғыдан өнімдер қауіпсіз, зең мен зиянды микроорганизмдер анықталмаған.

Тағамдық және энергетикалық құндылығы жоғары: «Қауын құрт» көмірсу мен кремний мөлшері бойынша жоғары, ал «Қарбыз құрт» А дәруменінің көбірек болуымен ерекшеленеді.

Сақтау шарттары маңызды рөл атқарады: вакуумдық қаптама ең тиімді әдіс болып табылады, ал полиэтилен қаптамада 6 айдан кейін өнім сапасы айтарлықтай төмендейді.

Зерттеу нәтижелері ауыл шаруашылығы өнімдерін тиімді қайта өңдеуге және тағам өнеркәсібіне инновациялық өнімдерді енгізуге ықпал етеді.

Осылайша, бақша дақылдарынан алынған ұзақ сақталатын кондитерлік өнімдер халықтың дұрыс тамақтануын қамтамасыз етуге және ауыл шаруашылығы өнімдерін тиімді пайдалануға үлес қосады. Бұл зерттеу нәтижелері тағам өнеркәсібінде жаңа технологияларды дамытуға және сақтау әдістерін оңтайландыруға негіз болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Смагул, Ж.Е. Разработка рецептур кондитерских изделий из бахчевых культур [Текст] / Ж.Е. Смагул, Л.С. Сыздыкова, Д.А. Тлевлесова // Материалы международной научно-практической конференции БашГАУ, 2024. – С. 231-234.
2. Лущиц, Т.Е. Тыквенные: тыква, кабачки, патиссоны, арбуз, дыня [Текст] / Т.Е. Лущиц. – Мн.: Книжный дом, 2015. – 84 с.
3. Manchali, S., Chidambara Murthy K.N., Patil B.S. Nutritional composition and health benefits of various botanical types of melon (Cucumis melo L.) // Plants. – 2021. – No. 10(9). – P. 1755.
4. Державин, А.Б. Оценка качества кондитерских изделий на основе фруктово-овощного сырья [Текст] / А.Б. Державин, Н.С. Никулина // Научные труды КубГАУ. – 2021. – № 87(3). – С. 47-54.

5. Petrenko Yu., Tlevlessova D., Syzdykova L., Kuzembayeva G., Abdiyeva K. Development of technology for the production of Turkish delight from melon crops on a natural base // Eastern-European Journal of Enterprise Technologies. – 2022. – Vol. 3. – No. 11 (117). – P. 6-18.
6. Iztaev A. et al. Research of phys cal and mechanical properties, chemical composition and safety of melon variety “Torpedo” // Food processing industry. – 2021. – P. 88-91.
7. Нұрымханова, Ш.Т. Жеміс-жидек және бақша дақылдары негізінде жаңа өнім түрлерін өндіру [Мәтін] / Ш.Т. Нұрымханова. – Түркістан: Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ баспасы, 2021. – 128 б.
8. Бақытжанұлы, С. Жеміс-жидек өнімдерінің сақтау ерекшеліктері [Мәтін] / С. Бақытжанұлы. – Шымкент: ОҚМУ баспасы, 2019. – 140 б.
9. Григорьева, Е.А. Кептіру технологиясы және оның өнімдердегі микробиологиялық көрсеткіштерге әсері [Мәтін] / Е.А. Григорьева, А.П. Смирнов, Н.В. Иванов // Азық-түлік өнімдері мен технологиясы. – 2019. – № 2. – Б. 73-79.
10. ГОСТ 31721-2012. Сүт және сүт өнімдері. Микробиологиялық талдау әдістері [Мәтін]. – [?]. – Мәскеу: Стандартинформ, 2013. – 14 б.
11. ГОСТ 31986-2012. Тамақ өнімдері. Минералды заттардың құрамын анықтау әдістері [Мәтін]. – [?]. – Мәскеу: Стандартинформ, 2014. – 22 б.
12. ГОСТ 34308-2017. Құрғақ сүт өнімдері. Техникалық шарттар [Мәтін]. – [?]. – Мәскеу: Стандартинформ, 2017. – 18 б.
13. Сыздықова, Л.С. Қауыннан кондитерлік өнім жасау тәсілі [Мәтін] / Л.С. Сыздықова, К.М. Абдиева, Д.А. Тлевлесова, Ж.Е. Смағұл // патент № 37033 Қазақстан Республикасы. 2024. [?].
14. Alimardanova M., Tlevlessova D., Syzdykova L., Abdiyeva K., Petrenko E., Brindyukova, A. Trends in the development of the processing of melons and gourds // ScienceRise: Innovative technologies in industry. – 2023. – Vol. 1. – P. 35-47.
15. Brindyukova A., Yerenova B., Syzdykova L., Abdiyeva K., Tlevlessova D. Development of technology for the production of useful jelly candies from cucurbit crops on a natural basis // Eastern-European Journal of Enterprise Technologies. – 2023. – Vol. 3. – No. 11 (123). – P. 60-67.
16. Мартынова, Е.П. Разработка новых видов продуктов с использованием плодоовощного сырья [Текст] / Е.П. Мартынова. – СПб.: Лань, 2018. – 280 с.
17. Тұрсынбекова, Ж.А. Тамақ өнеркәсібіндегі инновациялық технологиялар [Мәтін] / Ж.А. Тұрсынбекова. – Астана: Фолиант, 2023. – 230 б.

Материал редакцияға 26.11.24 түсті, 21.03.25 қабылданды.

Ж.Е. Смагул[1], Л.С. Сыздыкова[1], Д.А. Тлевлесова[1], К.М. Абдиева[1], Р. Сабит[1]

[1]Алматинский Технологический Университет, г. Алматы, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КАЧЕСТВА КОНДИТЕРСКИХ ИЗДЕЛИЙ ДЛИТЕЛЬНОГО ХРАНЕНИЯ ИЗ БАХЧЕВЫХ КУЛЬТУР

Аннотация. В данном исследовании изучены показатели качества длительно хранящихся кондитерских изделий, изготовленных из бахчевых культур по запатентованной рецептуре. Определены физико-химические, микробиологические свойства и пищевые ценности традиционного казахского продукта «қауынқұрт» и инновационного продукта «қарбызқұрт». В ходе исследования установлено, что содержание сухих веществ в продуктах составляет 13,39-14,62%, доля белка 4,38-4,64%, углеводов 43,67-44,32%, жира 0,25-0,49%, а энергетическая ценность 174,39-177,84 ккал (729,71-743,99 кДж). Микробиологические исследования показали отсутствие плесени и допустимый уровень дрожжевых грибков. В продукте «Қауын

құрт» выявлено высокое содержание витамина В3 и кремния, оказывающих положительное влияние на здоровье костей, суставов и кожи. Продукт «Қарбыз құрт» содержит большое количество витамина А, что усиливает его антиоксидантные свойства. Изготовленные продукты тестировались в течение 1 года в различных условиях хранения. В пластиковых контейнерах и стеклянных банках наблюдалась потеря влаги и уплотнение структуры. Продукты, хранившиеся в вакуумной упаковке, сохранили качество и не потеряли влагу. В целом, это исследование способствует эффективной переработке сельскохозяйственной продукции, внедрению инновационных и полезных продуктов в пищевую промышленность, а также обеспечению правильного питания населения.

Ключевые слова: бахчевые культуры, арбуз, дыня, длительно хранящиеся продукты, рецептуры, технологии, пищевая ценность.

Zh.E. Smagul[1], L.S. Syzdykova[1], D.A. Tlevlessova[1], K.M. Abdiyeva[1], R. Sabit[1]

[1]Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

RESEARCH OF THE QUALITY OF CONFECTIONERY PRODUCTS OF LONG-TERM STORAGE FROM MELON CROPS

Abstract. This study examines the quality indicators of long-shelf-life confectionery products made from melon crops based on a patented recipe. The physico-chemical, microbiological properties, and nutritional values of the traditional Kazakh product “Qauyn qurt” and the innovative product “Qarbiz qurt” were determined. The study found that the dry matter content of the products ranges from 13.39% to 14.62%, protein content 4.38-4.64%, carbohydrates 43.67-44.32%, fat 0.25-0.49%, and energy value 174.39-177.84 kcal (729.71-743.99 kJ). Microbiological studies confirmed the absence of mold and the permissible level of yeast. The “Qauyn qurt” product contains high amounts of vitamin B3 and silicon, which positively impact bone, joint, and skin health. The “Qarbiz qurt” product is rich in vitamin A, enhancing its antioxidant properties. The manufactured products were tested under various storage conditions for 1 year. Moisture loss and structural hardening were observed in plastic containers and glass jars. The samples stored in vacuum packaging retained their quality and did not lose moisture. Overall, this study contributes to the efficient processing of agricultural products, the introduction of innovative and functional foods into the food industry, and the promotion of a healthy diet for the population.

Keywords: melon crops, watermelon, melon, long-shelf-life products, formulations, technologies, nutritional value.

References

1. Smagul ZH.Ye., Syzdykova L.S., Tlevlesova D.A. Razrabotka retseptur konditerskikh izdeliy iz bakhchevykh kul'tur [Development of recipes for confectionery products from melons] // Proceedings of the international scientific and practical conference of BashSAU, 2024. – P. 231-234. [in Russian].
2. Lushchits, T.Ye. Tykvennyye: tykva, kabachki, patissony, arbuz, dynya [Cucurbitaceae: pumpkin, zucchini, squash, watermelon, melon]. – Mn.: Knizhnyy dom [Book House], 2015. – 84 p. [in Russian].
3. Manchali S., Chidambara Murthy K.N., Patil B.S. Nutritional composition and health benefits of various botanical types of melon (Cucumis melo L.) // Plants. – 2021. – No. 10(9). – P. 1755.
4. Derzhavin A.B., Nikulina N.S. Otsenka kachestva konditerskikh izdeliy na osnove fruktovo-ovoshchnogo syr'ya [Quality assessment of confectionery products based

on fruit and vegetable raw materials] // Nauchnyye trudy KubGAU. – 2021. – № 87(3). – P. 47-54. [in Russian].

5. Petrenko Yu., Tlevlessova D., Syzdykova L., Kuzembayeva G., Abdiyeva K. Development of technology for the production of Turkish delight from melon crops on a natural base // Eastern-European Journal of Enterprise Technologies. – 2022. – Vol. 3. – No. 11 (117). – P. 6-18.
6. Iztaev A. et al. Research of phys cal and mechanical properties, chemical composition and safety of melon variety “Torpedo” // Food processing industry. – 2021. – P. 88-91.
7. Nūrymkhanova, SH.T. Zhemis-zhidek zhane baksha dakyldary negizinde zhana onim túrlerin ondiru [Development of new types of products based on fruits and melons]. – Turkistan: Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University Publishing House, 2021. – 128 p. [in Kazakh].
8. Bakytzhanuly, S. Zhemis-zhidek onimderinin saktau erekshelikteri [Storage features of fruit and melon products]. – Shymkent: South Kazakhstan State University Publishing House, 2019. – 140 p. [in Kazakh].
9. Grigor'yeva Ye.A., Smirnov A.P., Ivanov N.V. Keptiru tekhnologiyasy zhane onyn onimderdegi mikrobiologiyalyk korsetikshterge aseri [Drying technology and its effect on the microbiological parameters of products] // Food Products and Technologies. – 2019. – No. 2. – P. 73-79. [in Russian].
10. GOST 31721-2012. Süt zhəne süt önímderí. Mikrobiologiyalyk¸ taldau ədísterí [Milk and dairy products. Methods of microbiological analysis]. – [?]. – Moscow: Standartinform, 2013. – 14 b. [in Russian].
11. GOST 31986-2012. Tamak¸ önímderí. Mineraldy zattardyň k¸ūramyn anyk¸tau ədísterí [Food products. Methods for determining the content of mineral substances]. – [?]. – Moscow: Standartinform, 2014. – 22 b.
12. GOST 34308-2017. K¸ūrġak¸ süt önímderí. Tekhnikalyk¸ sharttar [Dry milk products. Technical conditions]. – [?]. – Moscow: Standartinform, 2017. – 18 b. [in Russian].
13. Syzdykova L.S., Abdiyeva K.M., Tlevlessova D.A., Smagul Zh.E. K¸auynnan konditerlík öním zhasau təsílí [Method for producing confectionery from melon] // patent № 37033 Republic of Kazakhstan. 2024. [?]. [in Russian].
14. Alimardanova M., Tlevlessova D., Syzdykova L., Abdiyeva K., Petrenko E., Brindyukova A. Trends in the development of the processing of melons and gourds // ScienceRise: Innovative technologies in industry. – 2023. – Vol. 1. – P. 35-47.
15. Brindyukova A., Yerenova B., Syzdykova L., Abdiyeva K., Tlevlessova D. Development of technology for the production of useful jelly candies from cucurbit crops on a natural basis // Eastern-European Journal of Enterprise Technologies. – 2023. – Vol. 3. – No. 11 (123). – P. 60-67.
16. Martynova, Ye.P. Razrabotka novykh vidov produktov s ispol'zovaniyem plodoovoshchnogo syr'ya [Development of new types of products using fruit and vegetable raw materials]. – Saint Petersburg: Lan, 2018. – 280 p. [in Russian].
17. Tursynbekova, Zh. A. Tamak onerkasibindegi innovatsiyalyk tekhnologiyalar [Innovative technologies in the food industry]. – Astana: Foliant, 2023. – 230 p. [in Kazakh].

ҒТАМР 65.09.03

П.М. Маликтаева[1] – *негізгі автор*,
К.Ш. Саржанова[2], А.Б. Мынбаева[3], Ш.Д. Умирбаева[4]

[1]Техн. ғылым. канд., [2,3]Техн. ғылым. канд., доцент, [4]Инженер

ORCID *[1]https://orcid.org/0000-0002-1251-811X [2]https://orcid.org/0009-0005-9898-8794*
[3]https://orcid.org/0000-0002-3799-2686 [4]https://orcid.org/0009-0009-1614-4184

[1,2]Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан
[3,4]М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан

@ *[1]Sakosh_78@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/EJVR4716

АШЫМЫҚТЫҢ ҚЫШҚЫЛДЫҚ САНЫН АНЫҚТАУ

Аңдатпа. Мемлекетімізде ұлттық азық-түлік тағамдарын өндіруге көп көңіл бөлініп келеді. Өйткені мұндай тағамдардың тағамдық, тұтыну қасиеттері жоғары, оларды дайындау қарапайымдылығымен және уақытты аз алатындығымен ерекшелінеді. Қышқылсүт бактериялары ағзада қылтамақ клеткаларымен қарсы күресетін интерферонның түзілуін жолға қоятыны мамандарға бұрыннан белгілі. Сондықтан онкологиялық аурулардың алдын алу үшін қышқылсүт өнімдері жиі қолдану табуда. Бұл жұмыста ашымықтың қышқылдық санының уақытқа байланысты өзгеруі зерттелді. Excel орталығын қолдана отырып ашымықтың қышқылдық санының уақытқа байланысты өзгеруін сипаттайтын теңдеулер алынды.

Тірек сөздер: ашымық, қышқылдық саны, айран, регрессия, сусын.

Маликтаева, П.М. Ашымықтың қышқылдық санын анықтау [Мәтін] / П.М. Маликтаева, К.Ш. Саржанова, А.Б. Мынбаева, Ш.Д. Умирбаева //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №1(87). – Б.74-79. https://doi.org/10.55956/EJVR4716

Кіріспе. Дән шикізаттарынан жасалатын қышқыл сүт сусындарының пайдасы зор, өйткені ол іштегі зиянды микрофлораны жойып, адам ағзасын қажетті дәрумендер мен микроэлементтермен қамтамасыз етеді [1].

Айран мен дәнді дақыл қосылып аши келе жағымды қышқыл дәм береді. Оны ашымық деп атайды. Қышқыл сусын бауырға, жүрекке пайдалы. Ашымық – шөл қандыратын сусын, әрі тоқ басатын тағам. Ашымықтың қышқылдық саны ұлттық қышқыл сүт сусынының негізгі сапалық көрсеткіштерінің бірі болып саналады. Сондықтан оның уақытқа байланысты өзгеруін анықтау өзекті мәселеге жатады.

Сақтау кезеңінде ашымықтың химиялық құрамының өзгеруін бақылау кең тараған негізгі физикалық-химиялық көрсеткіш – қышқылдық сан (Тернер градусы бойынша) арқылы жүзеге асырылады.

Сақтау уақыты ұзарған сайын ашымықтың қышқылдық саны өседі. Мұны сүтқышқылды микроорганизмдердің сүт қантын ыдыратып, сүт және басқа қышқылдарды түзіп, олардың ашымықтың қышқылдық санын өсіретіндігімен түсіндіруге болады.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Жұмыстың мақсаты – тиімді температурада ашымықтың қышқылдық санының уақытқа байланысты өзгеруін анықтау.

Зерттеу әдістемесі Excel бағдарламасын қолдана отырып ашымықтың қышқылдық санының уақытқа байланысты өзгеруін сипаттайтын теңдеулер алу.

Жұмыстың нысаны – арпаның қауызынан аршылып ажарланған дәні мен айраннан жасалған ашымық. Ашымыққа қосылған «Меркі» айранының сапалық көрсеткіштері 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Айранның сапалық көрсеткіштері

Майлылығы, %	Қышқылдылығы, ^{0}Т	Ақуызы, г	Көмірсутектері, г	Энергетикалық құндылығы, ккал
2,5	7,5	2,9	3,9	53

Ұйытқы ретінде *Streptococcus thermophilus, Bifidum longum B 379M, Lactobacillus helveticus* қышқыл-сүтті дақылдарының бірлестігі қолданылды. Ашымық ингредиенттерінің арақатынасы 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2

Ашымық ингредиенттерінің арақатынасы

Ашымық ингредиенттері	Массасы, %
Пастерленген сүт	87-89
Арпаның қауызынан ажыратылған дәні	5-10
Ұйытқы	3-5

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. 40°С температурада алынған зерттеу қорытындылары, яғни ашымықтың қышқылдық санының уақытқа байланысты өзгеруі 1-суретте келтірілген. Суретте уақыттың ұлғаюына байланысты ашымықтың қышқылдық саны да өсіп отырғаны көрініп тұр.

Мысалы, сақтау барысында құрамында 30% айраны бар ашымықтың қышқылдық саны 5-35 сағат аралығында шамамен 2,7 есе өсті. Айранның ашымықтағы мөлшері: 1 – 30%; 2 – 40 %.



1 – 30%-дық айран қосылған қышқыл сүт сусыны ашымық; 2 – 40%-дық айран қосылған қышқыл сүт сусыны ашымық.

Сурет 1. Ашымықтың қышқылдық санының уақытқа байланысты өзгеруі.

Айранның концентрациясының артуына байланысты қышқыл сүт сусыны ашымықтың саны да жоғарлайды. Сондай-ақ, зерттеу барысында қосылатын айран мөлшері де ашымықтың қышқылдық санының өзгеруіне әсер ететіні белгілі болды. Айран мөлшері 30%-дан 40%-ға жеткенде 24 сағат ішінде ашымықтың қышқылдық саны 10%-ға көбейді.

Белгілі технологиямен жасалынған ашымықтың қышқылдық санын халықаралық стандартқа сүйене отырып анықтадық [2,3]. 40% айран қосылған ашымық үшін алынған мәліметтерді статистикалық өңдеу қорытындылары 3-кестеде келтірілген.

Кесте 3

Мәліметтерді статистикалық өңдеу қорытындылары
(40 % айран қосылған ашымық үшін)

Орташа	2,77	Орташа	2,97	Орташа	3,90
Стандартты қателік	0,033	Стандартты қателік	0,033	Стандартты қателік	0,058
Медиана	2,8	Медиана	3	Медиана	3,9
Мода	2,8	Мода	3	Мода	#Н/Д
Стандартты ауытқу	0,058	Стандартты ауытқу	0,058	Стандартты ауытқу	0,100
Таңдау дисперсиясы	0,003	Таңдау дисперсиясы	0,003	Таңдау дисперсиясы	0,010
Интервал	0,1	Интервал	0,1	Интервал	0,2
Минимум	2,7	Минимум	2,9	Минимум	3,8
Максимум	2,8	Максимум	3	Максимум	4
Қосындысы	8,3	Қосындысы	8,9	Қосындысы	11,7
Есебі	3	Есебі	3	Есебі	3
Үлкені (1)	2,8	Үлкені (1)	3	Үлкені (1)	4
Кішісі (1)	2,7	Кішісі (1)	2,9	Кішісі (1)	3,8
Сенімділік деңгейі (95,0%)	0,143	Сенімділік деңгейі (95,0%)	0,143	Сенімділік деңгейі (95,0%)	0,248
Орташа	5,63	Орташа	6,20	Орташа	6,47
Стандартты қателік	0,033	Стандартты қателік	0,058	Стандартты қателік	0,088
Медиана	5,6	Медиана	6,2	Медиана	6,5
Мода	5,6	Мода	#Н/Д	Мода	#Н/Д
Стандартты ауытқу	0,058	Стандартты ауытқу	0,100	Стандартты ауытқу	0,153
Таңдау дисперсиясы	0,003	Таңдау дисперсиясы	0,010	Таңдау дисперсиясы	0,023
Асимметриялы ғы	1,732	Асимметриялы ғы	0,000	Асимметриялы ғы	-0,935
Интервал	0,1	Интервал	0,2	Интервал	0,3
Минимум	5,6	Минимум	6,1	Минимум	6,3
Максимум	5,7	Максимум	6,3	Максимум	6,6
Қосындысы	16,9	Қосындысы	18,6	Қосындысы	19,4
Есебі	3	Есебі	3	Есебі	3
Үлкені (1)	5,7	Үлкені (1)	6,3	Үлкені (1)	6,6
Кішісі (1)	5,6	Кішісі (1)	6,1	Кішісі (1)	6,3
Сенімділік деңгейі (95,0%)	0,143	Сенімділік деңгейі (95,0%)	0,248	Сенімділік деңгейі (95,0%)	0,379

Excel орталығын қолдана отырып ашымықтың қышқылдық санының *K* уақытқа *τ* байланысты өзгеруін сипаттайтын төмендегі теңдеулері алынды. 30% айран қосылған ашымық үшін:

$$K=1,7346Ln(\tau) – 0,385 \quad (1)$$

40 % айран қосылған ашымық үшін:

$$K=1,6653Ln(\tau) – 0,557 \quad (2)$$

Екі теңдеудің де көптік корреляция коэффициенті шамамен бірдей, яғни R^2=0,99. Демек бұл теңдеулер ашымықтың қышқылдық санының уақытқа байланысты өзгеруін жоғары дәлдікпен сипаттайды.

30% айран қосылған ашымық үшін регрессиялық талдау қорытындылары 4-кестеде келтірілген.

Кесте 4

Регрессиялық талдау қорытындылары (30% айран қосылған ашымық үшін)

Регрессиялық статистика					
Көптік R	1,00				
R-квадрат	1,00				
Нормалы R-квадрат	1,00				
Стандартты қателік	0,09				
Бақылау	5				
Дисперсионды сараптама					
	df	*SS*	*MS*	*F*	*Мәні F*
Регрессия	1	10,00	10,004	1336,00324	4,0392E-05
Қалдық	3	0,02	0,007		
Барлығы	4	10,03			
	Коэффи-циенттер	*Стан дартты қателік*	*t-статистика*	*P-мәні*	*Төменгі 95%*
Y-қиылысу	-0,3851	0,13	-2,889	0,06307065	-0,809414717
Айнымалы X	1,7346	0,05	36,551	4,0392E-05	1,583553219

Ұйытқы ретінде *Streptococcus thermophilus, Bifidum longum B 379M, Lactobacillus helveticus* қышқыл-сүтті дақылдары бірлестігі қолданылды.

24 сағат аралығында 40%-дық айран қосу арқылы жасалынған қышқыл сүт сусыны ашымықтың органолептикалық көрсеткіштері: дәмі – орташа ашыған, қышқыл сүтті; иісі – жақсы ашыған, дәнді дақылды; консистенциясы – бірқалыпты; түсі – крем түстес.

Айранның пайызы көтерілген сайын уақытқа байланысты қышқылдығы да айтарлықтай жоғарлады.

30%-дық айранды қосқан қышқыл сүт сусынының қышқылдығы 24 сағаттан кейін 5°Т болса, 40% пайыздық айранда бұл көрсеткіш 6°Т ға көтерілді. Мұндай өзгеріске сонымен қатар тәжірибе кезіндегі орта температурасы да елеулі әсер береді.

Қорытынды. Ұлттық қышқыл сүт сусыны ашымыққа жүргізілген тәжірибелер нәтижелерін есептеу үшін белгілі алгоритмдерге сүйене отырып арнаулы формулалар алынды. Excel орталығын қолдана отырып ашымықтың қышқылдық санының *K* уақытқа *τ* байланысты өзгеруін сипаттайтын теңдеулер алдынды. Екі теңдеудің де көптік корреляция коэффициенті шамамен бірдей, яғни R^2=0,99 құрайды. Демек бұл теңдеулер ашымықтың қышқылдық санының уақытқа байланысты өзгеруін жоғары дәлдікпен сипаттайды.

Адам өмірінің ұзақтығы мен денсаулығы құнарлы әрі дұрыс тамақтануына тікелей байланысты. Бұл мәселені шешу үшін дәстүрлі ұлттық өнімдер технологиясын жетілдіру, сонымен қатар жаңа заманға сай сапалы тағамдық өнімдерді өндіру қажет. Сондықтан, денсаулыққа пайдалы, профилактикалық қасиеттерге ие қышқыл сүт сусындарын ғылыми негізде жасау өзекті мәселе болып табылады.

Ашымықтың тағамдық бағалылығын, минералды және дәрумені құрамын есептеу үшін дербес компьютердегі Excel орталығында арнаулы формулалар жасалынды. Бұл болашақта ашымыққа дән қоспасының оңтайлы рецептурасын жасау үшін компоненттердің мөлшерлерін өзгерте отырып, барлық есептеулерді аз уақыт ішінде жүргізуге мүмкіндік туғызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Спандияров, Е. Линия для выработки кисломолочного напитка [Текст]: инф. листок N20-93 / Е. Спандияров, М.С. Сапаралиев. – Жамбыл: ЦНТИ, 1993. – 4 с.
2. ГОСТ 3624-92. Молоко и молочные продукты. Титриметрические методы определения кислотности [Текст]. – Введ. 01.01.94. – Москва: Стандартинформ, 2009. – 7 с.
3. ГОСТ Р 47522-2001. Изделия молочные. Общие технические условия [Текст]. – [?].

Материал редакцияға 26.11.24 түсті, 11.03.25 қабылданды.

П.М. Маликтаева[1], К.Ш. Саржанова[1], А.Б. Мынбаева[2], Ш.Д. Умирбаева[2]

[1]Международный Таразский университет им. Ш. Муртазы, г. Тараз, Казахстан
[2]Таразский университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ОПРЕДЕЛЕНИЕ КИСЛОТНОГО ЧИСЛА КИСЛОМОЛОЧНОГО НАПИТКА

Аннотация. В нашем государстве большое внимание уделяется производству национальных продуктов питания. Ведь такие продукты отличаются высокими пищевыми, потребительскими свойствами, простотой их приготовления и минимальными затратами времени. Специалистам давно известно, что кисловодородные бактерии налаживают в организме выработку интерферона, который борется с клиторальными клетками. Поэтому для профилактики онкологических заболеваний все чаще находят применение кисломолочные продукты. В данной работе изучалось изменение кислотного числа кисломолочного напитка с течением времени. С помощью центра Excel получены уравнения, описывающие изменение кислотного числа кисломолочного напитка с течением времени.

Ключевые слова: кисломолочный напиток, кислотное число, кефир, регрессия.

P.M. Maliktaeva[1], K.Ch. Sarzhanova[1], A.B. Mynbayeva[2], S.D. Umirbaeva[2]

[1]Sherkhan Murtaza International Taraz University, Taraz, Kazakhstan
[2]M.Kh. DulatyTaraz University, Taraz, Kazakhstan

DETERMINATION OF THE ACID NUMBER OF FAIRED MILK DRINK

Abstract. In our country, great attention is paid to the production of national food products. Such products are characterized by high nutritional and consumer properties, simplicity of their preparation and minimal time expenditure. It has long been known to specialists that acidogenic bacteria stimulate the production of interferon in the body, which fights against cancer cells. Therefore, dairy products are increasingly used for the prevention of oncological diseases. This study examines the change in the acidity level of a fermented milk drink over time. Using Excel, equations were obtained that describe the change in the acidity level of the fermented milk drink over time.

Keywords: fermented milk drink, acid number, kefir, regression.

References

1. Spandiyarov Ye., Saparaliyev M.S. Liniya dlya vyrabotki kislomolochnogo napitka [Fermented milk drink production line]: inf. leaflet N20-93. – Zhambyl: CNTI, 1993. – 4 p. [in Russian].
2. GOST 3624-92. Moloko i molochnyye produkty. Titrimetricheskiye metody opredeleniya kislotnosti [Milk and dairy products. Titrimetric methods for acidity determination]. – Introduced 01.01.94. – Moscow: Standartinform, 2009. – 7 p. [in Russian].
3. GOST R 47522-2001. Izdeliya molochnyye. Obshchiye tekhnicheskiye usloviya [Dairy products. General specifications]. – [?]. [in Russian].

ҒТАМР 65.09.05

К.Ш. Саржанова[1] – *негізгі автор*,
П.М. Маликтаева[2], А.С. Боранкулова[3]

[1]Техн. ғылым. канд., доцент, [2]Техн. ғылым. канд., [3]PhD

ORCID *[1]https://orcid.org/0009-0005-9898-8794 [2]https://orcid.org/0000-0002-1251-811X [3]https://orcid.org/0000-0002-1229-753X*

[1,2]Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан
[3]М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан

@ *[1]sarzhanova50@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/VQSJ5522

ДӘННІҢ БЕТІН ӨҢДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ НЕГІЗІНДЕ НАННЫҢ МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН АРТТЫРУ

Аңдатпа. Нан өндірісінің дамуының қазіргі кезеңінде, еліміздің жекелеген аймақтарындағы экологиялық жағдайдың нашарлауына, ауыл шаруашылығында агротехникалық шаралардың қысқаруына байланысты шикізаттың микробиологиялық ластануының жоғарылауы жағдайында, өнім сапасы мәселелерін шешуге және оның микробиологиялық қауіпсіздігін арттыруға бағытталған технологияларды жетілдіру өзекті болып табылады. Жұмыста нан өнімдерінің микробиологиялық тазалығын тұрақтандыру және картоп ауруының алдын алу, ұн тарту алдында дәннің бетін тазалау процесін жетілдіру арқылы мүмкін болатыны ғылыми негізделіп, дәлелденген. Динамикалық жүктеу жағдайында астық бетін қарқынды өңдеу, қондырғының негізгі жұмыс органының кинематикалық параметрлеріне байланысты екендігі және бұл кезде технологиялық талаптарды қанағаттандыратын максималды әсерге қол жеткізілетіндігі анықталды.

Тірек сөздер: ұрып-үйкеу әдісі, микроорганизм, тұқымдану, бидай, ұн, нан, спора, бактерия.

Саржанова, К.Ш. Дәннің бетін өңдеу технологиясын жетілдіру негізінде нанның микробиологиялық қауіпсіздігін арттыру [Мәтін] / К.Ш. Саржанова, П.М. Маликтаева, А.С. Боранкулова //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №1(87). – Б.80-87. https://doi.org/10.55956/VQSJ5522

Кіріспе. Еліміздің оңтүстік аудандарында бидай наны бүлінуінің ең негізгі себебі спора түзгіш *Bac. Mesentericus* (картоп таяқшасы) және *Bac. Subtilis* (пішен таяқшасы) бактериялары туғызатын «картоп ауруы». Бұл ауру өте күшті өз ферменттері әсерінен ақуыз және крахмалдың гидролизге түсуі салдарынан нанның ішкі жұмсағының бұзылуы арқылы сипатталады.

Диірмендерде қолданылатын дәнді тазалау және ұнтақтау әдістері барысында микроорганизмдердің едәуір бөлігі ұнға көшеді. Бидай дәнінің бетіндегі терең қыртысында, макро-және микро түтікшелері мен саңылауларында өте көп мөлшерде шаң-тозаң және микроорганизмдер жиналады. Әсіресе белсенді түрде микроорганизмдер дәннің ұрық клеткасында көбейе бастайды, себебі оның ылғалдылығы дәннің басқа

анатомиялық бөлімдеріне қарағанда әлдеқайда жоғары болады. Дәннің құрамындағы микроорганизмдердің саны мен ұнға тасымалданатын микроорганизмдер саны арасындағы айырмашылық ұнтақтау алдында жүргізілетін дәнің бетін тазарту процесіне байланысты. Сондықтан, дәннің бетін тазалау барысында тек дәннің максималды пайдаланылуы ғана емес, олардың микробиологиялық тұқымдануы да технологиялық процесті жүргізу талаптарына сәйкес болуы керек.

Жұмыстың мақсаты дәннің бетін әртүрлі жұмыс режимдерінде ұрып-үйкеу әрекетті эксперименталды қондырғыда өңдеу арқылы, оның микробиологиялық ластануын төмендету. Нандағы «картоп ауруы» бойынша астық бетін өңдеу әдістерінің тиімділігін анықтау мақсатында зерттеулер жүргізілді.

Бидай дәнінің бетіндегі терең қыртысында, макро-және микро түтікшелері мен саңылауларында өте көп мөлшерде шаң-тозаң және микроорганизмдер жиналады. Әсіресе белсенді түрде микроорганизмдер дәннің ұрық клеткасында көбейе бастайды, себебі оның ылғалдылығы дәннің басқа анатомиялық бөлімдеріне қарағанда әлдеқайда жоғары болады [1].

Өндірісте қолданылатын өңдеу машинасының отандық және шетелдік конструкцияларын талдау нәтижесі, дәннің бетін өңдеу операциясын жүзеге асыру үшін құрылымы бойынша да, жұмыс органдарының өңдеу материалына әсер ету дәрежесі бойынша да олардың көптеген варианттары қолданылатыны анықталды. Бірақ, жоғары сортты ұн өндірісіндегі олардың жұмыс істеу тиімділігі технологиялық талаптарды қанағаттандырмайды. Осыған байланысты, дәннің бетін оның беріктік қасиеттерінен аспайтын күшпен ұрып-үйкеу әрекетімен қарқынды әсер ету арқылы тазартатын эксперименттік қондырғы жасалған (1-сурет).



1 – электр қозғалтқышы; *2* – V-белдік жетек; *3* – подшипникті тірек; *4* – кожух; *5* – бичтер; *6* – қабылдау құбыры; *7* – шығару құбыры.

Сурет 1. Ұрып-үйкеу қондырғысының кинематикалық схемасы

Зерттеу шарттары мен әдістері. Дәннің бетін эксперименттi қондырғымен өңдеу барысында ол келесі механикалық әсерлерге ұшырайды: бичтердің ұруына және жұмысшы цилиндрдің ішкі металл бетіне ұрынады;

жұмысшы цилиндрдің метал бетімен үйкеліседі; дәннің дәнмен үйкелісі, жалпы айтқанда күрделі әсерге ұшырайды. Жұмыс барысында дән бетінің тиімді өңделуіне қол жеткізетін, бичті ротордың айналу жиілігінің оңтайлы мәні анықталады. Дән бетін өңдеудің ең оңтайлы варианты бичті ротордың айналу жиілігі 720 айн/мин болғанда байқалады. Жоғарыда айтылғандардың негізінде, динамикалық жүктеу жағдайында астық бетін қарқынды өңдеу, қондырғының негізгі жұмыс органының кинематикалық параметрлеріне байланысты екендігі және бұл кезде технологиялық талаптарды қанағаттандыратын максималды әсерге қол жеткізілетіндігі анықталды. Ұн зауыттарында дәннің бактериалды және зеңді микрофлоралармен тұқымдануын аталған қондырғымен төмендетудің мәні зор, себебі соның арқасында тек ұнның сапалық көрсеткіші ғана емес, одан пісірілетін нанның сапасы мен қауіпсіздігі де жоғарылайды. Бірақ, қазіргі кезде ұн зауыттарында қолданылатын дәнді тазалау және ұн тарту әдістері толық жетілдірілмегендіктен микроорганизмдердің көпшілігі дәннен ұнға ауысады. Сондықтан, бұл жұмыстың мақсаты дәннің бетін алдын-ала тазалау процесін дәннің қолданылу коэффициентін инновациялық жолмен жоғарылата отырып оның микробиологиялық тұқымдануының нан сапасына қойылатын талаптарға сай болуын қамтамасыз ету.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу материалы ретінде дәннің бетін ұрып-үйкеу әдісімен (ҰҮӘ) тазалайтын экспериментті қондырғыда алдын-ала беті өңделген бидай дәнінің I және IV типтерін қолдандық. Салыстырмалы талдаулар жүргізу үшін «Зар-Замин» А.А.Қ.-ның ұн зауытынан алынған А1-БШМ машинасында сулап өңдеу әдісімен өңделген I типті бидайдың үлгісін пайдаландық [2].

Дәннің микробиологиялық тұқымдануын зерттеуді, дәннің жуындысын Петри шыныаяғындағы МПА қоректі бактериологиялық ортаға егу арқылы жүргіздік. *Bac. Mesentericus* және *Bac. Subtilis* бактерияларының бар-жоғын қатты қоректі ортада өсіп шыққан колонияларды морфологиялық белгілері бойынша есептеу арқылы және нан өндірісінде микробиологиялық бақылау жүргізу туралы нұсқауға сәйкес, МЕМСТ 26669 бойынша зертханада сынақ нан пісіру технологиялық әдісімен анықтадық. Дәннің бетін өңдеу процесінен кейін, дән мен ұнның микробиологиялық тұқымдануының өзгеруін тексерудің нәтижесі 1-кестеде көрсетілген. Онда, дәннің микробиологиялық тұқымдануы, оның бетін өңдеу процесінің тиімділігіне байланысты екенін көрсетті. Бетін өңдеу қарқыны жоғарылаған сайын, микроорганизмдердің саны да азая түседі.

Майда, ширақ қозғалатын таяқшалар *Ps. herbicola* мен *Er. Herbicola* болуы дәннің сапалылығын және балғындығын көрсетеді. МПА-да олар бастапқыда сұр түсті, ал кейінірек алтын-сары түске айналатын тегіс колониялар түзеді. *Bac. Mesentericus* және *Bac. Subtilis* тобының бактериялары міндетті түрде есепке алынады, себебі олар нанның созылмалы (картоп) ауруын қоздырғыштар болып саналады.

Кесте 1

Бастапқы үлгілердің микробиологиялық тұқымданғандығы (мың, 1 г дәнде)

Аталуы	Бактериялар		Микроорганизмдердің жалпы саны
	Ps. herbicola	*Bac. Mesentericus Bac.Subtilis*	
Лабораториялық үлгі	48	37	57000
Өндірістік үлгі	58	42	63000

Бұл топ бактерияларының колониялары МПА-да өсіру кезінде шеттері ойып жасалған әшекейге ұқсас қою қоңыр түске боялады.

Кестеде көрсетілген егілген бидай дәнінің нәтижесіне талдау жүргізе отырып, дәннің сапасы әдеттегідей, балғындығы орташа, спора түзгіш бациллалардың саны нормада деп қорытынды жасадық.

Эксперименталды қондырғыда өңделген бидай дәнінің микробиологиялық тұқымдануын зерттеу үшін әрбір бір минут сайын үлгі алып отырдық. Негізгі зерттеу жұмысын төмендегі тәртіппен жүргіздік. Дән қабылдау. Лабораториялық қондырғы мен өндірістік А1-БШМ машинасында өңделген бидай дәнінің және одан тартылған ұнның микробиологиялық тұқымдануын салыстыру үшін машинаға дейін және кейін үлгілер алдық. Әрбір үлгіден 1г алып стерильденген пробиркаларға салып, содан соң методикаға сәйкес 1:100 ара қатыста суға салып езіп Петри шыныаяғындағы МПА қоректі бактериологиялық ортаға егіп, 3-4 тәулікке термостатқа салып қойдық. Содан соң өсіп шыққан микроорганизмдер колонияларына зерттеу жүргіздік. Дәннің бетін ҰҮӘ өңдеуден кейін, дәннің және ұнның микробиологиялық тұқымдануының өзгеруі 2, 3, 4-кестелерде көрсетілген.

Қондырғының жұмыс істеу принципі келесідей: Дән қабылдау құрылғысы арқылы кожухқа түседі, қозғалтқыш қосылады, бичтердің дәндерді қарқынды ұруының нәтижесінде ұрық бөлшектері, қабықтар және шаң бөлінеді. Эксперимент астық массасын динамикалық жүктеу жағдайында өңдеу уақытын, үлгінің, өнімнің түрін өзгерту жолымен жүргізілді. Зерттеу нәтижелері 2, 3, 4-кестелерде жинақталған.

Кесте 2

Дәннің бетін өңдеу тәртібінің, оның микробиологиялық тұқымдануына тигізетін әсері (мың, 1г)

Өнімдер	Өңдеу уақыты, мин	Машинаның жұмыс істеу тиімділігі			М/о жалпы саны	Спора түзгіш бактериялар
		Сынық дәндердің өсімі,%	Сыдырылған қабық мөлшері, %	Дән күлділігінің төмендеуі, %		
Бидай дәні I тип	1	0,40	1,61	0,03	56700	552
	2	0,25	2,82	0,05	52000	530
	3	0,67	3,45	0,07	41200	410
	4	1,17	4,20	0,08	40000	395
	5	2,27	4,71	0,08	39700	360
	6	3,48	5,37	0,10	39500	321
	7	7,20	5,83	0,11	39500	300
	8	3,93	6,15	0,11	39100	300
Бидай дәні IV тип	1	0,12	1,92	0,01	61120	559
	2	0,30	2,67	0,02	59800	520
	3	0,62	3,12	0,04	58000	472
	4	0,94	4,35	0,07	57100	389
	5	1.32	4,80	0,07	56000	327
	6	1.82	5,40	0,08	55800	285
	7	5,22	5,90	0,09	55750	260
	8	7,37	6,30	0,09	55700	245
Өңдеуден кейін қалған қалдықтар (I тип)					67000	610
Өңдеуден кейін қалған қалдықтар (IV тип)					72500	660

Кесте 3

Дән бетін өңдеу процесінің, ұнның *Bac. Mesentericus* және *Bac. Subtilis* бактерияларымен тұқымдануына тигізетін әсері (I типті бидай)

Өнім	Үлгінің түрі	Микроорганизмдердің саны (1г ұнда)	Бактерияларының саны (1г ұнда)
Жоғары сортты ұн I сортты ұн IIсортты ұн	Беті өңделмеген дәннен тартылған ұн	12700 13100 14600	180 390 560
Жоғары сортты ұн I сортты ұн II сортты ұн	Беті өңделген дәннен тартылған ұн	9000 10600 13300	110 180 210

Кесте 4

Дән бетін өңдеу процесінің, ұнның *Bac. Mesentericus* және *Bac .Subtilis* бактерияларымен тұқымдануына тигізетін әсері (IV типті бидай)

Өнім	Үлгінің түрі	Микроорганизмдердің саны (1г ұнда)	Бактерияларының саны (1г ұнда)
Жоғары сортты ұн I сортты ұн IIсортты ұн	Беті өңделмеген дәннен тартылған ұн	13000 13900 14700	210 415 670
Жоғары сортты ұн I сортты ұн II сортты ұн	Беті өңделген дәннен тартылған ұн	9300 10200 13400	85 140 170

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Алынған мәліметтер дәннің бетіндегі микроорганизмдердің саны тазалау қарқынына байланысты екенін көрсетті. Өңдеу уақыты жоғарылаған сайын микроорганизмдермен тұқымдану төмендей береді, бірақ сынық дәннің мөлшері де өседі.

Ал, «Диірменде технологиялық процесті ұйымдастыру және жүргізу» ережесіне сәйкес машинаның технологиялық тиімділігі сынған дәндердің өсуімен, сыртқы қабығының пайыздық мөлшерінің төмендеуімен және дән күлділігінің төмендеуімен анықталады. Сондықтан, осы аталған көрсеткіштердің мөлшері арнайы ережеде көрсетілген мәніне сәйкес болуын ескере отырып, дәннің микроорганизмдермен тұқымдануының айтарлықтай төмендеген уақытын белгіледік. Ондай нәтиже өңдеу уақыты 8 минутқа жеткенде байқалды.

Келтірілген мәліметтер, сыдырылған қабық мөлшері өскен сайын дәннің жалпы микробиологиялық тұқымдануы, сонымен қатар споратүзгіш бактериялармен тұқымдануы төмендейтінін, ал қалдықтағы микроорганизмдердің саны көбейе түсетіндігін көрсетті.

Сонымен қатар, дәннің сыртқы қабығы көбірек түскен ұнның микробиологиялық тұқымдануы жоғарырақ екендігі байқалды. Сонымен, дәннің сыртқы қабықтарының микробиологиялық тұқымдануы әлдеқайда жоғары, егер оларды дәннің бетін өңдеу барысында толық сыдырмаса, ұн микрофлорасының жоғарылауына әкеліп соқтырады.

5-кестеде көрсетілген салыстырмалы зерттеу нәтижелері бойынша А1-БШМ жуу машинасына қарағанда ҰҮӘ өңдейтін эксперименталды қондырғы дәннің микробиологиялық тұқымдануын әлдеқайда төмендетіні байқалды.

Кесте 5

Микробиологиялық тұқымданудың салыстырмалы нәтижесі (мың 1 т дәнде)

Аталуы	Бактериялардың саны	
	Өңдеуге дейін	Өңдеуден кейін
Эксперименталды қондырғы	51000	24500
Өндірістік А1-БШМ	60000	32130

Зерттеу жұмысында дәннің жалпы микроорганизмдермен тұқымдануымен қатар микроорганизмдердің ерекше тобы, наның созылмалы «картоп» ауруын қоздыратын *Bac. Mesentericus* және *Bac. Subtilis* спора түзгіштерімен тұқымдануына көбірек көңіл бөлінді. Бұл микроорганизмдердің бактериологиялық колонияларының құрылымдық ерекшеліктерін біле отырып, олардың санын анықтау қиынға түспес еді. Бірақ бұл жолы оларды дәлірек әдіс- кішкентай домалақ нан пісіру арқылы анықтадық.

Нан пісіруге қажетті ұнды эксперименталды қондырғыдан кейін және А1-БШМ машинасынан кейін алынған дән үлгілерін лабораториялық ұн тартқышта тартып алдық. Сынама пісіруге арналған қамырды опарасыз дайындадық. Ашыған қамырды 60 және 120 минуттан кейін екі рет иледік. Жалпы ашу уақыты – 170 мин. Ашыған қамырды бірдей етіп үшке бөліп, көмірқышқыл газы түгел бөлініп шыққанша әбден илеп, екеуіне ұзынша, ал біреуіне шар тәрізді форма бердік. Екеуін майланған формаға, ал шар тәріздіні табаншаға орналастырып термостатқа салдық. Пісіру 220-230°С температурада ылғалдандырылған пісіру камерасы бар пеште жүргізілді [3].

Жоғары сортты бидай ұнынан пісірілген формалы нан – 30мин табанша нан – 28мин; 1-ші сортты – 32 және 30; екінші сортты нан – 35 және 32 минутта піседі. Піскен нанды 18-22°С температураға дейін 1,5-2 сағат салқындаттық.

Пісірілген нан үлгілерін ылғал қағазға орап, полиэтилен пакетіне салып температурасы 37-40°С термостатта сақтап,. нан үлгілерінде картоп ауруының белгілерінің пайда болуын 24-36 сағаттан кейін бақыладық. Зерттеу нәтижелері 6-кестеде көрсетілген.

Кесте 6

Дәннің бетін ҰҮӘ тазалау қондырғысында өңдеудің нанның «картоп» ауруымен ауыру деңгейіне тигізетін әсері

Өзгеріс белгілері	Ұсынылатын балл	ҰҮӘ өңдеу уақыты						Өндірістік үлгі
		0	1	2	3	4	5	
Нанды үзіп бөлгендегі жіпшелердің саны:								
– жіңішке, сирек орналасқан;	5	-	-	-	-	5	5	-
– бүкіл бетінде жиі орналасқан;	10	-	10	10	-	-	-	10
– қалың жіпшелер.	15	5	-	-	-	-	-	-
Нанның ішкі жұмсағының жәйі:								
– басылып қалған;	5	15	-	-	5	5	5	-
– жабысқақ.	10	15	-	10	-	-	-	10

Ешқандай машинада өңделмеген дәннен тартылған ұннан пісірілген нан 24 сағаттан кейін-ақ бұзыла бастады, ал қарқынды өңдеуден өткен үлгілерден пісірілген нандар негізінен 72 сағаттан соң бұзыла бастады.

Өндірістік дәннен тартылған ұннан пісірілген нанның ішкі жұмсағының өзгеруін 15 баллмен бағаладық. Ол өзгерістер нанды үзіп бөлген

кезде қалың жіпшелердің пайда болуымен, нан жұмсағының жабысқақ болуымен, қараюымен, өткір иістің пайда болуымен сипатталады. Ал эксперименталды қондырғыда өңделген I және IV типті бидай дәндерінен тартылған I және II сорт ұндарынан пісірілген нандардың ішкі жұмсағында сирек орналасқан жіңішке жіпшелер пайда болды, ал жоғары сортты ұннан пісірілген нанның ішкі жұмсағының болмашы ғана иісі болды, оны 5 баллмен бағаладық, яғни «картоп» ауруының өте нашар белгісі бар деп сипаттадық.

Қорытынды. Сонымен, ҰҮӘ өңдейтін эксперименталды қондырғыны пайдалана отырып дәннің сыртқы қабығын максималды сыдырудың нәтижесінде оның жалпы микробиологиялық тұқымдануын төмендетумен қатар, нанның сапасы мен қауіпсіздігіне әсер ететін спора түзгіш бактериялар *Bac. Mesentericus* және *Bac. Subtilis* микроорганизмдер санын да төмендетуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мизанбекова, С.К. Основные направления в обеспечении продовольственной безопасности Казахстана [Текст] / С.К. Мизанбекова // Известия НАН.РК. Серия аграрных наук. – 2013. – №4(16). – С 449.
2. Саржанова, К.Ш. Влияние кинематических параметров рабочих органов установки на эффективность обработки поверхности зерна в условиях динамического нагружения [Текст] / К.Ш. Саржанова // Хранение зерна и переработка сельскохозяйственной продукции. – 2001. – №1. – С. 27-29.
3. Правила организации и ведения технологического процесса на мукамольных заводах [Текст]. – М.: ВНП Зернопродукт, 1991.

Материал редакцияға 26.11.24 түсті, 11.03.25 қабылданды.

К.Ш. Саржанова[1], П.М. Маликтаева[1], А.С.Боранкулова[2]

[1]Международный Таразский университет им. Ш. Муртазы, г. Тараз, Казахстан
[2]Таразский университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ПОВЫШЕНИЕ МИКРОБИОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ХЛЕБА НА ОСНОВЕ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ТЕХНОЛОГИИ ОБРАБОТКИ ПОВЕРХНОСТИ ЗЕРНА

Аннотация. На современном этапе развития хлебопекарного производства в условиях повышенного микробиологического загрязнения сырья, связанного с ухудшением экологической ситуации в отдельных регионах страны, снижения агротехнических мероприятий в сельском хозяйстве актуальным является совершенствование технологий, направленных на решение проблем качества продукции и повышения ее микробиологической безопасности. В работе научно обоснована и доказана возможность стабилизации микробиологической чистоты хлебобулочных изделий, предупреждение картофельной болезни хлеба путем совершенствования процесса очистки поверхности зерна перед помолом. Выявлено что интенсивная обработка поверхности зерна в условиях динамического нагружения зависит от кинематических параметров основного рабочего органа установки, при которой достигается максимальный эффект, удовлетворяющий технологическим требованиям.

Ключевые слова: ударно-истирающее действие, микроорганизм, обсеменение, пшеница, мука, хлеб, спора, бактерия.

K.Ch. Sarzhanova[1], P.M. Maliktaeva[1], A.S. Borankulova[2]

[1]Sherkhan Murtaza International Taraz University, Taraz, Kazakhstan
[2]M.Kh. DulatyTaraz University, Taraz, Kazakhstan

INCREASING THE MICROBIOLOGICAL SAFETY OF BREAD BASED ON IMPROVEMENT OF GRAIN SURFACE PROCESSING TECHNOLOGY

Abstract. At the current stage of development of bakery production in conditions of increased microbiological contamination of raw materials associated with the deterioration of the environmental situation in certain regions of the country, and the reduction of agrotechnical measures in agriculture, it is important to improve technologies aimed at solving problems of product quality and increasing its microbiological safety. The work scientifically substantiates and proves the possibility of stabilizing the microbiological purity of bakery products, preventing potato disease of bread by improving the process of cleaning the surface of the grain before milling. It was revealed that intensive processing of the grain surface under dynamic loading conditions depends on the kinematic parameters of the main working element of the installation, at which the maximum effect is achieved, satisfying technological requirements.

Keywords: impact-abrasive action, microorganism, seeding, wheat, flour, bread, spore, bacteria.

References

1. Mizanbekova S.K. Osnovnyye napravleniya v obespechenii prodovol'stvennoy bezopasnosti Kazakhstana [Main directions in ensuring food security of Kazakhstan] // Bulletin of the NAS RK. Series of agrarian sciences. – 2013. – No. 4(16). – P. 449. [in Russian].
2. Sarzhanova K.SH. Vliyaniye kinematicheskikh parametrov rabochikh organov ustanovki na effektivnost' obrabotki poverkhnosti zerna v usloviyakh dinamicheskogo nagruzheniya [Influence of kinematic parameters of the working bodies of the installation on the efficiency of grain surface processing under dynamic loading] // Grain storage and processing of agricultural products. – 2001. – No. 1. – P. 27-29. [in Russian].
3. Pravila organizatsii i vedeniya tekhnologicheskogo protsessa na mukamol'nykh zavodakh [Rules for organizing and maintaining the technological process at flour mills]. – Moscow: VNP Zernoprodukt, 1991. [in Russian].

ҒТАМР 65.29.03

А.С. Боранкулова[1] – *негізгі автор*,
А.С. Умирбекова[2], А.К. Садыбаев[3],
Л.Ж. Алашбаева[4], Б.Е. Солтыбаева[5], М.Е. Ержанова[6]

©

[1,4,5]PhD, қауымдас. профессор м.а., [2]Магистр, аға оқытушы,
[3]Техн. ғылым. канд., қауымдас. профессор м.а.,
[6]Техн. ғылым. канд., қауымдас. профессор

ORCID *[1]https://orcid.org/0000-0002-1229-753X [2]https://orcid.org/0000-0001-8175-1030*
[3]https://orcid.org/0000-0003-0427-3025 [4]https://orcid.org/0000-0003-3099-5988
[5]https://orcid.org/0000-0002-3260-4429 [6]https://orcid.org/0000-0002-6496-2693

[1,2,3,4,5,6]М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті,
Тараз қ., Қазақстан

@ *[1]aselboor@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/SNMB4114

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА ӨСІРІЛГЕН ОТАНДЫҚ СҰРЫПТЫ БИДАЙЛАРДЫҢ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫН ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Жамбыл облысы өңірінде өсірілген, Богарная-56 (Меркі және Т. Рысқұлов аудандарында), Стекловидная-24, Безостая-1 сұрыпты (Байзақ ауданында) бидай дәндерінің физика-химиялық қасиеттері зерттелінген.

Зерттеу барысында бидай дәндерінің сапалық қасиеттерін бағалаудың әдістемелері мен әдістері қолданылды. Зерттелінген бидай сұрыптары жоғарғы 1000 дәннің салмағы (30,2-39,7 г) және 743-794 г/л натурасымен сипатталынды. Ақуыз бен желімтектің мөлшері 13,0-17,7% және 24-31% шамасында өзгерді. ИДК-М1 көрсеткіштері бойынша желімтектің сапалық мәні, Меркі және Т. Рысқұлов аудандарында өсірілген Богарная-56 сұрыпты күздік бидайларының үлгілері – бірінші сапалық топты көрсетті. Ал, Стекловидная-24, Безостая-1 сұрыпты бидай үлгілері – екінші сапалық топқа сәйкес келетіндігі анықталынды.

Дәннің технологиялық қасиеттерін және физика-химиялық көрсеткіштерін зерттеу нәтижелері бойынша зерттелетін бидайдың үшінші класс стандарттарына сәйкестігі анықталды. Физика-химиялық қасиеттерін бағалау нәтижесінде күздік бидай дәнінің отандық сұрыптары МЕМСТ 9353 талаптарына сәйкестігі анықталды, бұл оның нан пісіруге жарамдылығын көрсетеді. Астық сапасының көрсеткіштерінің жиынтығы бойынша ең бағалысы күздік бидайдың жұмсақ Богарная-56 (Т. Рысқұлов ауданы) және Богарная-56 (Меркі ауданы) сорттарының үлгілері болып табылады.

Тірек сөздер: күздік бидай, 1000 дәннің массасы, шынылығы, натурасы, желімтек сапасы, технологиялық сапа, химиялық құрамы.

Боранкулова, А.С. Жамбыл облысында өсірілген отандық сұрыпты бидайлардың физика-химиялық құрамын және технологиялық қасиеттерін зерттеу [Мәтін] / А.С. Боранкулова, А.С. Умирбекова, А.К. Садыбаев, Л.Ж. Алашбаева, Б.Е. Солтыбаева, М.Е. Ержанова //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №1(87). – Б.88-96. https://doi.org/10.55956/SNMB4114

Кіріспе. Қазақстан Республикасының жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Концепциясында тұжырымдалынған, яғни агробиотехнология саласындағы ғылыми-техникалық дамудың басымдылығы мен стратегиялық бағыты, қауіпсіз және жоғары сапалы тағам өнімдерін, соның ішінде функционалды бағыттағы өнімдерді жасауда ауыл шаруашылық өнімдерін тиімді өңдеу өзекті болып табылады [1].

Осыған орай, тамақ және қайта өңдеу өнекәсібінде ауыл шаруашылығы шикізаттарын кешенді өңдеуде, оның ішінде тағамдық қоспаларды алуды қамтамасыз ететін екіншілік ресурстарды өңдеу, сонымен қатар оларды функционалды тамақ өнімдерін (ФТӨ) жасауда қолдану, Қазақстан халқының тамақтану статусындағы макро-және микроэлементтердің жетіспеушілігін толықтырудың арқасында алиментарлы тәуелді аурулардан болатын шығынды азайтады [2].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу нысандары ретінде Жамбыл облысының аймақтарында өсірілген: 1981 жылы «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының» селекционерлерімен өсірілген Богарная-56; Стекловидная-24; сонымен қатар 1958 жылы «П.П. Лукьяненко атындағы Ұлттық Астық Орталығында» өсірілген күздік бидайдің отандық жұмсақ сұрыптары алынды. Жамбыл облысының Байзақ, Меркі және Т. Рысқұлов аудандарының шаруа қожалықтары бидай үлгілерін ұсынды.

Бидай дәнінің сапалық қасиеттерін анықтау бойынша, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Халықаралық инженерлік академиясының академигі, т.ғ.д., профессор «А.С. Ахметов атындағы наноинженерлік зерттеу әдістері» инженерлік бейіндегі ғылыми-зерттеу зертханасында, «Тамақ өндірісі және биотехнология» кафедрасының зертханаларында, «ZHAMBYL STANDART» стандарттау, сертификаттау және метрология бойынша тобы» ЖШС аккредиттелінген сынақ зертханаларында және «КАЗАГРЭКС» АҚ Тараз филиалында зерттеулер жүргізілді. Зертханалар, акредитация берілген (аккредителінеген зертханалар үшін) саласына сәйкес астық және оның өңделген өнімдерінің қауіпсіздігіне және сапасына сынақтар жүргізу бағытталынған, отандық және шетелдік өндірушілер (Perten Instruments (Швеция), Chopin Instruments (Франция)) жасаған заманауи жабдықтармен жабдықталынған.

Зертелінетін үлгілердің технологиялық сапа көрсеткіштерін бағалау, СТ ҚР 1046-2008 Бидай. Техникалық шарттары регламенттелінген зерттеу әдістеріне сай жүргізілді. Астықтың сынамасын алу – МЕМСТ 13586.3, түсі мен иісін анықтау – МЕМСТ 10967 2019, ылғалдылығын анықтау – МЕМСТ СТ ҚР ИСО 712-2014, ақуыздың массалық үлесін анықтау – МЕМСТ 10846-91, зиянкестермен зақымдануды анықтау – МЕМСТ 13586.6-93, натурасын анықтау – СТ ҚР 1888-2009, шынылығын анықтау – МЕМСТ 10987-76, бидайдағы желімтектің санын және сапасын анықтау – МЕМСТ 13586.1-2014 және 1000 дәннің масасын анықтау МЕМСТ ISO 520-2014 бойынша орындалды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Бидай дәнінің технологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын нормалық көрсеткіштері (натура, 1000 дәннің салмағы, шынылығы, ластануы, желімтектің саны мен сапасы), органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштері (ылғалдылығы, күлділігі, ақуыз мөлшері, крахмал мен бейтараптанып ыдырайтын талшықтардың мөлшері) анықталынды [3,4].

Зерттелінетін бидай дәнінің барлық үлгілері нормативтік көрсеткіштерге сәйкес келеді. Бидай дәнінің ұн тарту қасиетін сипаттайтын базалық көрсеткіштердің бірі, ұн шығымына тікелей әсер ететін көрсеткіш – 1000 дәннің салмағы болып табылады [5]. 1000 дәннің салмағы артқан сайын, ұн шығымыда артады. Ірі, жақсы толған бидай дәніндегі эндсперімнің үлесі 70-85%, майда бидай үшін 40-65% құрайды. Дәннің ірілігі төмендеген сайын эндоспермнің де мөлшері азаяды. Зерттелетін үлгілердегі 1000 дәннің салмағы 30,2-39,7 г шамасында боды. 1000 дәннің салмағы бойынша Т. Рысқұлов ауданында өсірілген Богарная-56 сұрыпты ең жоғарғы көрсеткішті көрсетті.

Бидайдың ұн тарту қасиеттерін бағалау кезінде, эндоспермнің консистенциясын сипаттайтын дәннің шынылығы маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Зерттеу жұмыстары екі қайтара жүргізілді. 1-суретте зерттелінген бидай үлгілерінің сапалық көрсеткіштерінің орташа мәндері берілген.



Сурет 1. 1000 дәннің салмағының, шынылығының, желімтек мөлшерінің көрсеткіштері

1-суретте көрсетілген диаграмманың мәліметтеріне сүйенсек Стекловидная-24 және Безостая-1 сұрыптарындағы бидайдың шынылығы жоғары екені байқалды. Зерттелінген сұрыпты үлгілердің шынылығы 54-60% шамасында болды. Бидайдағы желімтектің пайыздық мөлшері 24,0-31,0% құрады. Желімтектің жоғары мөлшері мен жақсы сапасы Богарная-56 сұрыптарында анықталды.

Жуылған желімтектің серпімділігі, деформациясын өлшегіш ИДК құралының көмегімен сапалық тобы анықталынды [6]. Зерттелінген үлгілердегі бидай желімтектігінің сапалық көрсеткіштері 2-суретте берілген. ИДК құралының көрсеткіші бойынша Меркі және Т. Рысқұлов аудандарында өсірілген Богарная-56 күздік бидайының үлгілерінде желімтектің сапалық мәні ең жақсы – бірінші топқа жатады. Стекловидная-24 және Безостая-1 сұрыпты бидайлардың үлгілері – екінші топтық сапаға сай келді.

Натурасы жоғары жақсы дамыған бидайдың құрамында эндоспермнің мөлшері көп және де соған сәйкес гүлді қабықшалары аз болады. МЕМСТ 9353-2016 «Бидай. Техникалық шарттары» талаптарына сай, азық-түлік мақсатындағы өңделетін бидай дәнінің натурасы 710 г/л кем болмауы қажет.



Сурет 2. Бидай дәнінің желімтек сапасының көрсеткіштері

3-суретте зерттелетін үлгілердің бидай дәнінің натурасын зерттеу барысында алынған нәтижелер көрсетілген. Алынған нәтижелерге сүйенсек, Богарная-56 сұрыпты (Т. Рысқұлов және Меркі аудандары) бидайлардың натуралық салмағы ең жоғарғы болды, бұл олардың технологиялық артықшылықтарының жоғары екенін көрсетеді. Зерттелінген барлық жұмсақ бидай үлгілерінің натуралық көрсеткіштері айтралықтай жоғары екені анықталынды.



Сурет 3. Бидай дәнінің натурасы көрсеткішінің мәні

Астық қорларының зиянкестерімен зақымдану көрсеткіші бойынша бидай үлгілерін талдау нәтижелері, Стекловидная-24 және Безостая-1 сұрыпты үлгілерінде 1 дәрежелі бізтұмсықтармен зақымданғаны анықталынды, ол өз кезегінде дәннің сапасын нашарлатып және ұн шығымын төмендетеді. Талдау нәтижелері «ZHAMBYL STANDART» стандарттау, сертификаттау және метрология бойынша тобы» ЖШС зертханасының зерттеу хаттамасында көрсетілген.

Ферментативті белсенділігін сипаттайтын және бидайдың класын анықтайтын маңызды көрсеткіш құлау саны болып табылады, ол бидай дәнінің құндылығы мен сапасын бағалаудың басты критериі [7]. СТ ҚР 1889-2009 «Бидай және бидай өнімдері. Құлау санын анықтау» талаптарына сай «КАЗАГРЭКС» АҚ Тараз филиалының аккредиттелінген сынақ зертханаларында Perten Instruments (Швеция) өндіруші компаниясында шығарылған «Falling Number 1800» құлау санын анықтау анализаторында бидайдің құлау саны анықталынды. Құлау саны көрсеткішінің орташа мәні шамамен 482-579 с аралығында болды. СТ ҰР 1889 2009 талаптарына сай құлау саны (шектік нормасы) жұмсақ бидайдың 3 класы үшін 150 с кем болмауы қажет. 4-суретте құлау саны мәндері көрсетілген.



Сурет 4. Құлау саны көрсеткішінің мәндері

Бидай дәнінің физикалық және морфологиялық ерекшеліктері дәннің сапасына негізделген. Perten Instruments (Швеция) компаниясында шығарылған Diode Array 7200 инфрақызыл анализаторының көмегімен алынған үлгілердің химиялық құрамы, физика-химиялық көрсеткіштері: ылғалдылығы, күлділігі, ақуыз мөлшері, крахмал, бейтарап ыдырайтын талшық бойынша зерттеулер орындалды. 5-суретте бидай сапасының негізгі физика-химияылық көрсеткіштері берілген.

Бидай дәнінің биохимиялық құрамы органикалық және бейорганикалық заттар тобымен анықталынады, ал тағамдық құндылығы көмірсулер мен ақуыздарға негізделеді. Зерттеу нәтижесі бойынша бидай дәніндегі ақуыз мөлшері 13,0-17,7 % құрады. Ақуыздың жоғарғы мөлшері келесі: Богарная-56 (Т. Рысқұлов ауданы) – 17,7%, Стекловидная-24 (Байзақ ауданы) – 16,2% бидай үлгілерінде байқалды.



Сурет 5. Бидай дәнінің физика-химялық көрсеткіштері

Желімтектің мөлшері дәндегі ақуыз мөлшерімен жақсы сәйкес келеді, яғни ол зерттеу нәтижелерімен расталынады. Дәннің салмағына, шикі ақуыз құрамына және желімтек мөлшеріне «Құлау санына» байланысты маңызды сапа көрсеткіштері өзгеруінің негізгі тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді. Жұмсақ күздік бидай үлгілеріндегі талшықтардың массалық үлесінің орташа мәні 15,5% құрады. Талшықтың мөлшері бойынша көп мәнге: Богарная-56 (Меркі ауданы) – 17,1%, Безостая-1 (Байзақ ауданы) – 17,0% бидай үлгілері ие болды.

Ұнның функционалдылығы бірқатар параметрлерге тәуелді, яғни олардың бірі крахмалдың қасиетті болып табалады. Богарная-56 (Меркі ауданы) және Безостая-1 (Байзақ ауданы) сұрыпты бидай үлгілерінде

крахмалдың жоғары мөлшерде екені анықталынды. 6-шы суретте бидай дәніндегі крахмал мөлшері берілген



Сурет 6. Бидай дәніндегі крахмал көрсеткіштерінің мәні

Зерттелінген бидай үлгілері мемлекеттік стандарт талаптарына сай келетін жоғары технологиялық қасиеттерге ие. Зерттеу барысында қолданылған барлық дән үлгілерінің технологиялық қасиеттері мен химиялық құрамын зерттеуде, негізгі шикізатты дұрыс таңдауға мүмкіндік берді.

Жамбыл облысында Богарная-56, (Меркі және Т. Рысқұлов аудандарында), Стекловидная-24, Безостая-1 (Байзақ ауданында) өсірілген бидай дәні үлгілеріне зертханалық сынақтар жүргізу кезінде, ары қарай ұнға өңдеуге екі сұрыптың артықшылығы айқындалды.

Күздік бидайдың перспективті сұрыптарын кешенді бағалау нәтижелеріне сүйене отырып, негізгі шикізат ретінде Т. Рысқұлов және Меркі аудандарында өсірілген Богарная-56 сұрыпты күздік жұмсақ бидайын мақсатқа лайықты қолданылуға болады деген тұжырым жасалынды.

Алынған зерттеу нәтижелері, эксперименталді зерттелінген үлгілерді өңдеу үшін қолданудың ғылыми дәлелі болып табылады.

Қорытынды. Эксперименталді зерттеулерді жүргізу барасында физика-химиялық құрамы мен технологиялық қасиеттерін зерттеуге бағытталынған Богарная-56, (Меркі және Т. Рысқұлов аудандарында), Стекловидная-24, Безостая-1 (Байзақ ауданында) сұрыпты бидай дәні ұн тартуға өделеді. Жамбыл обылысында өсірілеген функционалды бағыттағы нан және нан өнімдерін өндіру үшін наубайхана өндірісінде қолдану мақсатында, келесі қорытындыларды жасауға болады:

– Жамбыл облысында өсірілген күздік жұмсақ бидай үлгілерінің химиялық құрамы зертелінді;

– бидай сапасының базалық көрсеткіштері анықталынды (сыртқы түрі, түсі, иісі, зиянкестермен зақымдануы, ылғалдылығы, ластануы);

– бидай сапасының арнай көрсеткіштері анықталынды (шынылығы, натурасы, 1000 дәннің салмағы, құлау саны, ақуыз мөлшері, шикі желімтектің саны және сапасы);

– бидай сапасының физика-химиялық көрсеткіштері анықталынды (ақуыз мөлшері, крахмал, клетчатка, күлділігі).

Жоғарыда айтылғандарды негізгі ала отырып, алынған үлгілердің бірегейлігін және физика-химиялық құрамы мен технологиялық қасиеттерін анықтау барысында, Богарная-56 (Меркі және Т. Рысқұлов аудандарында) сұрыпты күздік жұмсақ бидай үлгілері өте жақсы сапалық көрсеткіштерге ие болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Байдыбекова, С.К. Аграрный сектор экономики как основа продовольственной безопасности страны [Текст] / С.К. Байдыбекова, С.Б. Сауранбай, Д.Д. Ермекбаева // Научный журнал «Вестник университета «Туран». – 2022. – № 4(96). – С. 11-25.
2. Iztayev A., Yakiyayeva M., Kulazhanov T., Kizatova M., Maemerov M., Stankevych G., Toxanbayeva B., Chakanova Z. Efficient mathematical models of ion-ozon cavitation treatment for long-term storage of grain legume crops // Acta Technica CSAV (Ceskoslovensk Akademie Ved). – 2018. – No. 63 (1). – P. 1-8.
3. Рахымбаева, М.Н. Отандық әртүрлі жаздық және күздік бидай сұрыптарының физика-химиялық қасиеттерін зерттеу [Текст] / М.Н. Рахымбаева, А.И. Изтаев, Т.К. Кулажанов, М.А. Якияева, Э.Б. Аскарбеков, М.Д. Кенжеходжаев // Механика және технологиялар. – 2024. – №3(85). – Б. 84-93.
4. Изтаев, А.И. Биоэнергетические и экологические процессы урожайных, семенных свойств и технологических качеств зерна [Текст]: монография / А.И. Изтаев, Р.А. Урозалиев, Т.К. Кулажанов, М.М. Маемеров, Б.И. Изтаев, М.А. Якияева. – Алматы: ТОО «LEM», 2017. – 236 с.
5. Джанкуразов, Б.О. Сохранить золотое зерно Казахстана [Текст] / Б.О. Джанкуразов, К.Б. Джанкуразов. – Алматы: Алейрон, 2013. – 165 с.
6. Беркутова, Н. Мукомольные свойства зерна перспективных сортов озимой пшеницы [Текст]/ Н. Беркутова, Б. Сандухадзе, Е. Соболева // Хлебопродукты. – 2010. – № 11. – С. 51-53.
7. Шаймерденова, Д.А. Изучение возможности использования зерновых и зернобобовых культур Казахстана как основ для продуктов питания [Текст] / Д.А. Шаймерденова, Ж.М. Чаканова, М.Б. Бекболатова [и др.] // Механика и Технология. – 2018. – № 4. – С. 89-94.

Зерттеу жұмыстары ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған BR24992867 «Қазақстанның су шаруашылығын және қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту мен басқаруға арналған ресурсты үнемдейтін технологияларды әзірлеу, инновациялық инжинирингтік орталық құру» жоба аясында орындалды.

Зерттеу жұмысын орындау барысында қолдау көрсеткен М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің «А.С. Ахметов атындағы наноинженерлік зерттеу әдістері» инженерлік бейіндегі ғылыми зерттеу зертханасы мен «Тамақ өндірісі және биотехнология» кафедрасының басшылығы мен ғалымдарына алғысымызды білдіреміз.

Материал редакцияға 05.12.24 түсті, 04.03.25 қабылданды.

А.С. Боранкулова[1], А.С. Умирбекова[1], А.К. Садыбаев[1], Л.Ж. Алашбаева[1], Б.Е. Солтыбаева[1], М.Е. Ержанова[1]

[1]Таразский университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ФИЗИКО-ХИМИЧЕСКОГО СОСТАВА И ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ СВОЙСТВ ОТЕЧЕСТВЕННЫХ СОРТОВ ПШЕНИЦЫ, ВЫРАЩЕННЫХ В ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация. Проведено изучение физико-химических свойств зерна пшеницы сорта Богарная-56 (Меркенский района и района Т. Рыскулова), сорта Стекловидная-24 (Байзакский район), сорта Безостая-1 (Байзакский район) мукомольного направления, выращенных в Жамбылской области.

В ходе исследований образцов были использованы различные методики и методы оценки качественных характеристик зерновок пшеницы. Исследуемые сорта

характеризовались высокой массой 1000 зерен (30,2-39,7г.) и натурой от 743-794г/л. Содержание белка и клейковины изменялось в диапазоне 13,0-17,7% и 24-31%. Наилучшие значения качества клейковины по показаниям ИДК отмечены у образцов сортов озимой пшеницы Богарная-56, возделанных в Меркенском и Т. Рыскуловском районах, отнесено к первой группе качества. Образцы пшеницы сортов Стекловидная-24 и Безостая-1, соответствуют второй группе качества.

По итогам исследования технологических свойств зерна и физико-химических показателей, установлено, что исследуемая пшеница соответствует нормам третьего класса. В результате оценки физико-химических свойств установлено соответствие зерна отечественных сортов озимой пщеницы требованиям ГОСТ 9353, что сведетельствует о его приготодности в хлебопекарном производстве.

Ключевые слова: масса 1000 зерен, стекловидность, натура, качество клейковины, технологическое качество, химический состав.

A. Borankulova[1], A. Umirbekova[1], A. Sadibayev[1],
L. Alashbayeva[1], B. Soltybayeva[1], M. Yerzhanova[1]

[1]M.Kh. DulatyTaraz University, Taraz, Kazakhstan

STUDY OF THE PHYSICAL AND CHEMICAL COMPOSITION AND TECHNOLOGICAL PROPERTIES OF DOMESTIC WHEAT VARIETIES GROWN IN THE ZHAMBYL REGION

Abstract. The study investigates the physico-chemical properties of wheat grain of the Bogarnaya-56 variety (grown in the Merkensky and T. Ryskulov districts), the Steklovidnaya-24 variety (Bayzak district), and the Bezzostaya-1 variety (Bayzak district) intended for milling, grown in the Zhambyl region.

Various techniques and methods for evaluating the qualitative characteristics of wheat grains were used during the research of the samples. The studied varieties were characterized by a high 1000-grain weight (30.2-39.7 g) and a volume weight of 743-794 g/l. The protein and gluten content varied in the range of 13.0-17.7% and 24-31%. The best gluten quality values according to the IDK readings were noted in the samples of winter wheat varieties Bogarnaya-56, grown in the Merkensky and T. Ryskulov districts, corresponding to the first quality group. Samples of wheat varieties Steklovidnaya-24 and Bezostaya-1 corresponded to the second quality group.

Based on the results of the study of technological properties of grain and physical and chemical indicators, it was established that the studied wheat complies with the standards of the third class. As a result of the assessment of physical and chemical properties, it was established that the grain of domestic varieties of winter wheat complies with the requirements of GOST 9353, which indicates its suitability for bakery production.

Keywords: 1000 grain weight, vitreousness, volume weight, gluten quality, technological quality, chemical composition.

References

1. Bajdybekova S.K., Sauranbaj S.B., Ermekbaeva D.D. Agrarnyj sektor ékonomiki kak osnova prodovol’stvennoj bezopasnosti strany [Agrarian sector of the economy as the basis of food security of the country] // Scientific journal "Vestnik University "Turan". – 2022. – No. 4(96). – P. 11-25. [in Russian].
2. Iztayev A., Yakiyayeva M., Kulazhanov T., Kizatova M., Maemerov M., Stankevych G., Toxanbayeva B., Chakanova Z. Efficient mathematical models of ion-ozon cavitation treatment for long-term storage of grain legume crops // Acta Technica CSAV (Ceskoslovensk Akademie Ved). – 2018. – No. 63 (1). – P. 1-8.

3. Rahymbaeva M.N., Iztaev A.I., Kulazhanov T.K., Yakiyaeva M.A., Askarbekov E.B., Kenzhekhodzhaev M.D. Otandyk¸ ärtürlí žazdyk¸ žäne küzdík bidaj sūryptarynyñ fizika-himiâlyk¸ k¸asietterín zertteu [The study of Physico-Chemical Properties of various spring and winter wheat varieties of domestic] // Mechanics and technology. – 2024. – №3(85). – B. 84-93. [in Kazakh].
4. Iztayev A.I., Urozaliyev R.A., Kulazhanov T.K., Mayemerov M.M., Iztayev B.I., Yakiyayeva M.A. Bioenergeticheskiye i ekologicheskiye protsessy urozhaynykh, semennykh svoystv i tekhnologicheskikh kachestv zerna [Bioenergetic and ecological processes of yield, seed properties and technological qualities of grain]: monograph. – Almaty: “LEM” LLP, 2017. – 236 p. [in Russian].
5. Dzhankurazov B.O., Dzhankurazov K.B. Sokhranit' zolotoye zerno Kazakhstana [Preserve the golden grain of Kazakhstan]. – Almaty: Aleyron, 2013. – 165 p. [in Russian].
6. Berkutova N., Sandukhadze B., Soboleva Ye. Mukomol'nyye svoystva zerna perspektivnykh sortov ozimoy pshenitsy [Flour properties of grain of promising varieties of winter wheat] // Bread products. – 2010. – No. 11. – P. 51-53. [in Russian].
7. Shaymerdenova D.A., Chakanova ZH.M., Bekbolatova M.B. et al. Izucheniye vozmozhnosti ispol'zovaniya zernovykh i zernobobovykh kul'tur Kazakhstana kak osnov dlya produktov pitaniya [Study of the possibility of using grain and leguminous crops of Kazakhstan as the basis for food products] // Mechanics and Technology. – 2018. – No. 4. – P. 89-94. [in Russian].

МРНТИ 65.31.09

Л.А. Каимбаева[1] – *основной автор*,
Н.Б. Исембердиева[2], Я.М. Узаков[3],
Ш.Ы. Кененбай[4], Ж.М. Сулейменова[5], А.Н. Есенгазиева[6]

©

[1]Д-р техн. наук, профессор, [2]Докторант,
[3]Академик НАЕН, д-р техн. наук, профессор, [4]Канд. техн. наук, доцент,
[5]Канд. биол. наук, доцент, [6]PhD, ст. преподаватель

ORCID
[1]https://orcid.org/0000-0002-5251-8026 [2]https://orcid.org/0009-0000-8887-7744
[3]https://orcid.org/0000-0002-5462-8261 [4]https://orcid.org/0000-0002-0239-9110
[5]https://orcid.org/0000-0002-3996-4777 [6]https://orcid.org/0000-0003-2314-2995

[1,2,5]Казахский национальный аграрный исследовательский университет, г. Алматы, Казахстан
[3,4,6]Алматинский технологический университет, г. Алматы, Казахстан

@ *[1]kleila1970@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/USNF9989

ИССЛЕДОВАНИЕ ПИЩЕВОЙ ЦЕННОСТИ И АНТИОКСИДАНТНЫХ СВОЙСТВ СВЕКОЛЬНОЙ МУКИ ДЛЯ ПРОИЗВОДСТВА РЫБНОГО КОРМА

Аннотация. Целью настоящего исследования является получение свекольной муки методом дегидратации из свежей свеклы. После этого была проведена оценка пищевой ценности, включая проксимальный и антиоксидантный анализ свекольной муки. Оценено значение экстракта метанола свекольной муки, которое составило 0,012 мг/мл по сравнению со стандартным значением аскорбиновой кислоты 0,007 мг/мл, что указывает на хорошую интенсивность антиоксидантной активности. Установлено общее содержание фенолов, которое составило 66,7 мг/мл, общее содержание флаваноидов – 2,57 мг/мл и количество бетанина – 86 мг/100 г. Выявлено, что свекольная мука, являясь растительным продуктом питания, может обеспечить организм рыб фитохимическими веществами, укрепляющими их здоровье.

Ключевые слова: свекольная мука, антиоксидантная активность, пищевая ценность, фенолы, флавоноиды, бетанин.

Каимбаева, Л.А. Исследование пищевой ценности и антиоксидантных свойств свекольной муки для производства рыбного корма [Текст] / Л.А. Каимбаева, Н.Б. Исембердиева, Я.М. Узаков, Ш.Ы. Кененбай, Ж.М. Сулейменова, А.Н. Есенгазиева //Механика и технологии / Научный журнал. – 2025. – №1(87). – С.97-104. https://doi.org/10.55956/USNF9989

Введение. В отрасли аквакультуры затраты на корма составляют около 40-50% от общих эксплуатационных расходов, и рыбная мука является основным источником белка, используемым во многих при приготовлении коммерческих кормов для рыб. Известно, что рыбная мука содержит незаменимые аминокислоты, которые необходимы для удовлетворения потребности в белке большинства видов рыб, а также является хорошим источником витаминов и факторов роста. Однако высокая стоимость рыбной

муки в сочетании с ее дефицитом вызвала необходимость заменить ее альтернативными недорогими ингредиентами.

Растительные белки являются потенциальными ингредиентами в качестве альтернативы рыбной муке при приготовлении кормов для рыб. Многие растительные источники достаточно богаты белком и содержат благоприятный набор незаменимых аминокислотный профиль, но в них наблюдается дефицит одной или нескольких незаменимых аминокислот. Некоторые исследования подчеркивают, что смесь растительных источников белка является более подходящей для получения адекватного аминокислотного профиля по сравнению с включением одного источника растительного белка. Сырье растительного происхождения содержит, как правило, клетчатку, в связи с этим у рыб происходит неполное его усвоение. В комбинированные корма растительное сырье вводят в небольшом количестве (2-5%) для того, чтобы усилить перистальтику кишечника. При этом происходит более полное усвоение биологически активных и пищевых веществ комбикорма. В настоящее время в производстве комбинированных кормов для рыб используется мука из водорослей, хвойных деревьев, травы и свеклы.

Свекольная мука изготавливается из свежей свеклы. Свекла (Beta vulgaris) представлена несколькими сортами от желтого до красного цвета, но наиболее культивируемой и широко используемой является свекла насыщенного красного цвета [1,2].

Она известна своим богатым содержанием антиоксидантов в виде беталаинов и других фитохимических веществ, обладающих противораковыми и терапевтическими свойствами [3,4].

Свекла содержит биологически активные компоненты, антиоксиданты, включая беталаины, каротиноиды, фенольные соединения и множество других питательных веществ, при этом обеспечивая потребителя меньшим количеством калорий [5,6].

Свекла богата аскорбиновой кислотой, витаминами группы В, железом, кальцием, калием, магнием и натрием [7]. Активная кислотность корнеплодов свеклы имеет небольшое значение. Свекла содержит такие органические кислоты, как щавелевая, яблочная и лимонная. В корнеплодах свеклы содержится большое количество пектиновых веществ. Известно, что пектины имеют свойство защищать организм от влияния радионуклидов и тяжелых металлов, таких как свинец, стронций. Также известно свойство пектинов задерживать развитие патогенных микробов в кишечнике

В свекле имеются азотистые вещества, среди них важную роль играют белки. В свекле содержится полный комплекс незаменимых аминокислот, содержание которых значительно превалирует по сравнению с другими овощами и плодами. Из азотистого соединения бетаин, содержащегося в свекле, в организме образуется холин, предотвращающий жировую трансформацию печени.

В корнеплодах свеклы имеется также в небольших количествах различные витамины. Например, витамин С содержится в количестве 6-14, каротин – 0,012, витамин В1 – 0,021, Витамин В2 – 0,05 мг/100 сырья. В связи с этим, свекла не может иметь весомую роль в обеспечении человеческого организма витаминами.

Свекла содержит в большом количестве соединения калия (285 мг/100 г) и магния (41-44 мг/100 г), в связи с этим ее можно рекомендовать в профилактике и лечении таких заболеваний, как гипертоническая болезнь,

атеросклероз и т.д. Из микроэлементов в свекле следует отметить значительное содержание железа (1450 мкг/100 г сырья) и меди (145 мкг/100 г). Данный факт позволяет определить действенность использования свеклы в качестве средства, влияющего на процесс кроветворения [1,2]. При этом, следует отметить, что свекла в сравнительном аспекте не имеет себе равных среди овощей и плодов, исключая только чеснок.

В свекле содержится также значительное количество йода и марганца. Из микроэлементов также имеются такие минералы, как ванадий, бор, кобальт, литий, молибден, рубидий, фтор, цинк. Содержание цинка значительно превалирует по сравнению с другими овощами и плодами.

Поскольку свекла – скоропортящийся овощ, ее можно обезвоживать, и содержание минералов в ней может количественно увеличиться (особенно железа и кальция) за счет уменьшения массы воды. Хотя при этом происходит определенная потеря антиоксидантов, свекла все же может обладать полезными свойствами наряду со своим качественным розоватым цветом [8].

Целью настоящего исследования является получение свекольной муки методом дегидратации из свежей свеклы и изучение ее пищевой ценности и антиоксидантных свойств. Задачи исследования: провести оценку пищевой ценности свекольной муки; изучить антиоксидантные свойства свекольной муки.

Условия и методы исследования. Данное исследование включало оценку пищевого, антиоксидантного потенциала свекольной муки.

Необходимыми материалами служили свежая свекла для производства муки и химикаты для проведения лабораторных исследований. Работа выполнена на кафедре «Технология и безопасность пищевых продуктов» Казахского национального аграрного исследовательского университета.

Создание свекольной муки. Корнеплод свеклы промывали водой, высушивают и нарезают тонкими ломтиками. Нарезанный продукт затем помещали на сетчатую ленту из нержавеющей стали и сушили на коммерческой сушилке с принудительной подачей воздуха при температуре 60°С и относительной влажности 40%. Время сушки составляло 24 часа, а максимальная температура продукта – 60°С. Затем высушенный продукт измельчали с помощью коллоидной мельницы для получения свекольной муки. Влагу в свекольной муке изучали согласно ГОСТ 28561-90. Жир в свекольной муке изучали согласно ГОСТ 8756.21-89. Углеводы и сырая клетчатка изучались по ГОСТ 34844-2022. Белок определяли методом Къельдаля. Железо определяли по ГОСТ ISO 9526-2017. Кальций определяли по ГОСТ 26570-95. Содержание витамина С определяли по ГОСТ 24556-89.

Оценку антиоксидантной активности проводили по DPPH, общее содержание фенолов, общее содержание флавоноидов и бетанину с использованием стандартных методик и оборудования [9-13]. DPPH-метод применяется для определения радикал-удерживающей способности с использованием реактива 2,2-дифенил-1-пикрилгидразила) [11,12].

Результаты исследований и их обсуждение. Химический состав свекольной муки приведен в таблице 1.

Таблица 1

Химический состав свекольной муки

Нутриенты	Свекольная мука
Влажность (г/100г)	6,25±0,22
Зола, г/100 г	7,76±0,12
Жир, г/100 г	1,56±0,12
Сырая клетчатка, г/100 г	5,1±0,15
Углеводы, г/100 г	76,68±1,2
Белок, г/100 г	1,72±0,25
Железо, мг/100 г	5,16±0,31
Кальций, мг/100 г	171,28±2,26
Витамин С, мг/100 г	4,5±0,32

Микрокапсулдау технологиясы алғаш рет фармацевтика өнеркәсібінде шашыратып кептіру әдісінің кең қолдану мүмкіндігіне байланысты тартымды өндірістік процесс ретінде енгізілді. Қазіргі таңда, бұл технология текстиль, былғары, фармацевтика, тамақ өнеркәсібі және ауылшаруашылық салаларында қолданылады. Микрокапсулдау технологиясы бұл сұйықтықты немесе ерітіндіні сұйық күйден ыстық кептіру ортасында бүрку арқылы ұнтақ материалға айналдыру процессі. Микрокапсулдау әдістері әртүрлі өлшемдегі бөлшектерді алуға мүмкіндік береді – жүздеген микронға дейін. Микрокапсулдау технологиясы көмегімен табандық гиперкератоз, каллус, қант диабеті және т.б. секілді табандарының патологиялық ауытқулары бар адамдардың аяқ киімдеріне бактерияға қарсы қасиеттер енгізіледі [3].

Бұл технология ТМД мемлекеттерінде жеткілікті зерттелмеген, тек текстиль бағытына арналған зерттеулер кездеседі [4,5], және де патенттік зерттеу көрсеткендей Қазақстан Республикасының былғары-аяқ киім өнеркәсібінде қолданылмайды.

Бұл мақала микрокапсулдау технологиясы көмегімен алынған микрокапсулдарды материалдарға екі әдіспен жағып, оның патологиялық ауытқулары бар адамдардың аяқ киім материалдарында антимикробтық әсерін анықтауға мүмкіншілік берді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеуде микрокапсулдау технологиясын қолдана отырып лавр майы мен хитозан ертініділерінен алынған микрокапсулдар [6,7] аяқ киім былғарысы мен астар материалдарына антимикробтық қасиеттерін анықтау үшін жағылды.

Аяқ киімде бактерияға қарсы орта жасау үшін лавр эфир майы қолданылды. Лавр майы – Балқан түбегінде, Закавказьеде, Жерорта теңізі жағалауында, Англия, Түркияда және басқа елдерде өсетін асыл лаврдың (Laurus nobilis L.) жапырақтары мен сабақтарында болатын эфир майы. Берілген зерттеуде лавр майы Түркияда өндірілген Ephesus Spice & Essential Oil алынды.

Зерттеуде бактерицидтік қасиеті бар хитозан бактерияға қарсы зат ретінде, атап айтқанда антисептикалық материалдар ретінде қолданылады. Фунгицидтік қасиетке ие хитозанды енгізу былғарының тердің әсеріне төзімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Хитозан – хитинді деацетилдеу арқылы алынатын табиғи текті сорбент. Бактерияға қарсы, саңырауқұлаққа қарсы және вирусқа қарсы қасиеттері оларды аяқ саңырауқұлақтарының алдын алуда пайдалы етеді. Берілген зерттеуде хитозан Қытайда өндірілген Acros Organics алынды.

Зерттеу барысында микрокапсулдар Unopex B 15 Mini Spray Dryer құрылғысында жинақталды. Алынған микрокапсулдар былғары және астар материалдарына спрей және терең батыру әдістері арқылы жағылды.

Зерттеуде пайдаланылған -80°C температурада сақталған Escherichia coli ATCC 25922, Staphylococcus aureus ATCC 29213, Pseudomonas aeruginosa ATCC 27853 штаммдары Мюллер-Хинтон агара (II) (MHA-II) ортада 37°C температурада 24 сағат ішінде өсірілді (1-сурет). Candida albicans ATCC 90028 Саборо декстроза агара (SDA) ортасында 37°C температурада 48 сағат инкубациялаудан кейін қайта тірілді. Ілмек арқылы микроорганизмдердің 2-3 колониясы таңдалып алынды және Макфарланд бойынша лайлану индексі 0,5 көрсеткішті 3 мл стерильді физиологиялық сарысуы бар шыны пробиркаларда микроорганизмдердің суспензиясы дайындалды.



Сурет 1. Микроорганизмдерді стандартты штаммдарға қарсы зерттеу әдісі

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. 96 шұңқырлы U-тәрізді полистирол микропланшеттерінде бактериялық талдаулар үшін 50 мкл Мюллер-Хинтон сорпасы (Mueller Hinton Broth) және ашытқыларды талдау үшін 50 мкл Саборо декстроза сорпасы (Sabouraud Dextrose Broth) әрбір ұңғымаға қосылды. Содан кейін бірінші колоннаның 4 ұңғымасына 50 мкл лавр майының ерітіндісі қосылды және осы ұңғымалардан микротамшуыр арқылы 50 мкл алынды, сұйылту солдан оңға қарай жүргізілді. Содан кейін осы ұңғымаларға 50 мкл микроорганизм суспензиясы қосылды, осылайша соңғы концентрация бактериялар үшін 5x105 ҚҚБ (Колония құраушы бірлік)/мл және ашытқы үшін 5x103 ҚҚБ/мл болды. Соңғы бағандағы ұңғымалар сұйылтылған жоқ және өсуді бақылау ретінде пайдаланылды. Микроорганизмдердің көрінетін өсуін тежейтін ең төменгі концентрация минималды тежегіш концентрациясы (сұйылту коэффициенті) ретінде бағаланды (1-кесте).

Кесте 1

Микроорганизмдердің стандартты штаммдарына қарсы лавр майының минималды тежегіш концентрациясы мәндері

Микроорганизм	Минималды тежегіш концентрациясы (Сұйылту коэффициенті)
Escherichia coli ATCC 25922	=<1/4096
Staphylococcus aureus ATCC 29213	1/256
Pseudomonas aeruginosa ATCC 27853	1/256
Candida albicans ATCC 90028	=<1/4096

Тампонды пайдалана отырып, дайындалған суспензия бактериялар үшін Мюллер-Хинтон агар – II (Mueller Hinton Agar-II) ортада және ашытқы

үшін Саборо декстроза агар (Sabouraud Dextrose Agar) ортасында өсірілді. Содан кейін тасышуға бос дискілер қойылды. Осы бос дискілерге 25 мкл, 50 мкл, 75 мкл және 100 мкл лавр майының ерітіндісі қосылды. 37°C-та 24-48 сағат инкубациялаудан кейін ұңғымалардың айналасында өсу байқалмаған аумақтардың (зоналар) диаметрлері өлшеніп, мм-мен жазылды (2-кесте).

Кесте 2

Микроорганизмдердің стандартты штаммдарына қарсы лавр майының аймақтық диаметрлері

	25µl	50µl	75µl	100µl
Escherichia coli ATCC 25922	24 мм	28 мм	30 мм	32 мм
Staphylococcus aureus ATCC 29213	15 мм	18 мм	20 мм	24 мм
Pseudomonas aeruginosa ATCC 27853	8 мм	14 мм	20 мм	24 мм
Candida albicans ATCC 90028	>34 мм	>34 мм	>34 мм	>34 мм

Бір, екі және үш нөмерлі (Lining 1, Lining 2, Lining 3) астар материалдарының үлгілері Escherichia coli ATCC 25922, Staphylococcus aureus ATCC 29213, Pseudomonas aeruginosa ATCC 27853 және Candida albicans ATCC 90028 бактерияларына қарсы зерттелді.

Сыналған үлгілердің ешқайсысы пайдаланылған микроорганизмдердің өсуіне қандай да бір тежеу әсерін көрсеткен жоқ.

Былғары үлгілеріне терең батыру әдісімен жағылған май (DC-O), былғары үлгілеріне терең батыру әдісімен жағылған хитозан микрокапсулдары (DC-C), былғары үлгілеріне терең батыру әдісімен жағылған лавр майы микрокапсулдары (DC-M), спрей әдісімен жағылған май (S-O), спрей әдісімен жағылған хитозан микрокапсулдары (S-C), спрей әдісімен жағылған лавр майы микрокапсулдары (S-M), спрей әдісімен жағылған екі еселенген лавр майы микрокапсулдары (S-2M) Escherichia coli ATCC 25922, Staphylococcus aureus ATCC 29213, Pseudomonas aeruginosa ATCC 27853 және Candida albicans ATCC 90028 бактерияларына қарсы зерттелді.

Инкубация нәтижесінде былғары үлгілерінің айналасында өсу байқалмаған аймақтардың диаметрі (диаметрі 12 мм) мм-мен өлшеніп, жазылды (3-кесте).

Барлық зерттеулерде былғары үлгілері (12 мм) орналастырылған жерлерде микробтардың өсуіне жол берілмегені атап өтілді.

Кесте 3

Микроорганизмдердің стандартты штаммдарына қарсы былғары үлгілерінің аймақтық диаметрлері

Микроорганизм	DC-O	DC-C	DC-M	S-O	S-C	S-M	S-2M
1	2	3	4	5	6	7	8
Staphylococcus aureus							
Иілгіш төзімділік	12+0	12+0	12+0	12+3	12+3	12+3	12+3
Үйкеліссіз	12+0	12+0	12+0	12+3	12+3	12+3	12+3
Құрғақ үйкеліс	12+0	12+0	12+0	12+3	12+3	12+3	12+3

3-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Ылғалды үйкеліс	12+0	12+0	12+0	12+3	12+3	12+3	12+3
Escherichia coli							
Иілгіш төзімділік	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0
Үйкеліссіз	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0
Құрғақ үйкеліс	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0
Ылғалды үйкеліс	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0
Pseudomonas aeruginosa							
Иілгіш төзімділік	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0
Үйкеліссіз	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0
Құрғақ үйкеліс	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0
Ылғалды үйкеліс	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0	12+0
Candida albicans							
Иілгіш төзімділік	12+13	12+8	12+8	12+10	12+13	12+10	12+10
Үйкеліссіз	12+12	12+10	12+8	12+10	12+10	12+8	12+8
Құрғақ үйкеліс	12+8	12+8	12+10	12+8	12+10	12+8	12+10
Ылғалды үйкеліс	12+12	12+10	12+5	12+8	12+10	12+8	12+10

Былғары үлгілері зерттелген бактерия штаммдарының ішінде *Staphylococcus aureus* қарсы салыстырмалы түрде ең жақсы бактерияға қарсы белсенділікті көрсетті. Барлық микроорганизмдердің ішінде былғары үлгілеріне терең батыру әдісімен жағылған хитозан микрокапсулдары (DC-O) *Candida albicans* қарсы жоғары белсенділікті көрсетті.

Қорытынды. Лавр эфир майы өсімдік тектес табиғи материал болып табылады және құрамында бактерияға қарсы компоненттердің көп мөлшері бар. Бактерияға қарсы және антисептикалық қасиеттері бойынша май ағашы мен лавандамен салыстырылады. Бұл антисептиктік эфир майының бактерияға қарсы қасиеттері жараларды, сызаттарды емдеу үшін қолдануға мүмкіндік береді. Лавр эфир майы антисептикалық қасиеттері терінің қабыну және жұқпалы зақымдануларында, атап айтқанда, абсцесстерде, жараларда және фурункулдарда айқын көрінеді. Зерттеу нәтижесінде көрсетілген деректерге сәйкес лавр майы барлық зерттелген ағзаларға жақсы антибактериалды әсер етті, әсіресе *Candida albicans* саңырауқұлақтарына айтарлықтай қарсы әсер көрсетті. Бұл лавр майын патологиялық ауытқулары бар адамдардың аяқ киімдерінде тиімді микробқа қарсы агент ретінде қолдану мүмкіндігін айқындады.

Әдебиеттер тізімі

1. Абзалбекулы, Б. Разработка комфортной обуви для больных с патологическими отклонениями стопы [Текст]: монография / Б. Абзалбекулы, У.К. Джанахметов, В. Янкаускайте, С.Е. Мунасипов. – Тараз, 2015.
2. Ramos C., Teixeira B., Batista I., Matos O., Serrano C., Neng N.R., Nogueira J.M., Nunes M.L., Marques A. Antioxidant and antibacterial activity of essential oil and extracts of bay laurel Laurus nobilis Linnaeus (Lauraceae) from Portugal. // Natural Product Research. – 2012. – Vol. 26. – P. 518-29.
3. Yılmaz B., Karavana H. Application of Chitosan-Encapsulated Orange Oil onto Footwear Insock Leathers // Johnson Matthey Technology Review. – 2020. – Vol. 64. – P. 443-451.
4. Одинцова, О.И. Использование метода микроэмульсионного капсулирования для придания текстильным материалам акарицидных свойств [Текст] / О.И. Одинцова, А.А. Прохорова, Л.С. Петрова, Е.Л. Владимирцева // Известия

высших учебных заведений. Технология текстильной промышленности. – 2017. – № 1. – С. 332-336.
5. Левшицкая О.Р. Оценка терморегулирующей способности текстильного материала, модифицированного микрокапсулированным веществом с изменяемым фазовым состоянием [Текст] / О.Р. Левшицкая, Д.Б. Рыклин, Д.Ю. Агиевич // Вестник ВГТУ. – 2017. – №1 (32).
6. Baidildayeva A., Türkoğlu G.C., Ökeer M., Eraç B., Karavana H.A. Microencapsulation of laurel essential oil with chitosan for enhanced durability and antimicrobial properties of leather footbeds // Iranian Polymer Journal, 2024.
7. Baidildayeva A., Türkoğlu G.C., Ökeer M., Eraç B., Karavana H.A. Textile-Based Footwear Linings Functionalized with Laurel Oil Microparticles: Antimicrobial Protection // The 10th International Conference on Advanced Materials and Systems (ICAMS 2024), Sciendo, 2024. – P. 24-29.

Материал редакцияға 22.01.25 түсті, 17.03.25 қабылданды.

А.К. Байдильдаева[1], Г.Д. Тюркоглу[2],
И.С. Джиембетова[1], Г.Б. Джумабекова[1], Б. Абзалбекұлы[1]

[1]Таразский университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан
[2]Университет Докуз Ейлюл, г. Измир, Турция

ИЗУЧЕНИЕ АНТИМИКРОБНЫХ СВОЙСТВ МАТЕРИАЛОВ ОБУВИ ДЛЯ ЛЮДЕЙ С ПАТОЛОГИЧЕСКИМИ ОТКЛОНЕНИЯМИ СТОП

Аннотация. В данной статье микрокапсулы, полученные с помощью технологии микрокапсулирования, наносились на обувные материалы двумя способами с целью определения антимикробного эффекта. Микрокапсулы были получены из раствора лаврового масла и хитозана. Эфирное масло лавра является натуральным материалом растительного происхождения и содержит большое количество антибактериальных компонентов. Хитозан также используется как антибактериальное вещество, в частности как антисептический материал. Микрокапсулы, нанесенные на кожу и подкладочные материалы обуви методами распыления и глубокого погружения, были исследованы против бактерий *Escherichia coli ATCC 25922, Staphylococcus aureus ATCC 29213, Pseudomonas aeruginosa ATCC 27853 и Candida albicans ATCC 90028.* В результате была обнаружена активность против бактериальных штаммов в обувных материалах людей с патологическими изменениями стоп, которым требуется антимикробная среда.

Ключевые слова: обувь, стопа, патология, масло лавра, антимикробная защита.

A.K. Baidildayeva[1], G.C. Türkoğlu[2],
I.S. Jiyembetova[1], G.B. Jumabekova[1], B. Abzalbekuly[1]

[1]M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan
[2]Dokuz Eylul University, Izmir, Turkiye

STUDY OF THE ANTIMICROBIAL PROPERTIES OF FOOTWEAR MATERIALS OF PEOPLE WITH PATHOLOGICAL DEVIATIONS OF THE FEET

Abstract. In this article, microcapsules obtained using microcapsulation technology were applied to footwear materials using two methods to determine their antimicrobial effect. Microcapsules were obtained from Laurel oil and chitosan solutions. Laurel essential oil is a natural material of plant origin and contains a large amount of antibacterial components. Chitosan is also used as an antibacterial agent, in particular as

antiseptic materials. Microcapsules applied to leather and footwear lining materials by spraying and dip-coating methods were studied against the *Escherichia coli ATCC 25922, Staphylococcus aureus ATCC 29213, Pseudomonas aeruginosa ATCC 27853 and Candida albicans ATCC 90028.* As a result, activity against bacterial strains was detected in footwear materials of people with pathological foot deviations that require an antimicrobial environment.

Keywords: footwear, foot, pathology, laurel oil, antimicrobial protection.

References

1. Abzalbekuly, B., Dzhanakhmetov, U.K., Jankauskaite, V., Munasipov, S.E. Razrabotka komfortnoy obuvi dlya bol'nykh s patologicheskimi otkloneniyami stopy [Development of comfortable footwear for patients with pathological foot disorders]: monograph. – Taraz, 2015. [in Russian].
2. Ramos C., Teixeira B., Batista I., Matos O., Serrano C., Neng N.R., Nogueira J.M., Nunes M.L., Marques A. Antioxidant and antibacterial activity of essential oil and extracts of bay laurel Laurus nobilis Linnaeus (Lauraceae) from Portugal. // Natural Product Research. – 2012. – Vol. 26. – P. 518-29.
3. Yılmaz B., Karavana H. Application of Chitosan-Encapsulated Orange Oil onto Footwear Insock Leathers // Johnson Matthey Technology Review. – 2020. – Vol. 64. – P. 443-451.
4. Odintsovo O.I., Prokhorova A.A., Petrova L.S., Vladimirtseva E.L. Ispol'zovanie metoda mikrojemul'sionnogo kapsulirovanija dlja pridanija tekstil'nym materialam akaricidnyh svojstv [The use of microemulsion encapsulation method to impart acaricidal properties to textile materials] // Bulletin of higher educational institutions. Technology of the textile industry. – 2017. – No. 1. – P. 332-336. [in Russian].
5. Levshitskaya O.R., Ryklin D.B., Agievich D.Yu. Ocenka termoregulirujushhej sposobnosti tekstil'nogo materiala, modificirovannogo mikrokapsulirovannym veshhestvom s izmenjaemym fazovym sostojaniem [Assessment of the thermoregulatory ability of a textile material modified with a microcapsulated substance with a variable phase state] // Bulletin of VSTU. – 2017. – No.1 (32). [in Russian].
6. Baidildayeva A., Türkoğlu G.C., Ökeer M., Eraç B., Karavana H.A. Microencapsulation of laurel essential oil with chitosan for enhanced durability and antimicrobial properties of leather footbeds // Iranian Polymer Journal, 2024.
7. Baidildayeva A., Türkoğlu G.C., Ökeer M., Eraç B., Karavana H.A. Textile-Based Footwear Linings Functionalized with Laurel Oil Microparticles: Antimicrobial Protection // The 10th International Conference on Advanced Materials and Systems (ICAMS 2024), Sciendo, 2024. – P. 24-29.

ҒТАМР 64.33.17

Б.А. Бейсен[1] – *негізгі автор*,
Ж.А. Талғатбекова[2], М.Т. Омарбекова[3], Е.Ж. Данадилова[4]

©

[1]Магистр, [2,3]Техн. ғылым. канд., қауымдас. профессор,
[4]Сеньор-лектор, магистр

ORCID *[1]https://orcid.org/0009-0004-3665-2569 [2]https://orcid.org/0000-0002-4041-4545*
[3]https://orcid.org/0000-0002-6117-1618 [4]https://orcid.org/0000-0003-3949-0345

[1,2,3,4]Алматы технологиялық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

@ *[1]beisen.aisara@bk.ru*

https://doi.org/10.55956/EZEM2372

БҰЙЫМДАРДЫҢ ПІШІНІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТУРАЛЫ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Бұл мақалада жеңіл өнеркәсіпте қолданатын фактура түрлеріне талдау жасалынды және қазіргі заманға сай сәндік ерекшеліктерді зерттеу жолдары қарастырылды. Заман ағымына сай тұтынушылардың сұранысына сай келетін бұйымдар жасау үшін әртүрлі фактураларды жасау тәсілдері мен әдістерін қолдана отырып, материалдар мен технологиялық өңдеуге, композициялық және түстік шешімдерге қатысты киімнің көркемдік-конструкторлық шешімдерін жобалау арқылы зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұйым үшін таңдалынған маталардың физика механикалық қасиеттерін ескере отырып, зерттеу эксперименттің жұмыстарын жасау арқылы қай матаны таңдалғаны зерттелінді. CorelDraw бағдарламасымен бұйымның эскизі де лекаласыда дайындалып, математикалық масштабта, сублимация әдісімен принт жасалынып, қазақ ою-өрнекпен безендірілді. Сублимация әдісін қолданумен CorelDraw бағдарламасында орындалған бұйымның эскизі Алматы қаласында орналасқан «SmartPrint» орталығында Mimaki құрылғысында орындалды.

Тірек сөздер: фактура, жеңіл өнеркәсіп, сырт киім, жилет, сән.

Бейсен, Б.А. Бұйымдардың пішініне әсер ететін фактуралы материалдардың ерекшеліктерін зерттеу [Мәтін] / Б.А. Бейсен, Ж.А.Талғатбекова, М.Т. Омарбекова, Е.Ж. Данадилова //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №1(87). – Б.408-417. https://doi.org/10.55956/EZEM2372

Кіріспе. Фактураның жасалу технологиясы – бұл материалдың беткі қабатына белгілі бір сипат беру үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдер жиынтығы. Ол сурет өнерінде, дизайнда, сәулетте, мүсіндемеде және қолданбалы өнерде маңызды рөл атқарады. Фактураны жасау технологиясы таңдалған материалға, қолданылатын құралдарға және автордың шығармашылық мақсатына байланысты болады.

Қазіргі сән әлемінде киімге қойылатын талаптар тек эстетикалық қабылдаудан асып түседі. Киім өзін-өзі көрсету құралы, функционалды қорғаныс, сонымен қатар дизайндағы эксперименттердің элементі болды. Жастар сәні аясында жастардың әртүрлі қажеттіліктеріне сәйкес келетін

стильді ғана емес, сонымен қатар практикалық киім жиынтығын жасау өте маңызды (1-сурет).

Сурет 1. Деним матасынан тігілген бұйымдар

Сәндік элементтерді қолдана отырып, көпфункционалды жастар жиынтығын жобалау мен қалыптастырудың заманауи әдістерін зерттеу шығармашылық дизайн мен функционалдылықты біріктіретін сәнді шешімдерді құрудың негізгі кезеңі болып табылады.

Заманауи дизайнның әдістері тек маталармен жұмыс істеуді ғана емес, сонымен қатар инновациялық материалдарды, технологияларды және сәндік элементтерді де қамтиды. Бұл әдістерді үйрену дизайнерлерге декор функционалдылықтың ажырамас бөлігіне айналатын бірегей жиынтықтарды жасауға мүмкіндік береді (2-сурет).

Сурет 2. Фактура жасалынған бұйымдардың үлгісі

Заманауи әдістерді ескере отырып, жасалған жастар киім жинақтары бір киімде әртүрлі стильдер мен көріністерді ұсына алады. Мысалы, белдемшелер, үстіңгі бөліктер және жеңдер сияқты сәндік элементтерді бекіту мүмкіндігі көйлектен бастап күртеше дейін әртүрлі көріністерге мүмкіндік береді.

Жастар жиынтығын жобалау мен қалыптастырудың заманауи әдістерін зерттеу сонымен қатар сән әлеміндегі тұтынушылардың қалауы мен өзекті тенденцияларын талдауды қамтиды. Бұл уақыт талаптарына сай ғана емес, сонымен қатар жастардың қажеттіліктеріне жауап беретін өнімдерді жасауға мүмкіндік береді. Заманауи сән үйлері мен брендтері үнемі жаңашылдыққа ұмтылып, жастардың қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Сән әлемінде фактураны қолдану модельер-конструкторларға шығармашылық мүмкіндіктерді кеңейтеді, киім мен аксессуарларға ерекше визуалды және тактильді әсер береді. Фактура киімнің жалпы дизайнын айқындап, оның эстетикалық және функционалдық қасиеттерін күшейтеді [1,2].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Фактураны жасауға арналған маталардың талаптарға сай сынақтан өткізу процесі жүргізілді (1 және 2-кесте). Деним матасы (арт: АТ 32325) мен жадағайлық матасына (арт: АТ 1627-17) су өткізбеу қасиетін МемСТ 58242-2018 бекітілген стандартта М018 құрылғысында жалпы техникалық шарттар бойынша қойылатын талаптармен зерттеу, мата пакетінің сынақтық үлгілерінің ауа өткізгіштік көрсеткіштері МТ 160 Метротекс құрылғысында МемСт 9733.27-83 стандарт бойынша зерттеу жүргізілді. Нәтижелері 2-ші кестеде көрсетілген. Тозуға қарсы тұрақтылықты анықтайтын сынақ, бояу жүргізілген кездегі түстің беріктілігін сақтайтын сынақтар қатар жүргізілді. Мата бояуының тұрақтылығы МемСт 9733.0-83 стандарттық көрсеткішпен МТ 197М крокметр типті құрылғысында зерттелді. Мата бояуының тұрақтылығы анықтау көрсеткіші бойынша қорытындылай келе, плащевка матасының сынақтық үлгідегі құрғақ және ылғалды бояу тұрақтылығы жоғарғы көрсеткішке ие болды. Зерттеу нәтижесінде, екінші кестеде таңдалған материал пакеті сыртқы киім стандарттарына сәйкес таңдалып, арналған киім жиынтығының сапасына, ұзақ мерзімге қызмет көрсетуге және қолдану кезінде кәсібилігін қамтамасыз етуге толық жауап берді.

Кесте 1

Маталардың сынақ нәтижелері

№	Атауы	Сипатта-ма (Құрам)	Өңдеу түрі	Негізгі тығыздық (м²)	Жыртылу жүктемесі (Н)	Қалың-дығы (мм)	Ауа өтімділігі (дм³/м²)	Түстің беріктігі
1	Ақ деним	Мақта 95%, полиэстер - 5%	Тұрақтылық сынағы (тозуға қарсы)	01471	Негізгі О-1-80, О-2-100 Арқау У-1-80, У-2-85	D=8 см	ВП=1,5 Р=5	
2	Көк джинс мата-сы	Мақта 95%, полиэстер - 5%	Тұрақтылық сынағы (тозуға қарсы)	05700	Негізгі О-1-120, О-2-80 Арқау У-1-105, У-2-119	D=8 см	ВП=35,6 Р=5	Құрғақ-5 балл Ылғалды-4 балл

Кесте 2

Маталардың сынақ нәтижелері

№	Атауы	Сипаттама (Құрам)	Су өткізбейтіндік (мм)	Ауа өткізгіштігі (дм³/м²)	Бояу тұрақтылығы (Р)	Жылу өткізгіштік қасиеті (Вт/м·К)
1	Жадағай материалы (ашық көк)	Нейлон 100%	1500	ВП = 1,5	Құрғақ – 5 балл, Ылғалды – 5 балл	0,033
2	Жадағай материалы (қою көк)	Нейлон 100%	2000	ВП = 2,2	Құрғақ – 5 балл, Ылғалды – 5 балл	0,032

Зерттеу нәтижелері. Фактураны құрудың тағы бір ерекшелігі қолдану аясын зерттей отырып, адам денесіне орналастырылған кезде қандай кемшіліктерді жасыруға және сұлулықты арттыруға болатындығын анықтауға болады. Фактураны алу әдісіне сәйкес олардың қалыптасуының өзі үш топқа бөлінеді:

– тоқудың әртүрлі түрлерін қолдану (тоқу жабдықтарының түріне және класына байланысты);

– әртүрлі сәндік және материалдық-пластикалық қасиеттері бар шикізатты пайдалану нәтижесінде;

– арнайы әрлеу түрлеріне байланысты кенептің сыртқы түрін өзгерту.

Фактураны зерттеу барысындағы алынған бірнеше құрылымдар мен әдіс түрлері 3-кестеде келтірілген [3].

Кесте 3

Фактураны зерттеу барысындағы алынған бірнеше құрылымдар мен әдіс түрлері

№	Фактура түрлері	Қолданылған әдістер	Құрал-жабдықтар	Матаның талшықтық құрамы	Жасалу техникасы
1	2	3	4	5	6
1		Шар тәрізді кесіп, оны тігеміз, оған пішін береміз	Деним матасы, жіп, қайшы	100% мақта	Боро
2		Шахматты пішін	Деним матасы , жіп, қайшы, түйреуіштер	85% мақта, 15% ПЭ	Сашико
3		Түсін өзгертетін бояқтар фавли пішін	Ағартқыш сұйықтық	100% мақта	Сашико

3-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
4		Жіппен кестелеу әдісі	Деним матасы, жіп, қайшы	100% мақта	Сашико
5		Моншақтармен әрлеу әдісі	Деним, қайшы, ине, моншақ, жіп	100% мақта	Боро
6		Матаны кесте жіптерімен кестелеу, әрлеу	Деним, қайшы, ине, моншақ,кесте жіптері	100% мақта	Когин
7		Көлем беретін синтепонды қолдану	Жадағай материалына синтипонды қолдану	100% нейлон	Көлем беру
8		Кестелі жіптермен	Тоқуға арналған жіптерді қолдану	Macram cotton 80% коттон 20% полиэстр	Когин
9		Мата үстіне матаны тігу арқылы күрделендіре түсу	Деним матасы , жіп, қайшы	100% мақта	Боро
10		Суретпен өрнектеу	Арнайы машинада принт жасау	100% нейлон	Сублимация жасау

Зерттеу деректері материалдардың құрылымы қолданылатын матаның құрылымына байланысты киім үлгілерінің әртүрлілігі мен көркемдік мәнерлілігіне қол жеткізуге болады. Костюмдегі фактуралық шешімдер бұйымның пішінін қалыптастыру заңдылықтарына бағынады. Материалдың текстурасын анықтау немесе керісінше, оны жасыру материалдардың белгілі бір түстерін қолданған жөн. Ашық және нәзік түстерді тегіс құрылымы бар маталарға қолдану ұсынылады. Деним маталарының құрылымы барлық ашық түстерге өте қолайлы[4,5].

Қорытындылай келе осы кестенің ішіндегі 7 үлгі мен 10 үлгіні таңдап отырып, біріктіру арқылы жаңа модельді эскиздері жасалынды (3-сурет).

Сурет 3. Зерттеу нәтижесінде дайындалған эскиздер

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Бұйымды жасамас бұрын ең алдымен бірнеше әдістерді қолданып, оның ішінен ең тиімді үлгі қарастырылды.

1. Үлгі мата үстіне матаны тігу арқылы қалыңдықты беріп күрделендіріп ою өрнекпен безендіру.
2. Матаның үстіне принт жасап сол сызықтар бойыншы көлем беру.
3. Мата үстіне әрлеуіш тоқыма жіптерімен оюдың бейнесін тігіп шығу.

Осы үлгінің ішінен ең ұтымдысы екінші үлгі алынды. Басқа модельдерге қарағанда бұл модельдің артықшылығы конструктивті эскиз салынды, матаға принт ретінде шығарылды, сол бойынша бұйымның бөлшектері пішілді.

4-суретте көрсетілген матаға сублимация әдісін қолданумен бұйымның эскизі арнайы CorelDraw бағдарламасында орындалды.



Сурет 4. Сублимация әдісін қолданумен CorelDraw бағдарламасында орындалған бұйымның эскиз

Бұйымның (кеудеше) дайындалу процесі маусымға арналған жылу сақтағыш мақсатында синтипон қолданып, екі жағына айналдыра киюге ыңғайлы етіп дайындалды.

Бұйымның сыртқы көрінісі қазақтың қарлығаш оюымен принт басылған. Кеудешенің басқа киімдерден ерекшелігі сызбасы БК мен МК-сы

бір бағдарламада салынып, сол бойынша бөлшектері пішілді. Кеудешенің негізгі матасы мен астарының бірігу процесін 5 және 6 суреттерде көрсетілді [6,7].



Сурет 5. Жадағай материалынан фактуралы көлем қосылған кеудеше эскизі



Сурет 6. Бұйымның (кеудеше) қанша қабаттан тұратыны

Сублимация әдісімен матаға принт жасау – бұл арнайы сұйық сублимациялық бояуды пайдаланып, бейнені тікелей матаның талшықтарына көшіру әдісі. Бұл процесс негізінен синтетикалық материалдарға (мысалы, полиэстерге) қолдану үшін өте тиімді, себебі бұл материалдар сублимация бояуын жақсы қабылдайды. Осы әдіс арқылы принттің түсі матаға терең сіңіп, оның бетінде ұзақ уақыт бойы сақталады [8-11].

Сублимация әдісін қолданумен CorelDraw бағдарламасында орындалған бұйымның эскизі Алматы қаласында орналасқан «SmartPrint» орталығында Mimaki құрылғысында орындалды (7-сурет).

Сурет 7. Mimaki Жапония құрылғысы

Қорытынды. Қорытындылай келе, қазақ ою-өрнек элементтерін фактуралық зерттеу ұлттық мәдениеттің мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл оюлар тек сәндік тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар ұлттың дүниетанымы мен руханиятының символы болып табылады.

Ою-өрнектердің фактурадағы маңызы – оның өнердегі және күнделікті өмірдегі терең эстетикалық және символикалық мәнін ашуда.

Маталардың барлық физика механикалық қасиеттерін ескере отырып, зерттеу эксперименттің жұмыстарын жасау арқылы қай матаны таңдалғаны зерттелінді. Шешімнің нәтижесі, барлық талаптарға сай келген жадағай материалы таңдалды. Эскиздердің ішінен сыртқы көрінісі мен бағасы жағынан, сапалы қасиеттерімен ерекшелінген төрт түрлі кеудеше көрсетіліп, соңғы бір бұйым дайындалды.

Жаңашылдығы, анализдермен сұраныстың басымы болған, заманға сай жастардың барлығы кие алатын, екі жағы да алмастырылып кииле беретін ерекшелігімен, CorelDraw бағдарламасымен бұйымның эскизі де лекаласыда дайындалып, математикалық масштабта, сублимация әдісімен принт жасалынып, қазақ ою-өрнекпен безендірілді.

Әртүрлі фактураларды жасау, сәндік элементтерді біріктіру және олардың сапалық сипаттамаларын зерттеу арқылы моделер-конструкторлар мен өнер мамандары бірегей, жоғары сапалы бұйымдарды жасай алады. Бұл процесс жаңа материалдарды, әдістерді және шығармашылық шешімдерді іздеуде маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер тізімі

1. Жәнібеков, Ө. Қазақ киімі. Казахский костюм. The Kazakh costume: альбом. / Ө. Жәнібеков – Алматы : Өнер, 2005. – 160 б.
2. Гусейнов, Г.М. Композиция костюма [Текст]: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / 2-е изд. / Г.М. Гусейнов, В.В. Ермилова, Д.Ю. Ермилова, Н.Б. Ляхова, Е.М. Финашина. – М: Издательский центр «Академия», 2004. – 432 с.
3. Тихонова, А.С. Текстура как средство формирования образа костюма в художественном дизайне [Текст] / А.С. Тихонова // Молодой ученый. – 2023. – №3 (450). – С. 450-453.
4. Жангужинова, М.Е. Архетипы символов номадов (на примере казахского костюма) [Текст] / М.Е. Жангужинова, А.Ж. Талгатбекова, А. Ербол, Р.Б. Ашинов. – Алматы: Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2022. – 54-65 с.
5. Кучарбаева, К.Ж. Исследование показателей качества акриловых красок с эффектом замши, используемых в молодежной одежде [Текст] / К.Ж. Кучарбаева, А.М. Турарбек, А.Ж. Талгатбекова // Вестник Алматинского технологического университета. – 2024. – № 145(3). – С. 163170.
6. Оспанұлы, Е. Қошетер Қазақ халқының қолөнері [Мәтін]. – [?]. – 2021.
7. Donnanno, A. Fashion Patternmaking Techniques for Children's Clothing: Dresses, Shirts, Bodysuits, Trousers, Jackets and Coats. – New York: Promopresseditions, 2018. – 232 p.
8. Donnanno, A. Fashion Patternmaking Techniques –Haute Couture Models, Draping Techniques, Decorations. Volume 1. – UK: Promopress, 2017. – 256 p.
9. Бегешова У.Н. Қазақтың ұлттық киімдерін түрлендіру [Мәтін]: оқу құралы / У.Н. Бегешова. – Алматы: Дарын, 2023. – 126 б.
10. Казахстанский дизайнер Наталья Столбушкина [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://kfw.kz/post/v-almaty-prokhodit-32-i-sezon-nacionalnoi-nedeli-mody-kazakhstan-fashion-week /. Дата обращения: 24.02.2024.
11. Googl: Сублимация [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://pechatnik.by/stati/chto-takoe-sublimaczionnaya-pechat/

Материал редакцияға 05.02.25 түсті, 14.03.25 қабылданды.

Б.А. Бейсен[1], Ж.А. Талғатбекова[1], М.Т. Омарбекова[1], Е.Ж. Данадилова[1]

[1]Алматинский технологический университет, г. Алматы, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ОСОБЕННОСТЕЙ ФАКТУРНЫХ МАТЕРИАЛОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА ФОРМУ ИЗДЕЛИЙ

Аннотация. В данной статье проведен анализ видов фактур, используемых в легкой промышленности, а также рассмотрены пути исследования современных декоративных особенностей. В соответствии с требованиями потребителей, обусловленными современными тенденциями, были изучены методы и способы создания различных фактур. Исследование включало проектирование художественно-конструкторских решений одежды с учетом материалов, технологической обработки, композиционных и цветовых решений. При выборе материалов для изделия учитывались их физико-механические свойства. Экспериментальные исследования позволили определить наиболее подходящие ткани для придания фактуры. В программе CorelDraw были разработаны эскизы и лекала изделия, выполнены принты в математическом масштабе методом сублимации, а также использованы казахские орнаменты. Процесс сублимации, основанный на эскизах, созданных в CorelDraw, был реализован на оборудовании Mimaki в центре «SmartPrint» в городе Алматы.

Ключевые слова: фактура, легкая промышленность, верхняя одежда, жилет, мода.

B.A. Beysen[1], Zh.A. Talgatbekova[1], M.T. Omarbekova[1], E.Zh. Danadilova[1]

[1]Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

STUDY OF THE CHARACTERISTICS OF TEXTURED MATERIALS AFFECTING THE SHAPE OF PRODUCTS

Abstract. This article analyzes the types of textures used in the light industry and examines ways to study modern decorative features. In line with current trends and consumer demand, various methods and techniques for creating different textures were explored. Research was conducted by designing artistic and constructive solutions for clothing, considering materials, technological processing, composition, and color choices. The physical and mechanical properties of the selected fabrics were taken into account, and experimental studies were conducted to determine the most suitable fabric. The sketch and patterns of the product were created using CorelDraw, and a sublimation print was applied in mathematical scale, decorated with Kazakh ornaments. The sublimation process, based on the sketches developed in CorelDraw, was carried out using a Mimaki machine at the "SmartPrint" center in Almaty.

Keywords: texture, light industry, outerwear, vest, fashion.

References

1. Zhanibekov, O. K¸azak¸ kiímí. Kazahskij kostûm. The Kazakh costume: album. – Almaty : Öner, 2005. – 160 p. [in Kazakh].
2. Guseynov, G.M., Yermilova, V.V., Yermilova, D.YU., Lyakhova, N.B., Finashina, Ye.M. Kompozitsiya kostyuma [Costume composition]: textbook for students of higher educational institutions / 2nd ed. – Moscow: Publishing center "Academy", 2004. – 432 p. [in Russian].
3. Tikhonova, A.S. Tekstura kak sredstvo formirovaniya obraza kostyuma v khudozhestvennom dizayne [Texture as a means of forming the image of a costume

in artistic design] // Young scientist. – 2023. – No. 3 (450). – P. 450-453. [in Russian].

4. Zhanguzhinova, M.Ye., Talgatbekova, A.ZH., Yerbol, A., Ashinov, R.B. Arkhetipy simvolov nomadov (na primere kazakhskogo kostyuma) [Archetypes of nomad symbols (on the example of the Kazakh costume)]. – Almaty: Abay atyndagy kazak ulttyk pedagogical university, 2022. – 54-65 p. [in Russian].
5. Kucharbayeva K.ZH., Turarbek A.M., Talgatbekova A.ZH. Issledovaniye pokazateley kachestva akrilovykh krasok s effektom zamshi, ispol'zuyemykh v molodezhnoy odezhde [Study of quality indicators of acrylic paints with suede effect used in youth clothing] // Bulletin of Almaty Technological University. – 2024. – No. 145(3). – P. 163170. [in Russian].
6. Ospanuly, E. Kosheter Kazak halkynyn koloneri [Kosheter Crafts of the Kazakh people]. – [?]. – 2021.
7. Donnanno, A. Fashion Patternmaking Techniques for Children's Clothing: Dresses, Shirts, Bodysuits, Trousers, Jackets and Coats. – New York: Promopresseditions, 2018. – 232 p.
8. Donnanno, A. Fashion Patternmaking Techniques – Haute couture. Volume 1. Haute Couture Models, Draping Techniques, Decorations. – UK : Promopress, 2017. – 256 p.
9. Begeshova U.N. Kazaktyn ulttyk kiimderin tyrlendiru [Transformation of Kazakh national clothing]: textbook. – Almaty: Daryn, 2023. – 126 b. [in Russian].
10. Kazakhstani designer Natalia Stolbushkina [Electronic resource]. - Access mode: https://kfw.kz/post/v-almaty-prokhodit-32-i-sezon-nacionalnoi-nedeli-mody-kazakhstan-fashion-week /. Access date: 24.02.2024. [in Russian].
11. Google: Sublimation [Electronic resource]. - Access mode: https://pechatnik.by/stati/chto-takoe-sublimaczionnaya-pechat/. [in Russian].

ҒТАМР 64.33.81

К.Е. Шәкір[1] – *негізгі автор*,
А.Ж. Талгатбекова[2], Ж.Е. Данадилова[3]

[1]Магистр, [2]Техн. ғылым. канд., қауымдас. профессор, [3]Сеньор-лектор

ORCID *[1]https://orcid.org/0009-0006-8192-7204 [2]https://orcid.org/0000-0002-4041-4545 [3]https://orcid.org/0000-0003-3949-0345*

[1,2,3]Алматы технологиялық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

@ *[1]shakir.kamila@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/AOEF8186

АРНАЙЫ ЖАСАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ДАЛАЛЫҚ ФОРМАСЫН ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада арнайы жасақ қызметкерлерінің далалық формасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған зерттеулердің нәтижелері талқыланады. Зерттеу жұмысының мақсаты – қолайсыз орта жағдайларында қызмет атқаруға арналған оңтайлы материалдарды анықтау және форманың функционалдық-конструктивтік шешімдерін жетілдіру. Зерттеу барысында су өткізбейтін хлопкоэфирлі камуфляж, шөгуі төмен хлопкоэфирлі камуфляж және поливискозды камуфляж маталарының қасиеттері зертханалық жағдайда ауа өткізгіштік, үзілу күші және тозуға төзімділік көрсеткіштері бойынша сыналды. Алынған нәтижелер әрбір материалдың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, арнайы жасақ қызметкерлерінен алынған сауалнамалардың нәтижелері конструкторлық шешімдерді жетілдіру үшін пайдаланылды. Мақалада әрбір материалдың толық сипаттамасы, жүргізілген сынақтардың нәтижелері және арнайы жасақ қызметкерлерінің пікірлері негізінде жасалған конструкторлық ұсыныстар келтірілген. Зерттеу нәтижелері арнайы жасақ қызметкерлерінің далалық формасын жасауда қолданылатын материалдарды таңдау және конструкторлық шешімдерді қабылдау кезінде ескерілетін маңызды ақпарат көзі бола алады.

Тірек сөздер: арнайы жасақ, далалық форма, камуфляж, арнайы киім жиынтығы, рипстоп.

Шәкір, К.Е. Арнайы жасақ қызметкерлерінің далалық формасын талдау [Мәтін] / К.Е. Шәкір, А.Ж. Талгатбекова, Ж.Е. Данадилова //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №1(87). – Б.418-426. https://doi.org/10.55956/AOEF8186

Кіріспе. Арнайы жасақ қызметкерлерінің далалық формасы – олардың кәсіби қызметін тиімді атқару үшін маңызды рөл атқаратын элементтердің бірі болып табылады. Бұл форма тек қана эстетикалық тұрғыдан емес, сонымен қатар арнайы тапсырмаларды орындау кезінде қызметкерлердің қауіпсіздігі мен жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ететін функционалды сипаттамаларға ие [1]. Арнайы жасақтар, олардың қызметтері мен операцияларының ерекшеліктеріне қарай, әртүрлі климаттық жағдайларда, төтенше жағдайларда және қолайсыз ортада тиімді әрекет ету үшін арнайы дайындалған киім мен құрал-жабдықтарды пайдалануды қажет етеді [2]. Бұл

мақала арнайы жасақ қызметкерлерінің далалық формасының функционалдығы, оның материалдары мен құрылымы, сондай-ақ оның конструкторлық және технологиялық шешімдерін қарастыра отырып далалық аумақтың географиялық жағдайларының сипаттамалық көрсеткіштеріне сай болатын өнімді талдауды қамтиды.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Арнайы жасақ қызметкерлерінің далалық формасының қолайсыз ортада қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз ету барысында жүргізілген зерттеулерге сәйкес негізгі мата ретінде су өткізбейтін хлопкоэфирлі камуфляж, шөгуі төмен хлопкоэфирлі камуфляж, поливискозды камуфляж матасы таңдалды [3].

Арнайы жасақ қызметкерлерінің далалық формасын ауаөткізгіштік және мата үзу күші, тозу тұрақтылығы көрсеткіштері бойынша Алматы Технологиялық Университеті зертханасында сынақтан өткізілді (1-кесте). Арнайы жасақ қызметкерлерінен алынған сауалнама нәтижесі бойынша конструкторлық шешімдер жетілдірілді (2-кесте).

Кесте 1

Арнайы жасақ қызметкерлеріне арналған далалық формаға арналған материалдардың толық сипаттамасы

Материал атауы	Үлгі № 1 Хлопкоэфирлі камуфляжданған	Үлгі №2 Хлопкоэфирлі камуфляжданған	Үлгі №3 Поливискозды камуфляжданған
Камуфляж түрі			
Мемлекет, өндіруші, артикуль	«Чайковский текстиль» Россия, арт. 18305	«Чайковский текстиль» Россия, арт. 18305	«Чайковский текстиль» Россия, арт. 87309
Беттік тығыздығы, г/м^2	230	230	245
Талшықтық құрамы, %	50% Мақта, 50% ПЭ	50% Мақта, 50% ПЭ	80% ПЭ, 20% Вискоза
Әрлеу түрлері	ВО	МУ	ВО
Тоқылуы	Комбинирленген (рип-стоп), армирленген жіппен	комбинирленген (рип-стоп), армирленген жіппен	комбинирленген (рип-стоп), армирленген жіппен
Тозу тұрақтылығы, цикл	5000 цикл	5000 цикл	15000 цикл
Үзу күші, Н	Желіс 700 Н, арқау 800 Н	Желіс 700 Н, арқау 800 Н	Желіс 1300Н, арқау 1500Н
Отыруы, %	3,5%	2%	2,5%
Ауа өткізгіштігі, $дм^3/м^2 \times сек$	35 дм3/м2 сек	35 дм3/м2 сек	20 дм3/м2 сек
Бағасы, 1 м	4000 тг	4000 тг	4200 тг
Тұтынушылық мерзімі, жыл	3 жыл	3 жыл	1 жыл

Үзілу күші жіп жүйесін үзу үшін қажетті күшпен сипатталады. Өткізілген сынақтар №3 үлгінің беріктігі жоғары екенін көрсетті: №1 және №2 үлгі жіп жүйесінің ауытқуы 700 Н-ге тең үзілу күшін көрсетті, ал №3 үлгіде – 1300 Н [4].

Үйкеліске төзімділік ГОСТ 18976-73 стандартына сәйкес стандартты құрылғысының көмегімен анықталды. 5000 циклде №1, №2 үлгі өзінің тұтастығын сақтады, сыртқы көрініс ешқандай өзгерістер анықталмады. №3 үлгі 15000 циклде өзінің тұтастығын сақтап қалды, бірақ сыртқы көрінісінде шамалы өзгерістер орын алды [5].

Ауа өткізгіштік эксперимент нәтижесі бойынша, хлопкоэфирлі камуфляждан жасалған №1 және №2 үлгілердің ауа өткізгіштігі (35 дм³/м² сек) поливискозды камуфляждан жасалған №3 үлгіге қарағанда (20 дм³/м² сек) жоғарырақ болып шықты. Бұл хлопкоэфирлі матаның дем алу қасиетінің поливискозды матаға қарағанда жақсырақ екенін көрсетеді [6].

Ыстық климаттық жағдайда қызмет атқаратын арнайы жасақ қызметкерлері үшін киім тігу кезінде жоғарғы киім (шапан, күрте) үшін хлопкоэфирлі камуфляж (№1 және №2 үлгілер) таңдау тиімдірек. Себебі ол денеден шыққан терді жақсы сіңіреді және ауаның еркін айналымын қамтамасыз етеді, бұл ыстықтан қорғауға және жайлылықты сақтауға көмектеседі. Ал поливискозды камуфляж (№3 үлгі) беріктігі мен тозуға төзімділігі жоғары болғандықтан, астыңғы киім (шалбар) үшін пайдалануға болады [7].

Тоқыма материалдарының ластануға қарсы қасиеттері тәжірибелік тозу сенімді нәтиже беретініне қарамастан, ол қымбат және көп уақытты қажет етеді. Осыны ескере отырып, бұл эксперимент зертханалық (аспаптық) әдісті қолдану арқылы жүргізілді, бұл ластануға қарсы қабілетті тез бағалауға мүмкіндік берді [8].

Сулы суспензияға қатысты материалдардың кірден қорғайтын қасиеттерін анықтау үшін келесі құрамдағы саз-топырақ қоспасы (г) пайдаланылды: саз – 5; жер – 30; темір (II) оксиді – 1; күйе – 0,05; су – 1000 дейін. Алынған нәтижелер сұр стандарттардың бес балдық шкаласы арқылы бағаланды. №1,2 үлгі де, №3 үлгі де 2 ұпаймен бағаланды [9].

Кесте 2

Арнайы жасақ қызметкерлеріне арналған форманы дайындаудағы функционалдық-конструктивті шешімі

Талаптарға сәйкес келетін функционалдық-конструктивті элементтің атауы	Функционалдық және конструктивті элементтің суреті
1	2
Қорғау талаптары	
Бел бөлігіндегі қозғалмалы серпімді бауы бар күрте	
Алдыңғы бой түймемен түйменленген	

2-кестенің жалғасы

1	2
Жең аузындағы қозғалмалы велкро	
Аса қорғау талаптары	
Сыртқы ортаның түстік шешіміне байланысты камуфляж	
Эргономикалық талаптары	
Тізе бөлігіндегі велкромен қозғалатын берік тізеқап 	
Шынтақ бөлігіндегі шынтаққап 	
Ау бөлігіндегі еркіндетілген қосымша бөлік 	
Антропометриялық талаптары	
Сымның жан бөлігінде реттелетін эластикалық белдік	
Тізе бөлігінде және жанбастың төменгі бөлігінде реттелетін, қозғалатын велкромен	
Гигиеналық талаптары	
Артқы бойдың ортаңғы бөлігіндегі жасырын ауа өткізгіш	

2-кестенің жалғасы

1	2
Иық бөлігіндегі жасырын ауа өткізгіш	
Қолтық астының ауа өткізу мақсатындағы басқа материалдан жасалған бөлшегі	
Үстінгі бұйымның жан тігістеріндегі ауа өткізгіш сыдырмасы бар бөлігі	
Капюшонның торлы ауа өткізгіш бөлігі	
Кеуде қалталарындағы ауа өткізгіш астарлары	
Психофизиологиялық талаптары	
Қол деңгейінен төмен орналасқан қалта	
Эксплутациялық талаптары	
Ауыр жүкті тасу барысында киімнің тозуын болдырмайды иықта жасалған күшейтілген материал	
Шынтақ қозғалысынан болатын тозуды болдырмайтын шынтақтағы күшейтілген материал	
Ау бөлігінің қажалуынан болатын тозуды болдырмайтын күшейткіш материал	
Тізенің активті қозғалысынан болатын тозуды болдырмайтын тізеге жасалған күшейткіш материал	

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Ұсынылған зерттеулердің нәтижесінде, арнайы жасақ қызметкерлерінің далалық киім үлгісінің жаңа моделі дайындалды (1-суретте көрсетілген). Жаңа модельдің дизайны далалық аймақтардың қолайсыз климаттық жағдайларында (ыстық және құрғақ климат, жоғары күн радиациясы) қызмет етудің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған [10]. Арнайы жасақ қызметкерлерінің формасын

дайындау барысында физико-механикалық зерттеулер жүргізіліп, эксперимент нәтижесі дайындалды.

Арнайы жасақ қызметкерлерінің далалық киім үлгісін жасау кезінде маталарды таңдау кезінде келесі факторларды ескеру қажет:

Жоғарғы киім ретінде, ыстық климаттық жағдайларда жайлылықты қамтамасыз ету үшін хлопкоэфирлі камуфляж (№1 және №2 үлгілер) ұсынылады, себебі ол ауаны жақсы өткізеді.

Астыңғы киім ретінде, беріктігі мен тозуға төзімділігі жоғары поливискозды камуфляжды (№3 үлгі) пайдалану тиімдірек.

Барлық үлгілердің ластануға қарсы қасиеттері бірдей болғандықтан, бұл фактор мата таңдау кезінде шешуші рөл атқармайды.

Материалдарды таңдау кезінде ауа өткізгіштік, үзілу күші, үйкеліске төзімділік және кірден қорғау сияқты факторларға баса назар аударылды. Арнайы жасақ қызметкерлерінен алынған сауалнамалардың нәтижелері конструкторлық шешімдерді жетілдіруге және киім үлгісінің функционалдығын арттыруға мүмкіндік берді [11]. Жаңа модель арнайы жасақ қызметкерлерінің қауіпсіздігін және қызметтік міндеттерін тиімді орындауын қамтамасыз етеді (1-сурет).

Сурет 1. Ұсынылатын модель

Қорытынды. Зерттеуде Қазақстанның далалық аймақтарында қызмет атқаратын арнайы жасақ қызметкерлерінің жұмыс барысындағы қимыл-қозғалыстары мен қызмет атқаратын аймағының климаттық ерекшеліктеріне баса назар аударылды. Жүргізілген зерттеулерде материалдардың сапасымен қатар, далалық киім үлгісінің конструкторлық элементтеріне де ерекше көңіл бөлінді. Киімнің ыңғайлылығы, қимыл еркіндігі, қосымша қорғаныс элементтері және пайдаланушының қажеттіліктеріне сай келуі - басты назарда болды. Конструкторлық шешімдерді дайындау барысында арнайы жасақ қызметкерлерінің тікелей пікірлері ескеріліп, олардың практикалық тәжірибесі мен ұсыныстары қолданылды. Нәтижесінде, алынған мәліметтер киім үлгісінің эргономикалық қасиеттерін жақсартуға, функционалдығын арттыруға және қолайлылық деңгейін көтеруге мүмкіндік берді. Жаңа киім үлгісі жоғары сапалы, ыстыққа төзімді, дем алатын және берік материалдардан жасалған, бұл арнайы жасақ қызметкерлерінің қауіпсіздігін және тиімділігін қамтамасыз етеді. Осылайша, жаңа киім үлгісі Қазақстанның

арнайы жасақтарының жауынгерлік дайындығын арттыруға және елдің ұлттық қауіпсіздігін нығайтуға үлес қосады.

Әдебиеттер тізімі

1. Құтжанова, А.Ж. Тоқыма материалтану [Мәтін]: оқулық / А.Ж. Құтжанова. – Алматы: АТУ, 2012. – 281 б.
2. Кокина, Д.С. Совершенствование процесса и методов проектирования одежды сотрудников отряда специального назначения [Текст]: дис. … магистр техн. наук / Кокина Дарья Сергеевна. – Новосибирск: Новосибирский технологичкский институт, 2015. – 264 с.
3. Мухаметшина, Э.Т. Проблемы разработки изделий специального назначения с заданными свойствами [Текст] / Э.Т. Мухаметшина, С.Ш. Ташпулатов, И.В. Черунова // Молодой ученый. – 2019. – № 51 (289). – С. 247-249.
4. Специальные ткани, используемые при производстве камуфляжа и спецодежды [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.ursus.ru/articles/59398/. Дата обращения: 09.06.2024.
5. Расулова, М.К. Разработка технологии изготовления спецодежды с улучшенными эксплуатационными свойствами [Текст]: монография / М.К. Расулова, С.Ш. Ташпулатов, И.В. Черунова. – Курск: Издательство ЗАО «Университетская книга», 2020.
6. ГОСТ 12088-77 Материалы текстильные и изделия из них. Метод определения воздухопроницаемости [Текст]. – Введ. 01.01.79. – М.: Издательство стандартов, 1977. – 11 с.
7. Шершнева, Л.П. Конструктивное моделирование одежды в терминах,эскизах и чертежах [Текст]: учебное пособие для вузов / Л.П. Шершнева, Е.А. Дубоносова, С.Г. Сунаева. – М.: "ФОРУМ", ИНФРА-М, 2019.
8. Кокина, Д.С. Разработка математической модели для проектирования эргономичной одежды служащих отряда специального назначения [Текст] / Д.С. Кокина, О.Н. Харлова // Материалы II Всероссийской научно-практической конференции с международным участием: Наука и технологии в современном мире: традиции и инновации. – Новосибирск.: СНИ, 2015. – С. 141-143.
9. Саидова, Ш.А. Обзор современных методов проектирования эргономичной одежды [Текст] / Ш.А. Саидова, И.А. Петросова, Е.Г. Андреева // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – №4 (54).
10. Смирнова, Н.И. Проектирование конструкций швейных изделий для индивидуального потребителя [Текст] / Н.И. Смирнова, Н.М. Конопальцева. – М.: Форум, Инфра-М, 2016. – 432 с.
11. ГОСТ 31399-2009. Классификация типовых фигур мужчин по ростам, размерам и полнотным группам для проектирования одежды [Текст]. – Введ. 2010-07-01. – Москва: Стандартинформ, 2012. – 22 с.

Материал редакцияға 17.02.25 түсті, 13.03.25 қабылданды.

К.Е. Шакир[1], А.Ж. Талгатбекова[1], Е.Ж. Данадилова[1]

[1]Алматинский технологический университет, г. Алматы, Казахстан

АНАЛИЗ ПОЛЕВОЙ ФОРМЫ СОТРУДНИКОВ СПЕЦНАЗНАЧЕНИЯ

Аннотация. В статье рассматриваются результаты исследований, направленных на обеспечение безопасности полевой формы одежды сотрудников подразделений специального назначения. Целью научно-исследовательской работы является выявление оптимальных материалов для эксплуатации в неблагоприятных условиях окружающей среды и совершенствование функциональных и

